МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША
БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«ШОҒЫ МҰҚАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ
№5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА
№5 ИМЕНИ ШОҒЫ МҰҚАЛҰЛЫ»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО МУНАЙЛИНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ХАТТАМА

21.05.2026ж. № 02-11

Маңғыстау ауылы

ПРОТОКОЛ

село Мангыстау

Директор жанындағы кеңес отырысы

Төраға - Ж.С.Бөкен
Хатшы - А.А.Оразбаева
Қатысқандар: 57 мектеп әкімшілігінің мүшелері, педагогтер (тізімі қоса беріліп отыр)

Кеңес төрағасы мектеп директоры Ж.С.Бөкен күн тәртібіндегі мәселелерді таныстыра отырып, жауапты мамандарға тыңдауға кезек берді.

КҮН ТӘРТІБІ

1. Білім алушыларды жетістікке бағыттау іс-шараларындағы үйірме жұмысының, таңдау курстарының жүргізілу сапасы туралы.

Қосымша білім беру педагогы Б.Ә.Игіліктің баяндамасы

2. 4-сынып оқушыларының математика, қазақ тілі және қоршаған әлем пәндері бойынша білімдерінің сапасы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлхановаңың баяндамасы

3. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагуловаңың баяндамасы

4. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы туралы.

Әлеуметтік педагог М.А.Кулкараеваңың баяндамасы

5. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі туралы.

Кәсіби бағдар беру маманы К.У.Текисбаевтың баяндамасы

Scanned with CamScanner

6. Өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагуловаңың баяндамасы

7. Бастауыш сынып бойынша сабақтастық жұмыстарының жай-күйін бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлхановаңың баяндамасы

8. «БІЗ BEST ОҚУШЫ» 2-4, 5-8 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының жүргізілуі барысы туралы.

Директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Нурбаулованың баяндамасы

9. «PEAK znaniy» жобасының (ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті), «OZAT», «Uzdik» кураторлар жобаларының жүргізілуі туралы.

Педагог-ұйымдастырушы А.Ж.Сейтагзимованың баяндамасы

10. Ғылыми жобалардың халықаралық, республикалық олимпиада кезеңдерінің қорытындысы, мониторингі, алдағы міндеттері. Мектепішілік «Жеңімпаздар шеруі» жобасының қорытындысы туралы.

Педагог-ұйымдастырушы А.Ж.Сейтагзимованың баяндамасы

11. «Жас мұғалім - тәлімгер» жүйесіндегі жұмысын бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Ж.Муханова баяндамасы

12. Тәрбие сағаттарының тиімділігі, сыныптар бойынша онкүндіктер ұйымдастырылуын бақылау туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Бустанова баяндамасы

13. Оқушыларға кәсіптік таңдау жасауда психологиялық қолдау көрсету және ата-аналарға баланың мамандық таңдауына ықпал ете отырып, дұрыс шешім шығаруына бағыт-бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі туралы.

Кәсіби бағдар беру маманы К.У.Текисбаевтың баяндамасы

14. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құру туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Бустанова баяндамасы

1. ТЫҢДАЛДЫ:

1. Білім алушыларды жетістікке бағыттау іс-шараларындағы үйірме жұмысының, таңдау курстарының жүргізілу сапасы туралы.

Қосымша білім беру педагогы Б.Ә.Игілік - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2026 жылғы 4-12 мамыр аралығында білім алушыларды жетістікке бағыттау іс-шараларындағы үйірме жұмысының, таңдау курстарының жүргізілу сапасы зерделенді. Зерделеу мақсаты, «Шоғы Мұналұлы атындағы №5 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің 2025-2026 оқу жылындағы спорттық секциялар мен мәдени-

Scanned with CamScanner

эстетикалық үйірмелер жұмысының нәтижелілігін бағалау, оқушыларды қамту деңгейін анықтау, жетістіктер мен кемшіліктерді саралау және келесі оқу жылына арналған даму бағыттарын айқындау.

Зерделеу нәтижелері:

Мектепте қосымша білім беру жүйесі жүйелі түрде ұйымдастырылған.

2025-2026 оқу жылында:

- Спорттық секцияларға - 1551 оқушы;
- Мәдени және шығармашылық үйірмелерге - 339 оқушы қамтылған.

Бұл көрсеткіштер оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру және шығармашылық әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстардың тиімділігін көрсетеді.

Спорттық үйірмелер бойынша ең жоғары қамтылған бағыттар:

Үйірме атауы	Қатысушы саны
Шахмат	340
Футбол	288
Волейбол	196
Жеңіл атлетика	118
Баскетбол	93
Қол добы	90
Көркем гимнастика	87
Тоғызқұмалақ	71
Асық ату	66

Зерделеу барысында оқушылар арасында шахмат, футбол және волейбол секцияларына сұраныстың жоғары екендігі анықталды. Мәдени-эстетикалық бағыттағы үйірмелер ішінде сәндік-қолданбалы өнер, техникалық шығармашылық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттар басымдыққа ие.

Спорттық жетістіктер:

Мектеп оқушылары аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі жарыстарда жоғары нәтижелер көрсетті.

Республикалық деңгей:

- Бадминтон және қол добы бойынша U-15, U-17 жас ерекшеліктерінде III орындар;
- Республикалық деңгейде жалпы 16 жүлдегер дайындалған.

Облыстық деңгей

- Қол добы бойынша 5-11 сынып оқушылары арасында барлық жас санаттарында I орын;
- Волейболдан бірнеше жас санатында II орын;
- Тоғызқұмалақтан III орын.

Аудандық деңгей:

- «Жас жол инспекторы» байқауынан I орын;
- «Айбын-2026» әскери-патриоттық жарыстарында II және III орындар;
- Футболдан мектеп лигасының I орын жеңімпаздары.

Үздік оқушылар:

- Теміралиев Қадыркожа - республикалық деңгей, III орын;
- Әшірбай Сардар - республикалық деңгей, III орын;

Scanned with CamScanner

- Қайрат Нұрислам - республикалық деңгей, III орын;
- Асқанбаев Жұбаныш - облыстық деңгей, II орын;
- Бисен Арай - облыстық деңгей, I орын;
- Мұрат Маржан - облыстық деңгей, I орын;
- Даутов Дарын - аудандық деңгей, I орын.

Педагогтердің нәтижелі жұмысы:

Жоғары жетістіктерге қол жеткізуде келесі педагогтердің үлесі ерекше:

- Сүлейманов Нұрболат;
- Турбаев Майлыбай;
- Туляев Нұрболат;
- Қалдыбаев Бейбіт;
- Ерназарова Бибігүл;
- Бабаджанова Маншук Зульпухаровна;
- Қарасартов Жұмахан Кенжебаевич.

Олардың тәрбиеленушілері облыстық және республикалық жарыстарда мектеп намысын абыроймен қорғады.

Анықталған кемшіліктер:

Зерделеу нәтижесінде төмендегідей мәселелер анықталды:

1. Спорттық үйірмелерге қатысу көрсеткіші жоғары болғанымен, барлық спорт түрлері бойынша нәтижелілік бірдей деңгейде емес.
2. Шахмат және футбол секцияларында қатысушылар саны өте көп болғанымен, республикалық деңгейдегі жүлделер саны жеткіліксіз.
3. Мәдени-эстетикалық үйірмелерге қамтылған оқушылар саны спорттық бағытпен салыстырғанда айтарлықтай төмен.
4. Халықаралық деңгейдегі жарыстар мен байқауларға қатысу көрсеткіші төмен.

Зерделеу қорытындысы бойынша мектептің қосымша білім беру жүйесі тиімді ұйымдастырылған деп бағаланады.

1551 оқушының спорттық секцияларға, 339 оқушының мәдени үйірмелерге қамтылуы мектептің тәрбие жұмысының жоғары деңгейде жүргізілетінін көрсетеді. Облыстық және республикалық деңгейдегі жетістіктер мектептің өңірлік білім беру кеңістігіндегі беделін арттырып отыр. Қол добы, бадминтон, волейбол және көркем гимнастика бағыттары мектептің жетекші брендіне айналған.

Жалпы бағалау:

Спорттық және мәдени үйірмелер жұмысының тиімділігі - жоғары деңгейде.

Үйірмелердің жылдық жоспары негізінен орындалған. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізілген.

Ұсыныстар:

1. Сүлейманов Нұрболат пен Турбаев Майлыбайдың озық тәжірибелерін тарату.
2. Робототехника, медиа студия, IT-жобалау, дебат клубы сияқты жаңа үйірмелер ашу арқылы мәдени-техникалық бағыттарды кеңейту.
3. Шахмат, футбол және волейбол секцияларында облыстық және республикалық нәтижелерді арттыруға бағытталған арнайы дайындық бағдарламаларын әзірлеу.
4. Халықаралық жарыстарға қатысу мүмкіндігін қарастыру

1. ШЕШІМ ЕТТІ:

Scanned with CamScanner

1. Оқушыларды жетістікке бағыттаудағы үйірме жұмыстары мен таңдау курстарының жүргізілу сапасы қанағаттанарлық деп танылып, келесі оқу жылында қолданбалы курстардың практикалық бағытын одан әрі күшейту міндеттелсін.

2. ТЫҢДАЛДЫ:

2. 4-сынып оқушыларының математика, қазақ тілі және қоршаған әлем пәндері бойынша білімдерінің сапасы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2026 жылғы 5-15 мамыр аралығында 4-сынып оқушыларының математика, қазақ тілі және қоршаған әлем пәндері бойынша білімдерінің сапасы зерделенді.
Мектепішілік бақылау жоспары негізінде 4-сынып оқушыларынан негізгі оқу пәндерінен бақылау, диктант, мазмұндама және тест жұмыстары алынды.
Мақсаты: 4-сынып оқушыларының негізгі оқу пәндері бойынша білім, білік және дағдыларының меңгерілу деңгейін анықтау, оқу жетістіктерін саралау, білім сапасы мен үлгерім көрсеткіштерін бағалау, білімдегі олқылықтарды айқындау және оқу процесін жетілдіру;
Барлығы 4-сыныптарда - 190 оқушы бар.
2026 жылғы 5 мамырда математика пәнінен бақылау жұмысы алынды.

№	Сынып	о/с	к/о	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекші
1	4А	24	24	6	8	7	3	58,3	87,5	Турганбаева Б
2	4Ә	24	24	5	7	9	3	50	87,5	Исмадыллаева А
3	4Б	24	23	4	8	8	3	52,2	86,9	Эмирова А
4	4В	25	25	6	7	9	3	52	88	Конирбаева Б
5	4Г	23	22	4	6	7	5	45,4	77,3	Картабай М
6	4Ғ	25	25	3	10	8	4	52	84	Зинуллаева Қ
7	4Д	21	21	4	9	6	2	62	90,4	Көлбаева С
8	4Е	24	24	6	6	7	5	50	79,2	Қартбаева С
Жалпы		**190**	**188**	**38**	**61**	**61**	**28**	**52,7**	**85,1**	

Математика пәнінен 188 оқушы қатысып, нәтижесінде жалпы білім сапасы 52,7% үлгерім көрсеткіші 85,1% болды. Бұл пән бойынша білім сапасы наурыз айымен салыстырғанда 3,3%-ға төмендегенімен, үлгерім 3,7%-ға артқан. Оқушылардың есеп шығару барысында көптаңбалы сандармен амалдар орындау, мәтінді есептерді талдау дағдыларында қиындықтар байқалды. Кейбір оқушылар амалдардың орындалу ретін сақтамау, есеп шартын толық түсінбеу сияқты қателіктер жіберген. 2026 жылғы 12 мамырда әдебиеттік оқу пәні бойынша мазмұндама жұмысы алынды.

Scanned with CamScanner

Сынып	о/с	к/о	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
4"А"	24	24	7	8	7	2	62,5	91,6	Турганбаева Б
4"Ә"	24	24	3	9	9	3	50	87,5	Исмадыллаева А
4"Б"	24	24	3	9	8	4	50	83,3	Эмирова А
4"В"	25	25	5	10	8	2	60	92	Конирбаева Б
4"Г"	23	23	4	8	8	3	52,1	86,9	Картабай М
4"Ғ"	25	25	4	8	9	4	48	84	Зинуллаева К
4"Д"	21	21	4	6	8	3	47,6	85,7	Колбаева С
4"Е"	24	24	5	7	10	2	50	91,6	Картбаева С
	190	**190**	**35**	**65**	**67**	**23**	**52,5**	**87,8**	

Мазмұндама жұмысына 4-сыныптар бойынша барлығы 190 оқушы толық қатысты. Нәтижесінде жалпы білім сапасы 52,5%-ды, ал үлгерім көрсеткіші 87,8%-ды құрады. Наурыз айымен салыстырғанда -6,7% төмендеген. Бұл көрсеткіш оқушылардың мәтінді қабылдау, түсіну және мазмұндау дағдыларының орта деңгейде қалыптасқанын көрсетті. Кейбір оқушылар мәтіннің мазмұнын толық аша алмаған, сөздік қорының жеткіліксіздігі мен сауатты жазу дағдыларының әлсіздігі байқалды. Мәтінді бөлімдерге бөлу, жоспар бойынша мазмұндау және негізгі ойды жүйелеуде қиындықтар бар екені анықталды. Сонымен қатар, жақсы нәтиже көрсеткен оқушылардың мәтінді терең түсініп, өз ойын жүйелі жеткізе алатыны, сауатты жазу дағдыларының қалыптасқаны байқалды.

2026 жылғы 13 мамырда қазақ тілі пәнінен диктант жұмысы алынды.

№	Сынып	о/с	к/о	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	24	5	10	7	2	62,5	88	Турганбаева Б
2	4 Ә	24	24	5	8	8	3	54,2	87,5	Исмадыллаева А
3	4 Б	24	24	4	10	7	3	58,3	87,5	Эмирова А
4	4 В	25	24	6	8	8	2	58,3	87,5	Конирбаева Б
5	4 Г	23	21	5	6	6	4	52,4	80,9	Картабай М
6	4 Ғ	25	24	4	10	8	2	56	88	Зинуллаева К
7	4 Д	21	21	8	6	6	1	66,6	95,2	Колбаева С
8	4 Е	24	24	6	7	8	3	54,2	87,5	Картбаева С
		190	**186**	**43**	**65**	**58**	**20**	**57,8**	**87,7**	

Қазақ тілі пәнінен алынған диктант жұмысына 186 оқушы қатысып, жалпы білім сапасы 57,8%, үлгерім көрсеткіші 87,7% болды. Бұл көрсеткіш наурыз айымен салыстырғанда сапа бойынша +1,8% үлгерім бойынша +6,3% өсім көрсеткен. Оқушылардың жазба жұмыстарында орфографиялық және пунктуациялық қателер кездескен. Әсіресе, тасымал, тыныс белгілерін дұрыс қою, күрделі сөздердің жазылуы бойынша қиындықтар байқалды.

Қоршаған әлем пәндері бойынша талдау

Scanned with CamScanner

2026 жылғы 14 мамырда жаратылыстану пәнінен тест жұмысы алынды.

№	Сынып	о/с	к/о	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	24	7	10	6	1	70,8	95,8	Турганбаева Б
2	4 Ә	24	24	5	8	10	1	54,2	95,8	Исмадыллаева А
3	4 Б	24	24	4	9	9	2	54,2	91,6	Эмирова А
4	4 В	25	24	7	7	8	2	58,3	91,6	Конирбаева Б
5	4 Г	23	21	3	9	6	3	57,1	85,7	Картабай М
6	4 Ғ	25	24	6	7	9	2	54,2	91,6	Зинуллаева К
7	4 Д	21	21	6	8	5	2	66,6	90,5	Колбаева С
8	4 Е	24	24	8	5	10	1	54,2	95,8	Картбаева С
		190	**186**	**46**	**63**	**63**	**14**	**58,7**	**92,3**	

Жаратылыстану пәнінен тест жұмысына 186 оқушы қатысып, білім сапасы 58,7%, үлгерім көрсеткіші 92,3% болды. Наурыз айымен салыстырғанда сапа көрсеткіші +7,7%-ға, үлгерім +6,1%-ға жоғарылаған. Бұл пән бойынша оқушылар табиғат құбылыстары, тірі ағзалар, тәжірибе нәтижелерін талдау және қорытынды жасау бағыттарында жақсы нәтиже көрсетті. Дегенмен кейбір оқушылар ғылыми терминдерді ажыратуда және себеп-салдарлық байланысты анықтауда қателіктер жіберген.

2026 жылғы 15 мамырда дүниетану пәнінен тест жұмысы алынды.

№	Сынып	о/с	к/о	«5»	«4»	«3»	«2»	Сапа	Үлгерім	Сынып жетекшілері
1	4 А	24	24	8	10	6	0	75	100	Турганбаева Б
2	4 Ә	24	23	5	13	3	2	78,2	91,3	Исмадыллаева А
3	4 Б	24	22	6	8	6	2	63,6	90,9	Эмирова А
4	4 В	25	23	6	13	4	0	82,2	100	Конирбаева Б
5	4 Г	23	22	9	8	4	1	77,2	95,4	Картабай М
6	4 Ғ	25	24	7	6	9	2	54,1	91,6	Зинуллаева К
7	4 Д	21	20	4	8	6	2	60	90	Колбаева С
8	4 Е	24	22	6	8	7	1	63,6	95,4	Картбаева С
		190	**180**	**51**	**74**	**45**	**10**	**69,2**	**94,3**	

Дүниетану пәні бойынша нәтиже ең жоғары көрсеткіштердің бірі болды. Жалпы білім сапасы - 69,2%, үлгерім - 94,3%. Наурыз айымен салыстырғанда сапа +18,2%-ға артқан. 4«В» және 4«А» сыныптары жоғары нәтиже көрсетті. Оқушылардың тарихи-танымдық мәліметтерді меңгеруі, қоршаған орта туралы түсініктері мен функционалдық сауаттылығы жақсы қалыптасқаны байқалды. Кейбір оқушыларда мәтінмен жұмыс жасау және ақпаратты талдау барысында қиындықтар кездесті. Жалпы барлық пәндер бойынша алынған жұмыстардың нәтижесі мен 4-сыныптардың сапа мен үлгерім көрсеткіші.

Scanned with CamScanner

Р/с	Пәндер	Наурыз айы		Мамыр айы		Динамика	
		сапа	үлгерім	сапа	үлгерім		
1	Математика	56	81,4	52,7	85,1	-3,3	+3,7
2	Әдебиеттік оқу	59,2	93	52,5	87,8	-6,7	-5,2
3	Қазақ тілі	56	81,4	57,8	87,7	+1,8	+6,3
4	Жаратылыстану	51	88,2	58,7	92,3	+7,7	+6,1
5	Дүниетану	51	90	69,2	94,3	+18,2	+4,3
		55%	**87%**	**58,2**	**89,4**	**+3,2**	**+2,4**

Жүргізілген бақылау жұмыстарының қорытындысы бойынша 4-сынып оқушыларының негізгі пәндер бойынша білім деңгейі жақсы деп бағаланады. Жалпы білім сапасында оң динамика байқалады. Әсіресе жаратылыстану мен дүниетану пәндері бойынша өсім жоғары болды. Қазақ тілі пәнінен де тұрақты даму бар. Математика мен әдебиеттік оқу пәнінде білім сапасының төмендеуі байқалғанымен, үлгерімнің артуы оқушылардың негізгі оқу материалын меңгергенін көрсетеді.

Оқушылардың біліміндегі негізгі олқылықтар: мәтінді есептерді талдау, логикалық ойлау тапсырмалары, сауатты жазу, ғылыми терминдерді қолдану, өз ойын дәлелдеп жеткізу дағдылары бойынша байқалды.

2026-2027 оқу жылына ұсыныстар:

1. Математика пәні бойынша мәтінді есептерді шығару, логикалық тапсырмалар және функционалдық сауаттылық бағытындағы жұмыстарды күшейту.
2. Оқу сауаттылығын дамыту үшін барлық пәндерде мәтінмен жұмыс жасау әдістерін тиімді қолдану.
3. Жаратылыстану және дүниетану пәндерінде тәжірибелік, зерттеушілік жұмыстарды көбейту.
4. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында PISA, TIMSS форматындағы тапсырмаларды жүйелі қолдану.
5. Мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын ұйымдастырып, тиімді әдіс-тәсілдерді сабақ барысында кеңінен қолдану.
6. Ата-аналармен бірлескен жұмыстарды жандандырып, үй тапсырмаларын бақылау мәдениетін қалыптастыру.

2. ШЕШІМ ЕТТІ:

2. 4-сынып оқушыларының математика, қазақ тілі және қоршаған әлем пәндері бойынша білім сапасына жасалған мониторинг негізінде, анықталған тақырыптық олқылықтарды жою мақсатында бастауыш сынып мұғалімдеріне сабақ үстінде деңгейлік тапсырмаларды жиілету жүктелсін.

3. ТЫҢДАЛДЫ:

3. Білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы және ұйымдастырылуы туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Scanned with CamScanner

2026 жылғы 14-21 мамыр аралығында білімдегі олқылықтардың орнын толтыру мен үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылуы зерделеу нәтижелері. Зерделеу нысаны: 4-тоқсан және жылдық қорытынды бойынша білім сапасы 50%-дан төмен, «тәуекел тобындағы» сыныптар (5 «Д», 6 «Г», 7 «Е», 8 «Д», 8 «Е», 9 «В»). Мақсаты: Сыныптар мен пәндер бөлінісіндегі білім олқылықтарын анықтау, тоқсандық және жылдық серпінді (динамиканы) салыстыра отырып, педагогикалық кедергілерді жою жолдарын айқындау.

Мониторингтік көрсеткіштер кестесі (Динамикалық талдау)

Сынып	Оқушы саны	4-тоқсан білім сапасы	Жылдық білім сапасы	Сапа серпіні (Динамика)	Тұрақты қанағаттанарлық оқушы саны
5 «Д»	25	36,00%	36,00%	(Тұрақты)	16 оқушы
6 «Г»	23	39,13%	39,13%	(Тұрақты)	14 оқушы
7 «Е»	18	38,89%	50,00%	+11,11% (Өсім)	9 оқушы
8 «Д»	25	36,00%	36,00%	(Тұрақты)	16 оқушы
8 «Е»	20	40,00%	40,00%	(Тұрақты)	12 оқушы
9 «В»	23	30,43%	47,83%	+17,40% (Өсім)	12 оқушы

Зерделеу барысында анықталған оң тенденциялар мен ілгерілеушілік (артықшылықтар) мониторинг қорытындысы бойынша кейбір «тәуекел тобындағы» сыныптарда жылдық қорытынды кезеңінде айтарлықтай оң серпін тіркелді:

- **Инклюзивті және мақсатты қолдаудың нәтижесі (9 «В» сыныбы):**

4-тоқсанның қорытындысы бойынша мектептегі ең төменгі көрсеткішті (30,43%) көрсеткен бұл сынып, жылдық есепте білім сапасын 47,83%-ға дейін көтерген. Сапалық өсім +17,40%-ды құрады. Мұнда екпінді оқушылар санының 6-дан 10-ға дейін артуы, пән мұғалімдерінің сабақтан тыс уақыттағы коррекциялық (түзету) жұмыстарының жүйелі өткенін дәлелдейді.

- **Тұрақты даму деңгейі (7 «Е» сыныбы):**

Сыныптағы 18 оқушының сапалық көрсеткіші 4-тоқсанда 38,89% болса, жылдық бағалауда бұл меже қанағаттанарлық деңгейге, яғни 50,00%-ға жеткен (Өсім: +11,11%). Тұрақты «үштік» бағада қалып қойған оқушылар саны 11-ден 9-ға азайған.

Анықталған кемшіліктер мен педагогикалық кедергілер (тоқырау аймағы)

Талдау барысында бірнеше сыныпта білім сапасының өсуін тежеп тұрған (тоқырау) құбылысы анықталды:

- Білім сапасының қозғалыссыз күйде қалуы (5 «Д», 6 «Г», 8 «Д» сыныптары): Аталған сыныптарда тоқсандық нәтиже мен жылдық нәтиже бірде-бір пайызға өзгермеген.
- 5 «Д» және 8 «Д» сыныптары тұрақты түрде 36,00% сапа деңгейінде қалып қойған:

Сыныптардағы 25 оқушының 16-сы (басым көпшілігі) тек «қанағаттанарлық» бағамен жылды аяқтаған.

- 6 «Г» сыныбы:

Жылды 39,13% білім сапасымен, 14 оқушының «3» деген бағасымен тұрақталған.

Педагогикалық диагностиканың әлсіздігі: Бұл сыныптарда мұғалімдер тарапынан «үштік» бағада жүрген оқушылардың ішкі әлеуетін ашуға, оларды

Scanned with CamScanner

«төрттік» деңгейіне тартуға бағытталған сараланған (дифференциацияланған) тапсырмалардың жеткіліксіздігі сезіледі. 16 оқушының тұрақты төмен деңгейде қалуы - сабақтың бекіту кезеңінде тек орташа деңгейлі оқушыларға басымдық берілгенін айқындайды.

Басқарушылық және педагогикалық ұсыныстар:

Пән мұғалімдеріне:

1. Тұрақты «3»-ке оқитын оқушылармен (әр сыныптағы 12-16 бала) жұмыста «көмекші дескрипторлар» мен жеңілдетілген тапсырмалар блогын (А деңгейі) сабақ жоспарына міндетті түрде енгізу.

Сынып жетекшілеріне:

1. Тұрақты төмен сапа көрсеткен 5 «Д» (25 оқушы, сапа 36%) және 8 «Д» (25 оқушы, сапа 36%) сынып жетекшілері ата-аналармен бірлесе отырып, оқушылардың бос уақыты мен үйдегі дайындық деңгейіне бақылау мониторингін ұйымдастыруы тиіс.

Әдістемелік бірлестік жетекшілеріне:

1. 7 «Е» және 9 «В» сыныптарында оң динамика тудырған пән мұғалімдерінің іс-тәжірибесін зерделеп, оны тоқырауда тұрған 5 «Д» және 6 «Г» сыныбының мұғалімдеріне әдістемелік нұсқау ретінде ұсыну.

Жүргізілген мониторинг мектеп бойынша білім сапасын арттырудағы іс-шаралардың жартылай жүзеге асқанын көрсетеді. 7 «Е» және 9 «В» сыныптары «қызыл аймақтан» шығып, оң серпін деңгейіне көтерілді. Алайда, 5 «Д», 6 «Г» және 8 «Д» сыныптарындағы көрсеткіштердің жылдық қорытындыда еш өзгеріссіз қалуы - келесі оқу жылының алғашқы тоқсанында бұл сыныптарға қайталама және тереңдетілген мектепішілік бақылау жүргізу қажеттілігін туындатады. 3-4 тоқсандар мен жылдық қорытынды көрсеткіштер бойынша білім сапасы төмен сыныптардың үлгерімі мен білім сапасын зерделеу нәтижелері туралы кеңейтілген талдау. Мақсаты: Оқу жылының екінші жартыжылдығындағы (3-4 тоқсандар) білім сапасының серпінін жылдық қорытындымен салыстыра отырып, (тоқырауға) немесе регресске (төмендеуге) ұшыраған сыныптардың жүйелі проблемаларын анықтау және келесі оқу жылына арналған даму стратегиясын әзірлеу.

Мониторингтік көрсеткіштердің салыстырмалы талдау кестесі

Сынып	Оқушы саны	3-тоқсан білім сапасы	4-тоқсан білім сапасы	Жылдық білім сапасы	Оқу жылының екінші жартысындағы серпін (3-тен 4-ке)	Жылдық қорытындының жалпы тенденциясы	Тұрақты «3»-тік деңгейдегі оқушы саны	Көрсеткіш деңгейі
5 «Д»	25	36,00%	36,00%	36,00%	0,00% (Қозғалыссыз)	Тұрақты тоқырау	16 оқушы	Қызыл аймақ

Scanned with CamScanner

9 «В»	8 «Е»	8 «Д»	7 «Е»	6 «Г»
23	20	25	18	23
26,09%	35,00%	40,00%	33,33%	43,48%
30,43%	40,00%	36,00%	38,89%	39,13%
47,83%	40,00%	36,00%	50,00%	39,13%
+4,34% (Өсім)	+5,00% (Өсім)	-4,00% (Құлдырау)	+5,56% (Өсім)	-4,35% (Құлдырау)
Қарқынды стратегиялық серпін	Минималды компенсациялық өсім	Сапаның төмендеп қатып қалуы	Тұрақты динамикалық өсім	Регрессивті тұрақталу
12 оқушы	12 оқушы	16 оқушы	9 оқушы	14 оқушы
Оң үрдіс (Сәтті)	Сарғылт аймақ	Қызыл аймақ	Жасыл аймаққа көшу	Қызыл аймақ

3-4 тоқсандар мен жылдық қорытындыны салыстырмалы саралау:

Үш өлшемді мониторинг нәтижесі көрсеткендей, сыныптардың ішкі даму бағыттары бойынша мектепте 3 негізгі педагогикалық модель қалыптасқан:

Қарқынды даму және стратегиялық серпін моделі (9 «В», 7 «Е» сыныптары):

9 «В» сыныбы 3-тоқсанда мектеп бойынша ең төменгі критикалық нүктеде (26,09%) тұрған. 4-тоқсанда біртіндеп көтерілу үрдісі байқалып (30,43%), жылдық қорытындыда сапа бірден 47,83%-ға жеткен. Бұл - тоқсан ішіндегі қысқа мерзімді бағалау емес, жыл бойы жинақталған білім олқылықтарының соңғы кезеңде (емтихан алды дайындық барысында) жүйелі жойылғанын, сынып оқушыларының уәжділігінің (мотивациясының) артқанын көрсетеді. 7 «Е» сыныбы 3-тоқсандағы 33,33% көрсеткіштен жылдық қорытындыда тұрақты түрде 50,00%-ға көтеріліп, «тәуекел тобынан» толықтай шықты.

Созылмалы тоқырау (5 «Д» сыныбы):

- Бұл сыныпта білім сапасы 3-тоқсанда да, 4-тоқсанда да, жылдық қорытындыда да ешқандай қозғалыссыз 36,00% деңгейінде қатып қалған. Бұл - сыныптағы 16 оқушының (басым көпшілігінің) білім алудағы қиындықтары созылмалы сипатқа ие болғанын және оқу жылының екінші жартысында қолданылған педагогикалық әдіс-тәсілдердің ешқандай нәтиже бермегенін айқындайтын қауіпті белгі.

Сапаның құлдырауы және төмен позицияда бекіну моделі (6 «Г», 8 «Д» сыныптары):

Scanned with CamScanner

• 6 «Г» сыныбы оқу жылының басында жақсы әлеует көрсеткенімен, 3-тоқсаннан 4-тоқсанға қарай сапалық көрсеткішін 43,48%-дан 39,13%-ға дейін төмендетіп алып, жылды осы бірқалыпты деңгейде аяқтаған.

• 8 «Д» сыныбында да дәл осындай үрдіс қайталанған: 3-тоқсандағы 40,00% сапа 4-тоқсанда 36,00%-ға құлдырап, жылдық баға да осы деңгейде қалып қойған. Бұл - бағдарламаның күрделенуіне байланысты (әсіресе 6, 8-сыныптарда жаратылыстану мен математика бағыттарында) оқушылардың жаңа материалды қабылдау деңгейі төмендегенін көрсетеді.

Келесі оқу жылына арналған стратегиялық басқарушылық ұсыныстар:

1. «Стартық диагностика және деңгейлік скрининг» (Қыркүйек айы): Жаңа оқу жылының алғашқы екі аптасында 6 «Д» (бұрынғы 5 «Д»), 7 «Г» (бұрынғы 6 «Г») және 9 «Д» (бұрынғы 8 «Д») сыныптарында өткен жылдың олқылықтарын анықтау мақсатында міндетті түрде кешенді психологиялық-педагогикалық және академиялық кескін (срезіне) аса мән беру.

2. Жеке даму траекториясы: Тұрақты «3»-тік бағада қалған 46 оқушының тізімін бекітіп, олардың әрқайсысына пән мұғалімдері тарапынан «Жеке даму картасын» әзірлетуді міндеттеу.

Пән мұғалімдеріне:

1. «Сабақтағы 10 минуттық коррекция» ережесі: Төмен сапа көрсеткен 6 «Г» және 8 «Д» сыныбына сабақ беретін пән мұғалімдеріне әр сабақтың алғашқы немесе соңғы 10 минутында өткен тоқсандардың күрделі концепцияларын қайталауға негізделген «микро-сабақтар» жүйесін енгізу.

2. Бағалаудың «ілгерілеу» принципі: Әлсіз оқушылар тек стандартты дескриптормен шектелмей, өз деңгейінен бір қадам ілгерілегені үшін (мысалы, формулаға сан қоя алуы, терминді дұрыс қолдануы) марапатталып, ынталандырылып отыруы тиіс.

Сынып жетекшілеріне:

1. «Ата-ана - мектеп» серіктестік. Сапасы созылмалы төмен 5 «Д» және 8 «Д» сыныптарының ата-аналарымен қыркүйек айында арнайы кездесу өткізіп, баланың үйдегі цифрлық детокс (телефон қолдану уақытын шектеу) және үй тапсырмасын орындау режимін бірлесе қадағалау туралы өзара міндеттемелерді бекіту.

3-4 тоқсандар мен жылдық қорытынды көрсеткіштерді салыстыра зерделеу нәтижесі бойынша қысқаша әрі қарапайым түйін:

Оқу жылының екінші жартысында ұйымдастырылған жүйелі жұмыстардың арқасында 9 «В» (білім сапасы 26,09%-дан 47,83%-ға дейін өсті) және 7 «Е» (33,33%-дан 50,00%-ға дейін өсті) сыныптары жақсы нәтиже көрсетіп, төмен үлгерім аймағынан шықты. Алайда, 5 «Д» сыныбында білім сапасы жыл бойы ешқандай өзгеріссіз 36,00% деңгейінде қалып қойды. Ал 6 «Г» (43,48%-дан 39,13%-ға) және 8 «Д» (40,00%-дан 36,00%-ға) сыныптарында көрсеткіштер төмендеп кетті. Бұған бағдарламаның күрделенуі және сабақта деңгейлік тапсырмалардың аздығы себеп болған. Келесі оқу жылында білім сапасын көтеру үшін мынадай шаралар ұсынылады: көрсеткіші төмен сыныптарды (6 «Д», 7 «Г», 9 «Д») «Мектепішілік бақылауға» алу, қыркүйек айында білім олқылықтарын анықтау үшін тексеру жүргізу және тұрақтап қалған 46 оқушыға арнап «Жеке даму карталарын» әзірлеу. Сондай-ақ, сабақ жоспарларына өткенді қайталауға арналған 10 минуттық уақыт

Scanned with CamScanner

бөлу және үйде баланың телефон қолдану режимін қадағалау үшін ата-аналармен байланысты күшейту басты міндет ретінде бекітіледі.

Оқу жылының екінші жартысы мен жылдық қорытындыны кешенді салыстыру мектептегі білім сапасын басқару жүйесіндегі дисбаланстыны көрсетті. 9 «В» және 7 «Е» сыныптарымен жүргізілген дағдарысқа қарсы жұмыстар толықтай ақталып, жоғары нәтиже берсе, 5 «Д», 6 «Г» және 8 «Д» сыныптарындағы жағдай жүйелі әдістемелік өзгерістерді талап етеді. Бұл сыныптар келесі оқу жылының бірінші жартыжылдығында «Мектепішілік қатаң бақылау» режиміне ауыстырылып, олардың білім сапасы ай сайынғы әдістемелік кеңестің күн тәртібінде қаралуы тиіс.

3. ШЕШІМ ЕТТІ:

3. Үлгерімі нашар оқушылармен жұмыс жоспарының жүзеге асырылу барысы бекітіліп, пән мұғалімдеріне білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бағытындағы түзету сабақтарының тиімділігін қатаң бақылауда ұстау тапсырылсын.

4. ТЫҢДАЛДЫ:

4. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы туралы.

Әлеуметтік педагог М.А.Кулкараева - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2026 жылғы 15-21 мамыр аралығында мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы зерделенді. Мақсаты: Оқушылардың сапалы әрі теңгерімді ыстық тамақпен қамтылуын, асхананың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігін және бекітілген мәзірдің орындалуын бақылау.

Анықтамалық кезеңде (15-21 мамыр аралығында) мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастыру жұмыстары бекітілген кестеге және «Аз қамтылған отбасы балаларына тегін тамақтандыруды ұйымдастыру» қағидаларына сәйкес жүргізілді. Мектеп әкімшілігі, бракераж комиссиясы және медбике тарапынан күнделікті бақылау орнатылған. Тағамдардың сапасы мен дайындалу технологиясы жалпы талаптарға жауап береді.

Есепті мерзімде мектеп бойынша тамақтануды ұйымдастырудың көрсеткіштері төмендегідей:

Тегін ыстық тамақпен қамтылғандар: 1-4 сынып оқушылары толықтай 729 оқушы (100%) және аз қамтылған, көпбалалы отбасылардан шыққан 41 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Мәзірдің сақталуы: Тамақтандыру ҚР Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған 4 апталық перспективалы мәзір негізінде жүргізілді. Апта ішінде оқушыларға ет, жарма, көкөніс өнімдері мен сүт өнімдері (айран, ірімшік) толық көлемде берілді.

Санитарлық жағдай: Асхананың тазалығы, ыдыс-аяқтардың жуылуы мен зарарсыздандырылуы санитарлық ережелер мен нормаларға (СанПиН) сай. Қызметкерлердің арнайы киімдері мен медициналық кітапшалары түгел.

Құжаттама: Бракераж журналы күнделікті толтырылған. Күнделікті тағамдардың 24 сағаттық сынамалары (проба) тоңазытқышта сақтаулы.

Апталық тексеріс барысында келесідей шағын кемшіліктер анықталды:

Кезекшілік пен тәртіп: Кейбір үзілістерде (әсіресе 2-ші және 3-ші үзіліс) жоғары сынып оқушыларының асхана ішінде ретсіз жүруі байқалды.

Scanned with CamScanner

Гигиеналық ережелерді сақтау: Кейбір бастауыш сынып оқушыларының тамақтанар алдында қолдарын сабынмен мұқият жуу ережесін асығыс орындайтыны байқалды.

1-4 сыныптарда және 5-11 сыныптар арасында әлеуметтік осал топты отбасыларынан шыққан оқушыларға тегін тамақтандыруды тегін тамақтануды ұйымдастыру мектеп асханасындағы санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақталған. Мектеп асханасы осы талаптарға сәйкес жұмыс істеп, оқушылардың денсаулығын қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды. Бұл балалардың сапалы білім алуына және денсаулықтарын жақсартуға ықпал етеді. Ас мәзірімен асхананың санитарлық талаптарға сәйкестігі, асхана қызметкерлерінің қызмет көрсету барысы мен сапасы, шикізаттың жеткілікті қолданылуы, дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журналдың уақытында толтырылуы, бекітілген мәзір бойынша дайын ас көлемінің сәйкестігі қаралды. Оқушыларға ас мәзірі бойынша күнделікті тамақ берілді, оқушылар уақытында келіп тамақтанды, тегін ыстық тамақ тиісті мөлшермен берілді. Дайын астың сапасын бақылайтын бракераждық журнал мектеп медбикесі тарапынан күнделікті астың сынаманы алып тексеріп, уақытында толтырылып отыр.

Асханада берілген тамақ талапқа сай, тегін ыстық тамақ ас мәзірі бойынша беріліп отыр.

Ұсыныстар мен тапсырмалар

Анықталған кемшіліктерді жою және тамақтану сапасын одан әрі жақсарту мақсатында келесі шаралар ұсынылады:

- Сынып жетекшілерге: Өз сыныптарымен бірге асханаға келуді, тамақтану мәдениетін (қол жуу, үстел басында өзін ұстау) қатаң қадағалау жүргізу;
- Мектеп медбикесіне: Оқушылар арасында «Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі» тақырыбында бес минуттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- Кезекші мұғалімдерге: Асхана ішіндегі оқушылардың қозғалысы мен тәртібін реттеу күшейту мен қадағалау.

4. ШЕШІМ ЕТТІ:

4. Мектеп асханасында тамақтануды ұйымдастырудың жағдайы мен санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталу деңгейіне жүргізілген тексеру қорытындысы бойынша мектептің бракераждық комиссиясына күнделікті бақылау жұмыстарын үздіксіз жалғастыру міндеттелсін.

5. ТЫҢДАЛДЫ:

5. ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйі туралы.

Кәсіби бағдар беру маманы К.У.Текисбаев - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының Білім беру стандартына сәйкес, мектеп бітіруші түлектерді қорытынды аттестаттау және Ұлттық бірыңғай тестілеуге (ҰБТ) дайындау оқу-тәрбие үдерісінің ең жауапты кезеңдерінің бірі. Осы мақсатта, ағымдағы жылдың 15-22 мамыр аралығында мектептегі ҰБТ-ға дайындық жұмыстарының жай-күйіне, оқушылардың білім динамикасына және қаңтар-сәуір айларындағы кезеңдік сынақтардың қорытындыларына кешенді сараптамалық зерделеу жұмыстары жүргізілді. Зерделеудің басты мақсаты - қаңтар және наурыз

Scanned with CamScanner

ҰБТ-ларының нәтижелерін саралау, жіберілген олқылықтармен жұмыс істеу деңгейін анықтау, психологиялық-педагогикалық қолдау шараларының тиімділігін бағалау және негізгі ҰБТ-ға қатысатын оқушылардың соңғы дайындық базасын нақтылау болып табылады.

Ұйымдастырушылық-педагогикалық шаралар және басқару жүйесі

Тіркеу және кезеңдік талдау жұмыстары

2026 жылдың қаңтар айынан бастап ақпан айының аралығында мектеп бітіруші түлектер алғашқы ақылы қаңтар ҰБТ сынағын тапсырды. Ұйымдастыру жұмыстарының жоғары деңгейде жүргізілуі нәтижесінде мектептегі оқушылар түгелдей дерлік базаға тіркеліп, сынаққа толықтай тартылды. Қаңтар ҰБТ-сы аяқталған бойда, мектеп әкімшілігі мен пән мұғалімдері тарапынан шұғыл шаралар қабылданды. Әр сыныппен жеке-жеке сараптамалық жиналыстар өткізіліп, әрбір оқушының пәндер бойынша жинаған ұпайларының деңгейі, қате жіберілген тақырыптар картасы айқындалды.

Салыстырмалы мониторинг және ата-аналармен байланыс

ҰБТ-ға дайындықтың табысты болуы - мектеп пен отбасының тығыз байланысына тікелей тәуелді. Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, әр кезеңдік сынақтан кейін сыныптар кесіндісінде ата-аналармен кеңейтілген жиналыстар ұйымдастырылды.

Жиналыстардың басты ерекшелігі - ата-аналарға тек құрғақ цифрлар емес, оқушының күнделікті мектеп қабырғасында тапсырып жүрген «апталық сынама тесттерінің» қорытындылары мен ресми ҰБТ нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері (диаграммалары) көрсетілді. Бұл қадам ата-аналарға баласының шынайы білім деңгейін көруге, үйде тиісті жағдай жасауға және бақылауды күшейтуге мүмкіндік берді.

Сыртқы бақылау және ресми қолдау

Дайындық жұмыстары мен мектеп ішілік шаралар тек ішкі бақылаумен шектелген жоқ. Наурыз ҰБТ-сының қорытындысына арналған үлкен жиналысқа арнайы шақыртумен Мұнайлы ауданы білім бөлімінің басшысы Сағатбек Орынғалиұлы қатысты. Білім бөлімінің басшысы ата-аналармен ашық сұхбат құрып, қазіргі білім беру саласындағы реформалар, грант бөлу ерекшеліктері мен емтихан ережелері бойынша кең көлемді ақпарат берді. Сонымен қатар, оқушылармен жеке тілдесіп, олардың бойындағы емтихан алдындағы үрейді сейілтуге бағытталған мемлекеттік және өңірлік деңгейдегі ақыл-кеңестерін бөлісті. Бұл мектеп ұжымы мен оқушылар үшін үлкен мотивациялық серпіліс болды.

Оқушыларды ынталандыру және психологиялық қолдау шаралары

Оқушылардың ішкі уәжін (мотивациясын) ояту мақсатында мектеп директорының бастамасымен өзіндік сыйақы және марапаттау жүйесі енгізілді. Бұл шара оқушылар арасында салауатты бәсекелестікті тудырды:

Сынақтар қорытындысы бойынша ең жоғары жалпы ұпай жинаған оқушылар мектеп директорының атынан кинотеатрға арнайы жолдамамен (билетпен) марапатталды.

Жекелеген бейіндік немесе міндетті пәндер бойынша максималды (ең жоғары) ұпай көрсеткішін бағындырған оқушыларға бургер орталығына жолдамалар табыс етілді.

Мұндай материалдық емес ынталандыру әдістері оқушылардың оқуға деген құштарлығын айтарлықтай арттырды.

Scanned with CamScanner

Психологиялық қызметтің жұмысы

Емтихан алдындағы күйзеліс пен эмоционалдық тұрақсыздықтың алдын алу мақсатында мектептің педагог-психологтары жүйелі жұмыс істеді. Ай сайын тұрақты түрде «Жетістікке жету - өз қолында», «Стресске төзімділік және уақытты басқару», «ҰБТ-ға психологиялық дайындық» тақырыптарында мотивациялық тренингтер, релаксациялық жаттығулар өткізіліп тұрды.

Өзін-өзі басқару және топтық дайындық

Қаңтар айындағы сынақтардан кейін оқушылардың өздері де дайындық форматына өзгерістер енгізді. Олар алдағы Наурыз ҰБТ-сына нақты мақсатты межелер белгіледі. Ұпай сандары және деңгейлері бірдей, бірін-бірі толықтыра алатын оқушылар өзара шағын топтарға бірікті. Олар бірлескен арнайы жоспар құрып, «тең-теңімен» әдісі бойынша қиын тақырыптарды бірге талдап, наурыз және сәуір айларындағы емтихандарға сапалы дайындық жүргізді. Апта сайын алынған мектеп ішілік сынама тесттері бұл топтардың қай бағытта ілгерілеп жатқанын тұрақты көрсетіп отырды.

Сынақтардың қорытындысы және білім динамикасының саруарлық талдауы

Зерделеу кезеңінде қаңтар (қысқы) және наурыз-сәуір (көктемгі) ҰБТ нәтижелерінің негізгі көрсеткіштері сараланып, төмендегідей кестелік үлгіде жүйеленді.

Мониторингтік көрсеткіштер	**Қаңтар ҰБТ көрсеткіші**	**Наурыз ҰБТ көрсеткіші**	**Өсім / Өзгеріс динамикасы**
Жалпы мектептегі оқушы саны	110 оқушы	111 оқушы	+1 оқушы
Сынаққа нақты қатысқандар	105 оқушы	107 оқушы	+2 оқушы
Шығармашылықсыз бағыт:			
Жалпы жинаған ұпай саны	6528 ұпай	6757 ұпай	+229 ұпайға өсті
Мектеп бойынша орташа ұпай	63,4 ұпай	65,6 ұпай	+2,2 ұпайға өсті
Шығармашылықпен бағыты:			
Жалпы жинаған ұпай саны	6842 ұпай	6842 ұпай	Өзгеріссіз (тұрақты)
Мектеп бойынша орташа ұпай	63,9 ұпай	63,9 ұпай	Өзгеріссіз (тұрақты)

Қатысу белсенділігі: Наурыз айында сынаққа қатысушылар саны 2 оқушыға артып, 107-ге жетті. Бұл оқушылардың ҰБТ-ға деген жауапкершілігінің артқанын дәлелдейді. Шығармашылықсыз емтихан тапсыратын контингент: Бұл топта өте жақсы оң динамика байқалады. Мектеп бойынша орташа ұпай 63,4-тен 65,6-ға көтеріліп, таза өсім +2,2 ұпайды құрады. Жалпы сыныптар жинаған ұпай қоры 229 ұпайға ұлғайды. Бұл - апталық сынама тесттері мен қатемен жұмыс жүйесінің тікелей жемісі.

Шығармашылық бағытындағы оқушылар: Қаңтар және наурыз айларындағы көрсеткіштер толықтай бір деңгейде сақталған (орта ұпай - 63,9).Бұл бағыттағы оқушылардың теориялық пәндерден білімі тұрақтанғанын, алайда қосымша өсімнің

Scanned with CamScanner

жоқтығын көрсетеді. Мамыр айындағы соңғы кезеңде бұл топқа ерекше көңіл бөлу қажеттілігі туындайды.

Негізгі ұбт-ға өтініш беру қорытындысы және сүзгілеу

Жүргізілген жүйелі дайындықтар, қатаң мониторинг және апталық сынақтар оқушылардың өз мүмкіндіктерін шынайы бағалауына үлкен септігін тигізді. Наурыз және сәуір айларындағы қорытындыларды талдау барысында мынадай маңызды шешімдер қабылданды:

ҰБТ-дан бас тартқандар: Қаңтар және наурыз айларындағы ресми сынақтарда белгіленген шекті деңгейден төмен нәтиже көрсеткен және білім динамикасында өсім байқалмаған 19 оқушы өз еріктерімен және ата-аналарының келісімімен негізгі (нағыз) ҰБТ емтиханына қатысудан ресми түрде бас тартты. Бұл оқушылармен алдағы уақытта техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына (колледждерге) бағыттау жұмыстары жүргізіледі.

Нағыз ҰБТ-ға жолдама алғандар: Мектеп бойынша жоғары және тұрақты орташа ұпай көрсеткен, мемлекеттік гранттан үміткер және жоғары оқу орындарына түсуді мақсат еткен 92 оқушы негізгі ҰБТ тапсыруға ресми түрде өтініш білдірді және толық тіркеуден өтті. Зерделеу қорытындысы бойынша ұсыныстар мен сындарлы шешімдер мамыр айындағы (15-22.05.2026ж.) зерделеу жұмыстарын қорытындылай келе, негізгі ҰБТ-да жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін мынадай ұсыныстар енгізіледі:

Пән мұғалімдеріне: Нағыз ҰБТ-ға өтініш берген 92 оқушымен емтихан басталғанға дейінгі қалған қысқа уақыт ішінде тек «нүктелі» (дифференциалды) жұмыс режиміне көшу. Оқушылардың жиі қате жіберетін күрделі тақырыптары бойынша конспектілерді қайталатып, тест спецификациясымен жұмысты күшейту.

Шығармашылық бағыт бойынша: Шығармашылық емтихан тапсыратын оқушылардың орташа ұпайының тұралап қалу себебін анықтап, олардың бейіндік емес, міндетті пәндерінен (Оқу сауаттылығы, Қазақстан тарихы) ұпайларын көтеру үшін қосымша консультациялар ұйымдастыру.

Психологиялық қызметке: ҰБТ тапсыратын 92 түлектің бойындағы емтихан алдындағы үрей мен стрессті төмендету мақсатында мамыр-маусым айларында жеке консультациялық қолдау шараларын жалғастыру. Сынып жетекшілеріне: Жоғары оқу орнына бармайтын, ҰБТ-дан бас тартқан 19 оқушының құжаттарын кәсіптік колледждерге уақытылы тапсыруын және олардың жазғы қамтылуын (жұмыспен немесе оқумен) қатаң бақылауға алу.

5. ШЕШІМ ЕТТІ:

5. Бітіруші сынып оқушыларын ҰБТ-ға дайындау жұмыстарының жай-күйі сараланып, пән мұғалімдері мен кураторларға оқушылардың апталық байқау сынақтарындағы нәтижелеріне қарай жеке даму карталарын қайта өңдеу тапсырылсын.

6. ТЫҢДАЛДЫ:

6. Өткізілген БЖБ-ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау туралы.

Scanned with CamScanner

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2026 жылғы 22-28 мамыр аралығында оқу жылының IV тоқсанында алынған БЖБ-ТЖБ қорытындыларына талдау жұмыстарының жай күйі зерделенді. Орыс тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында алынған БЖБ-ТЖБ қорытындыларына талдау жұмыстары:

Сынып	Жүргізілген жұмыс (Пән)	Жоғары деңгей (Сапалы сыныптар)	Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)
5-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ (Орыс тілі мен әдебиеті)	5Г (70,8%) 5Е (69,5%)	5Д (40%) 5Ж (45,8%)
6-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ (Орыс тілі мен әдебиеті)	6Ә (60%) 6Б (44% - БЖБ 1)	6Ғ (20,8%) 6Е (31,8% - БЖБ 2)
7-сынып	БЖБ-1, ТЖБ (Орыс тілі мен әдебиеті)	7Е (95%) 7Д (80%)	7Ғ (38%), 7Ә (43,4%)
8-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2 (Орыс тілі мен әдебиеті)	8Г (100%) 8В (БЖБ 1 - 91,3%) БЖБ 2 - 100%)	8Е (28% - БЖБ 1 36% - БЖБ 2)
9-сынып	БЖБ-1 (Орыс тілі мен әдебиеті)	9Б (45,4%)	9Ә (24%)
10-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ (Орыс тілі мен әдебиеті)	10Б (ТЖБ сапасы 83,3%)	10Г (БЖБ 1 бойынша 48%)
11-сынып	10-БЖБ, 5-ТЖБ (Орыс тілі мен әдебиеті)	11Ә, 11А (Сапа 80 - 91,3%)	11Г (БЖБ 1: 48%)

Білім алушылардың оқу жетістіктеріне сапалық талдау және түзету шаралары:

5-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Оқушылардың аудиомәтін мазмұнын болжау дағдысын дамыту үшін «Болжау кестесі» тапсырмаларын орындату. Сұрақтарға толық әрі дәлелді жауап беруді талап ету. Әдістер: Синонимдер мен антонимдерді ажырату үшін контекстік жаттығулар жүргізу. Тыңдалым алдында тірек сөздермен жұмыс істеп, мәтін тақырыбын дәл анықтауға машықтандыру.

6-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: «Тақырып» пен «Негізгі ой» ұғымдарын ажыратуға арналған практикалық сабақтар өткізу. Мәтіннен автордың мақсатын анықтау тапсырмаларын жиілету. Әдістер: Эссе жазудағы олқылықтарды жою үшін «Қаңқалы жоспар» әдісін қолдану (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Оқушылардың сөздік қорын омонимдер мен sінонимдерді қолдану арқылы байыту.

7-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Тұтас және тұтас емес (тұтас емес - кесте, сурет) мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты бөліп алу дағдысын шыңдау. Әдістер: Мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне қарап, оқиғаның аяқталуын болжау жаттығуларын жасату. Көркем мәтінмен жұмыс кезінде теориялық ұғымдарды (жанрлық ерекшелік) іс жүзінде талдау.

Scanned with CamScanner

8-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Аудиомәтіндермен жұмыс барысында себеп-салдарлық байланысты анықтауға арналған «Логикалық тізбек» тапсырмаларын енгізу. Әдістер: Перифраздарды (сөзді мағынасы ұқсас орамдармен алмастыру) қолдануды үйрету. Диалог кезінде өз позициясын аргументтермен (дәлелдермен) қорғауға арналған шағын дебаттар ұйымдастыру.

9-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Мәтіннің детальді ақпаратын талдау дағдысын жетілдіру. Қоғамдық маңызды тақырыптарда эссе жазу кезінде логикалық жүйелікті сақтауға баулу. Әдістер: «ПОПС-формуласын» (позиция, негіздеме, мысал, қорытынды) қолданып, ауызша және жазбаша пікір білдіруге машықтандыру.

10-11 сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Күрделі әлеуметтік мәселелерді талдау кезінде лексикалық баламаларды еркін қолдануды дамыту. Эссе құрылымын (120-140 сөз) қатаң сақтауды қадағалау. Әдістер: Жазба жұмыстарындағы стильдік қателерді жою үшін «Редактор» әдісін қолданып, бірін-бірі тексеру жұмыстарын жүргізу.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары

1. Сыныптар кескініндегі БЖБ/ТЖБ көрсеткіштерінің кестесі

Сынып	**Жүргізілген жұмыс**	**Жоғары деңгей (Сапалы сыныптар)**	**Төмен деңгей (Назар аударуды қажет етеді)**
5-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ	5 "Г" (70,8%) 5 "Е" (69,5%)	5 "Д" (40%) 5 "Ж" (45,8%)
6-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ	6 "Ә" (60%) 6 "Б" (44% - БЖБ-1)	6 "Ғ" (20,8%) 6 "Е" (31,8% - БЖБ 2)
7-сынып	БЖБ-1, ТЖБ	7 "Е" (95%) 7 "Д" (80%)	7 "Ғ" (38%) 7 "Ә" (43,4%)
8-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2	8 "Г" (100%) 8 "В" (91,3% - БЖБ-1; 100% - БЖБ-2)	8 "Е" (28% - БЖБ 1; 36% - БЖБ 2)
9-сынып	БЖБ-1	9 "Б" (45,4%)	9 "Ә" (24%)
10-сынып	БЖБ-1, БЖБ-2, ТЖБ	10 "Б" (ТЖБ сапасы 83,3%)	10 "Г" (БЖБ 1 бойынша 48%)
11-сынып	1-БЖБ, ТЖБ	11 "Ә", 11 "А" (Сапа 80% - 91,3% аралығы)	11 "Г" (БЖБ 1: 48%)

Талдаудың негізгі түйіндері:

Ең жоғары көрсеткіш: 8 «Г» сыныбында және 8 «В» сыныбының БЖБ-2 кезеңінде білім сапасы 100% ерекше жоғары нәтижені көрсетті. Сондай-ақ 7 «Е» сыныбы 95% көрсеткішпен жоғары сапа деңгейін танытты.

Ең төмен көрсеткіш: 6 «Ғ» сыныбында білім сапасы өте төмен деңгейде қалып қойған (20,8%). Сонымен қатар 9 «Ә» сыныбында БЖБ 1 қорытындысы бойынша сапа 24% көрсеткішін берді.

Scanned with CamScanner

Орта буын (5-9 сыныптар): Бұл параллельдерде білім сапасының алшақтығы өте үлкен. Мәселен, 8-сыныптарда кей сыныптар 100% сапа көрсетсе, 8 «Е» сыныбы БЖБ 1-де 28%-дан аспаған. 6-сыныптарда да 6 «Ғ» (20,8%) және 6 «Е» (31,8%) сыныптарында жағдай күрделі.

Жоғары буын (10-11 сыныптар): Басқа параллельдермен салыстырғанда бұл деңгейде білім сапасы тұрақтырақ (80% - 91,3% аралығында). Алайда, 10 «Г» және 11 «Г» сыныптарында БЖБ 1 кезеңінде көрсеткіш 48%-ды көрсетіп, төмен деңгейден көрінді.

3. Білім алушылардың оқу жетістіктеріне сапалық талдау және түзету шаралары:

5-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Оқушылардың аудиомәтін мазмұнын болжау дағдысын дамыту үшін «Болжау кестесі» тапсырмаларын орындату. Сұрақтарға толық әрі дәлелді жауап беруді талап ету. Әдістер: Синонимдер мен антонимдерді ажырату үшін контекстік жаттығулар жүргізу. Тыңдалым алдында тірек сөздермен жұмыс істеп, мәтін тақырыбын дәл анықтауға машықтандыру.

6-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: «Тақырып» пен «Негізгі ой» ұғымдарын ажыратуға арналған практикалық сабақтар өткізу. Мәтіннен автордың мақсатын анықтау тапсырмаларын жиілету. Әдістер: Эссе жазудағы олқылықтарды жою үшін «Қаңқалы жоспар» әдісін қолдану (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды). Оқушылардың сөздік қорын омонимдер мен синонимдерді қолдану арқылы байыту.

7-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Сплошной (тұтас) және несплошной (тұтас емес - кесте, сурет) мәтіндерден негізгі және қосымша ақпаратты бөліп алу дағдысын шыңдау. Әдістер: Мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне қарап, оқиғаның аяқталуын болжау жаттығуларын жасату. Көркем мәтінмен жұмыс кезінде теориялық ұғымдарды (жанрлық ерекшелік) іс жүзінде талдау.

8-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Аудиомәтіндермен жұмыс барысында себеп-салдарлық байланысты анықтауға арналған «Логикалық тізбек» тапсырмаларын енгізу. Әдістер: Перифраздарды (сөзді мағынасы ұқсас орамдармен алмастыру) қолдануды үйрету. Диалог кезінде өз позициясын аргументтермен (дәлелдермен) қорғауға арналған шағын дебаттар ұйымдастыру.

9-сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Мәтіннің детальді ақпаратын талдау дағдысын жетілдіру. Қоғамдық маңызды тақырыптарда эссе жазу кезінде логикалық жүйелікті сақтауға баулу. Әдістер: «ПОПС-формуласын» (позиция, негіздеме, мышал, қорытынды) қолданып, ауызша және жазбаша пікір білдіруге машықтандыру.

10-11 сыныптар бойынша

Түзету жұмысы: Күрделі әлеуметтік мәселелерді талдау кезінде лексикалық баламаларды еркін қолдануды дамыту. Эссе құрылымын (120-140 сөз) қатаң сақтауды қадағалау. Әдістер: Жазба жұмыстарындағы стильдік қателерді жою үшін «Редактор» әдісін қолданып, бірін-бірі тексеру жұмыстарын жүргізу.

Ағылшын тілі пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары

Scanned with CamScanner

Сыныптар кескініндегі БЖБ/ТЖБ көрсеткіштерінің жиынтық кестесі:

Сынып	Жүргізілген жұмыс (Пән)	Жоғары деңгей (Сапалы сыныптар)	Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)
5-сынып	БЖБ 1, БЖБ 2, ТЖБ (Ағылшын тілі)	5Г (75%) 5Ә (73,9%)	5Д (28% - 48%), 5Б (52,1% - 60%)
6-сынып	БЖБ 1, БЖБ 2, ТЖБ (Ағылшын тілі)	6А (66,6% - 78,9%), 6Ә (56% - 64%)	6Ғ (20,8% - 47,8%), 6Е (31,8% - 54,5%)
7-сынып	БЖБ 1, БЖБ 2, ТЖБ (Ағылшын тілі)	7Е (60% - 95%) 7Д (47,8% - 80%)	7Ғ (38% - 60%), 7Ә (34,7% - 60,8%)
8-сынып	БЖБ 1, БЖБ 2 (Ағылшын тілі)	8Г (96% - 100%) 8В (91,3% - 100%)	8Е (28% - 36%), 8Ә (45,4% - 59%)
9-сынып	БЖБ 1 (Ағылшын тілі)	9Б (45,4%) 9А (41,6%)	9Ә (24%)
10-сынып	БЖБ 1, БЖБ 2, ТЖБ (Ағылшын тілі)	10Б (ТЖБ сапасы 83,3%)	10Г (БЖБ 1 бойынша 48%)
11-сынып	10 БЖБ, 5 ТЖБ (Ағылшын тілі)	11Ә, 11А (сапа 80% - 91,3%)	11Г (БЖБ-1 - 48%)

Талдаудың негізгі түйіндері (Динамика мен көрсеткіштер)

Ең жоғары тұрақтылық пен сапа: Жоғары көрсеткіш 8-Г сыныбында (96-100%) және 8-В сыныбында (91,3-100%) тіркелді. Сондай-ақ, 7-Е сыныбы БЖБ/ТЖБ кезеңдерінде сапаны 95%-ға дейін көтере алған. Жоғары буында 10-Б (ТЖБ - 83,3%) және 11Ә, 11А (80-91,3%) сыныптары тұрақты нәтиже көрсетті.

Назар аударуды қажет ететін төменгі нүктелер: Ең төменгі көрсеткіш 6-Ғ сыныбының БЖБ 2 кезеңінде (20,8%) және 9-Ә сыныбының БЖБ 1 кезеңінде (24%) байқалды.

Тұрақты төмен деңгей: 8-Е сыныбында білім сапасы БЖБ 1-де де (28%), БЖБ 2-де де (36%) шекті деңгейден аса алмай, жүйелі артта қалушылықты көрсетіп отыр.

3. Назар аударуды қажет ететін сыныптар бойынша түзету жұмыстарының мазмұны

Сын тұрғысынан төмен нәтиже көрсеткен және ерекше бақылауды талап ететін сыныптар бойынша келесідей педагогикалық түзету шаралары белгіленді:

5 «Д» сыныбы: Лексика-грамматикалық дағдыларды дамыту

Талдау: Бұл сыныпта БЖБ 2 көрсеткішінің 28%-ға дейін күрт төмендеуі тіркелген.

Шаралар: Оқушылардың сөздерді дұрыс жазу (spelling) дағдысын қалыптастыруға басымдық беріледі. Сабақ барысында «Use of English» бөліміне жататын грамматикалық тапсырмаларды көбірек орындату және жаңа сөздік қорды бекіту жаттығулары қолға алынады.

6 «Ғ» және 6 «Е» сыныптары: Қатемен жұмыс және практикалық жұмыс.

Талдау: БЖБ 2 кезінде сапа көрсеткіші айтарлықтай төмен деңгейді (20,8% және 31,8%) құрады.

Шаралар: Жіберілген қателерді егжей-тегжейлі талдауға арналған арнайы «қатемен жұмыс» сабақтары ұйымдастырылады. Грамматикалық ережелерді жай ғана жаттау емес, оларды тәжірибеде және өздігінен сөйлем құрауда қолдану дағдылары шыңдалады.

Scanned with CamScanner

7 «Ә» және 7 «Ғ» сыныптары: Сөйлеу әрекеті мен мәтінді түсіну
Талдау: Бұл топтарда БЖБ 1 нәтижелері 34,7% бен 38% аралығында қалып, төмен деңгейді көрсетті.
Шаралар: Негізгі жұмыс оқушылардың сөйлеу дағдысын (Speaking) дамытуға бағытталады. Сабақтарда өзара диалогтар құрастыру, тапсырма шартын мұқият түсінуге бағытталған арнайы түсіндірме жұмыстары жиілетіледі.
8 «Е» сыныбы: Саралап оқыту және кері байланыс
Талдау: БЖБ 1 (28%) және БЖБ 2 (36%) қорытындылары бойынша тұрақты төмен нәтиже сақталып отыр.
Шаралар: Түзету жұмыстары жекелей және шағын топтарда жұмыс істеу принципіне негізделеді. Әрбір оқушыға қалыптастырушы бағалау арқылы тұрақты кері байланыс беріліп, олардың ілгерілеу динамикасы жеке бақылауға алынады.
9 «Ә» сыныбы: Сараптамалық талдау
Талдау: Сынып БЖБ-1 қорытындысы бойынша 24% сапа көрсетіп, жоғары деңгейден алшақтап қалған.
Шаралар: Аудиомәтіндермен жұмыс жасау деңгейі арттырылады (Listening дағдысы). Оқушыларға мәтін ішінен себеп-салдарлық байланыстарды табуды үйрету және төмен балл жинаған оқушылармен жеке кеңес беру (консультация) сабақтарын өткізу жүзеге асырылады.
4. Пән бойынша алдағы уақытқа ұсыныстар:
Сапа деңгейі 50%-дан төмен сыныптарда (5 «Д», 6 «Ғ», 6 «Е», 7 «Ғ», 7 «Ә», 8 «Е», 9 «Ә») оқушылардың төмен үлгерім көрсеткен спецификация мақсаттарын қайта қарау.
10-11 сыныптарда (10 «Г», 11 «Г») БЖБ 1 кезінде кездескен қиындықтарды жою мақсатында тест тапсырмаларымен және мәтінмен жұмыс істеу уақытын оңтайландыру (Time-management).
Қалыптастырушы бағалау (ҚБ) тапсырмаларын құрастыру кезінде деңгейлік саралау әдісін белсенді қолдану.
Биология пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының 4-тоқсанында өткізілген БЖБ,ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары

1. Сыныптар кескініндегі сапа мен үлгерім анализі

Сынып	**Жүргізілген жұмыс (Пән)**	**Жоғары деңгей (Сапасы жоғары сыныптар)**	**Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)**
7-сынып	БЖБ-1 БЖБ-2 БЖБ-3 ТЖБ (Биология)	7-«Д», 7-«Г» (БЖБ сапасы: 45.4% - 54.5%)	7»Г» (ТЖБ)-18.18% ға төмендеу үрдісі бар. 7»Ә», 7»Е»-ТЖБ-да 55.5% - 60.8% тұрақты деңгей.
8-сынып	БЖБ-1 БЖБ-2 БЖБ-3 ТЖБ (Биология)	8-"Е" (БЖБ 2, 3 сапасы: 100%) 8-"Д" (ТЖБ сапасы: 68%)	8"Ж" (БЖБ 1 сапасы:14.29%) 8"Ғ" (БЖБ 1 сапасы:22.73%) 8"Г" (БЖБ 1 сапасы: 36%)
9-сынып	БЖБ-1	9"Г" (БЖБ 1	9"А" (БЖБ 1 сапасы: 20%)

Scanned with CamScanner

	БЖБ-2 БЖБ-3 ТЖБ (Биология)	сапасы: 90.91%) 9"Б" (БЖБ сапасы: 75%- 83.33%)	9"Д" (ТЖБ сапасы: 30.43%) 9"В" (ТЖБ сапасы: 43.48%)
10-сынып	БЖБ-1 БЖБ-2 БЖБ-3 ТЖБ (Биология)	10"Б" (ТЖБ сапасы: 86.96%, БЖБ 3 сапасы: 82.61%)	10"Б" (БЖБ 1) — 17.39%
11-сынып	10-БЖБ 5-ТЖБ (Биология)	11"Ә", 11"А" (Сапа көрсеткіші: 80% - 91.3%)	11"Г" – БЖБ 1 қорытындысы бойынша 48% (төмендеу үрдісі байқалды).

2. Пән бойынша оқу мақсаттарының орындалуы (Олқылықтар анализі)

Ұсынылған деректерге сәйкес, оқушылардың меңгерген және қиындық тудырған негізгі мақсаттары төмендегідей анықталды:

БЖБ 1 кезеңі:

Қол жеткізген мақсат: 8.2.1.1 Жануарлардың көбею тәсілдерін салыстыру (оқушылардың басым бөлігі салыстыру сипаттамаларын дұрыс орындаған).

Қиындық тудырған мақсат: 8.2.1.3 Ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің тіршілік циклінің ерекшеліктерін түсіндіру (циклдерді ажырату мен сызбаларды талдауда қателіктер кеткен).

БЖБ 2 кезеңі:

Қол жеткізген мақсат: 8.2.4.1 Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің эволюциядағы ролін дәйектеу.

Қиындық тудырған мақсат: 8.2.4.4 Маңызды мәдени өсімдіктер іріктемелері мен үй жануарлары қолтұқымын сипаттау.

БЖБ 3 кезеңі:

Қол жеткізген мақсат: 8.3.1.3 Популяцияның негізгі қасиеттерін және құрылымдық ерекшеліктерін сипаттау.

Қиындық тудырған мақсат: 8.3.1.7 Тірі ағзалардың қоршаған ортаның өзгермелі жағдайларына бейімделу механизмдерін түсіндіру.

ТЖБ кезеңі:

Қол жеткізген мақсат: 8.3.2.3 Қазақстан аумағындағы экологиялық проблемалардың туындау себептері мен оларды шешу жолдарын түсіндіру.

Қиындық тудырған мақсат: 8.3.2.2 Биологиялық әртүрлілікті сақтаудың және қолдауды қажеттіліктің себептерін негіздеу.

3. Сыныптар бойынша анықталған олқылықтарды түзету жұмыстарының жоспары

8-"Ж", 8-"Ғ" және 8-"Г" сыныптары бойынша түзету жұмыстары

Бұл сыныптар тоқсанның басында (БЖБ 1 кезеңінде) ең төменгі көрсеткіштерді (14,29% - 36%) көрсетті. Оқушылар 8.2.1.3 мақсаты, яғни ашықтұқымды және жабықтұқымды өсімдіктердің даму кезеңдерін, тіршілік циклін сызба нұсқа арқылы сипаттауда айтарлықтай қателіктер жіберген. Түзету шарасы: Оқушылардың визуалды есте сақтау және талдау дағдыларын арттыру мақсатында «Сызбалар сөйлейді» әдісі қолданылады. Тіршілік циклінің даму сатыларын (гаметофит пен

Scanned with CamScanner

спорофиттің кезектесуін) анимациялық материалдар арқылы көрсетіп, «Салыстырмалы хронологиялық карталар» толтыру тапсырмалары беріледі.

9"А", 9"Д" және 9"В" сыныптары бойынша түзету жұмыстары

9-сыныптарда БЖБ 1 кезеңінде (9"А"-20%) және ТЖБ кезеңінде (9"Д"-30,43%, 9"В"-43,48%) сапаның төмендеуі байқалды. Негізгі олқылықтар биологиялық заңдылықтар мен экологиялық факторлардың теориялық материалын практикамен байланыстыра алмауынан туындаған. Түзету шарасы: Теориялық білімді бекіту мақсатында нақты жағдаяттарды талдауға негізделген «Кейс-стади» (Case-study) технологиясы енгізіледі. Күрделі тақырыптар бойынша қосымша консультациялық сағаттар ұйымдастырылып, терминологиялық экспресс-тесттер мен деңгейлік тапсырмалар жиілігі арттырылады.

10"Б" сыныбы бойынша түзету жұмыстары

10"Б" сыныбы ТЖБ кезеңінде жоғары көрсеткішке (86,96%) қол жеткізгенімен, БЖБ 1 кезеңінде сапа көрсеткіші төмен (17,39%) болды. Бұл тоқсан басындағы күрделі молекулалық-биологиялық процестерді меңгерудеге қиындықтарды көрсетеді.

Түзету шарасы: Молекулалық деңгейдегі күрделі құрылымдарды (мысалы, нәруыздар мен нуклеин қышқылдарының биосинтезі) шағын блоктарға бөліп оқыту әдісі қолданылады. Бейнероликтер мен 3D модельдеу элементтерін қолдана отырып, оқушылардың деңгейлік карточкалармен дербес жұмыс жасауы ұйымдастырылады.

11"Г" сыныбы бойынша түзету жұмыстары

Бұл сыныпта БЖБ 1 қорытындысы бойынша сапа көрсеткіші төмендеп, 48%-ды құрады. Оқушылар арасында антропогенез кезеңдерін сипаттау, адам эволюциясының даму сатыларын жүйелеу және бұл үдерістерге қатысты нақты ғылыми дәлелдемелер келтіру кезінде қиындықтар туындаған. Түзету шарасы: Оқушылардың академиялық сауаттылығы мен логикалық ойлауын дамыту үшін эссе жазу дағдыларын қалыптастыру жұмыстары жүргізіледі. Ғылыми терминдерді орынды қолдануды үйрету мақсатында «Антропогенездің хронологиялық кестесімен» жұмыс істеу тапсырылып, тарихи даму кезеңдерін салыстырмалы түрде талдауға арналған карточкалық тапсырмалар беріледі.

Информатика пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында алынған БЖБ,ТЖБ қорытындыларына талдау жұмыстары

1. Сыныптар кескініндегі сапа мен үлгерім анализі

Сынып	Жүргізілген жұмыс (Пән)	Жоғары деңгей (Сапасы жоғары сыныптар)	Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)
5-сынып	БЖБ-3	5"Г" (Сапа: 50%)	5"А" (Сапа: 40%), 5"В", 5"Ғ" (Сапа: 41,6%)
6-сынып	БЖБ-1	6"А" (Сапа: 84%)	Назар аударуды қажет ететін сынып жоқ
7-сынып	БЖБ-3 / БЖБ-1	7"А" (Сапа: 81,8%), 7"Д" (Сапа: 54,5%)	7"Г" (Сапа: 36,3%), 7"Ғ" (Сапа: 44,4%)
8-сынып	БЖБ-1	8"Ж" (Сапа: 72,7%)	Назар аударуды қажет ететін сынып жоқ.
9-сынып	БЖБ-1	9"Б" (Сапа: 66,6%)	9"В" (Сапа: 41,6% - БЖБ қорытындысы бойынша)

Scanned with CamScanner

10-сынып	БЖБ-1, ТЖБ	10"Ә" (БЖБ: 90,9%, ТЖБ: 72,7%), 10"В" (БЖБ-1: 83,3%)	10-"В"(ТЖБ)-50%-ға төмендеген, 10-"Г"(ТЖБ)-61,54% (БЖБ дан төмен)
11-сынып	БЖБ-1, ТЖБ	11"В", 11"Ә" (БЖБ-1:100%), 11"А" (БЖБ-1: 81,8%)	11"Г"(ТЖБ),БЖБ-да 100% көрсеткенімен, ТЖБ-да сапа 45,5%-ға дейін төмендеген.

2. Білім алушылардың оқу жетістіктеріне сапалық талдау және түзету шаралары

5-сыныптар бойынша (Робот түрлері және оларды қолдану)

Түзету жұмысы: Бұл сыныптарда сапа көрсеткіші 40% - 41,6% аралығында тұрақты төмен деңгейді көрсетті. Оқушылар роботтардың түрлерін өндірісте және күнделікті өмірде қолдану аясына қарай жіктеуде, олардың қызметтерін сипаттауда қиындықтарға тап болған.

Әдістер: Робот түрлерін көрнекі ажырату үшін «Классификациялық карталар» мен кестелермен жұмыс жүргізіледі. Оқушылардың қызығушылығын арттыру және тақырыпты бекіту мақсатында интерактивті көрнекіліктер мен «Ойлан, Жұптас, Бөліс» әдісі арқылы роботтардың қолданылу салаларына шағын презентациялар дайындалады.

6-сыныптар бойынша (Мәтіндік құжаттармен жұмыс және Желілік этика)

Түзету жұмысы: 6"А" сыныбы жоғары сапа көрсеткенімен (84%), оқушылар арасында 6.2.2.1 мақсаты бойынша гиперсілтемелер мен мазмұнды автоматты түрде дұрыс құрастыруда және мәтін ішіне орынды орналастыруда, сондай-ақ «авторлық құқық» пен «плагиат» ұғымдарын нақты ажыратуда аз да болса олқылықтар байқалды.

Әдістер: Мәтіндік редакторда сілтемелер мен түсіндірмелерді баптауға арналған дербес компьютерлік практикалық сабақтар өткізу. Интернеттен алынған ақпарат көздеріне авторлық сілтеме жасау ережелерін нақты мысалдармен көрсету үшін «Редактор» әдісін қолдану.

7-сыныптар бойынша (Python программалау тілінде тармақталған алгоритмдер)

Түзету жұмысы: 7"Г" (36,3%) және 7"Ғ" (44,4%) сыныптарында тармақталу операторларын код ішінде дұрыс қолдануда, шарттарды сауатты құрастыруда және синтаксистік қателерді (шегіністерді жіберу, қос нүктені ұмыту) анықтауда қиындықтар туындаған.

Әдістер: Программалау дағдыларын қалыптастыру үшін «Қатемен жұмыс» әдісі қолданылады (дайын қатесі бар кодты түзету). Алгоритмнің логикасын түсіндіру үшін «Блок-схемадан кодқа» ауысу жаттығулары мен экспресс-тесттер жиі ұйымдастырылады.

8-9 сыныптар бойынша түзету жұмысы: 9"В" сыныбында сапа көрсеткіші төмен (41,6%). Оқушылар PyGame кітапханасында ойын терезесін баптау, графикалық нысандарды координаттар жүйесі арқылы қозғалысқа келтіру және код құрылымын жүйелі жазу кезінде қателіктер жіберген.

Әдістер: Координаттар торын визуалды түрде түсіндіру және кодтың әрбір жолына түсініктеме (комментарий) жазу арқылы жұмыс істеу дағдысын дамыту.

Scanned with CamScanner

Оқушыларға деңгейлік практикалық тапсырмалар үлестіріліп, «Жұптық бағдарламалау» әдісі енгізіледі.

10-11 сыныптар бойынша (Жасанды интеллект, Blockchain және Күрделі құрылымдар) түзету жұмысы: 10-"В" сыныбында ТЖБ-да сапа 50%-ға, ал 11"Г" сыныбында ТЖБ сапасы 45,5%-ға дейін күрт төмендеген. Оқушылар БЖБ-дағы теориялық материалды (ЖИ және Блокчейн негіздері) жақсы меңгергенімен, ТЖБ-дағы жүйелі талдау, күрделі есептер мен логикалық сұрақтарды орындау кезінде қиындықтарға тап болды.

Әдістер: Оқушылардың ТЖБ-да жиі қате жіберетін күрделі сұрақтары мен тақырыптық блоктары бойынша арнайы талдау сағаттары ұйымдастырылады. Теориялық материалды бекіту үшін «ПОПС-формуласы» (позиция, негіздеме, мысал, қорытынды) негізінде технологиялардың тиімділігін дәлелдеу тапсырмалары беріледі және функционалдық сауаттылыққа арналған тест нұсқаларымен жұмыс іске асырылады.

Жаратылыстану және География пәндері бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында алынған БЖБ, ТЖБ қорытындыларына талдау жұмыстары

Сыныптар кескініндегі сапа мен үлгерім анализінің жиынтық кестесі

Сыны	Пән	Жүргізілген жұмыс	Жоғары деңгей (Сапалы сыныптар)	Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)
5-сынып	Жаратылыстану	БЖБ 1 БЖБ 2 БЖБ 3 ТЖБ	5"Б"(Сапа 64%) 5"Г"(Сапа 50%-76%) 5"В"(Сапа 56,5%-60,8%)	5"А" (Сапа: 40%) 5"Ж"(Сапа: 54,1%) 5"Д", 5-"Ә" (Сапа: 40% - 45,4%)
6-сынып	Жаратылыстану	БЖБ 1 БЖБ 2 ТЖБ	6"А"(Сапа 64% - 84%) 6"Д"(Сапа 65,22% тұрақты)	Жалпы үлгерім тұрақты, сыныптардың орташа деңгейі жоғары.
7-сынып	География	БЖБ 1 БЖБ 2 БЖБ 3 ТЖБ	7"А" (Сапа: 66,6% - 81,8%) 7"Б", 7"Д" (БЖБ 2 сапасы: 81,8% - 100%)	7"Г" (Сапа: 36,3%) 7"Ғ" (Сапа: 44,4%)
8-сынып	География	БЖБ 1 БЖБ 2	8"В"(Сапа: 65,2% - 69,5%) 8"Ж"(Сапа:72,7%)	8"Г"(Сапа44% тұрақты) 8"Ж" (Сапа: 42,8%) 8"Ғ" (БЖБ 2 сапасы: 45,4%-ға төмендеген)

Scanned with CamScanner

9-сынып	География	БЖБ 1 БЖБ 2	9"А" (БЖБ 2 сапасы: 76%) 9"Г" (БЖБ 2 сапасы: 68,1%)	9"Ә" (БЖБ 1 сапасы: 31,82%) 9"В" (Сапа: 41,6%)
10-сынып	География	БЖБ 1 БЖБ 2 ТЖБ	10"Ә" (Сапа: 72,7% - 90,9%) 10"В" (БЖБ 1 сапасы: 83,3%)	10"В" (ТЖБ) - сапа 50%-ға төмендеген. 10"Г" (Сапа: 45,83% тұрақты)
11-сынып	География	БЖБ 1 БЖБ 2 ТЖБ	11"В" (Сапа: 66,6% - 75%) 11"Ә" (БЖБ/ТЖБ сапасы: 100%)	11"Г"(ТЖБ қорытындысы бойынша сапа 45,5%-ға төмендеген).

Білім алушылардың оқу жетістіктеріне сапалық талдау және түзету шаралары

5-6 сыныптар бойынша (Пән: Жаратылыстану)

Анықталған олқылықтар: 5"А", 5"Д", 5"Ә" сыныптарында БЖБ 1 және ТЖБ кезеңінде сапа көрсеткіші төмен болды (40% - 45,45%). Оқушылар Жаратылыстану курсы бойынша табиғат құбылыстарын, тірі және өлі табиғат ерекшеліктерін өзара жіктеуде, экожүйелердің құрылымын сипаттауда қиындықтарға тап болған. 5"А" сыныбында ТЖБ-да 1 оқушы төмен деңгей көрсетіп, үлгерім 95,45%-ды құрады. 6-сыныптарда сапа көрсеткіші тұрақты жоғары деңгейді көрсетті (64% - 84%).

Түзету шаралары мен әдістер: Оқушылардың табиғат құбылыстары мен процестерін визуалды ажырату дағдыларын арттыру мақсатында «Классификациялық карталар» мен кестелермен жұмыс жүргізіледі. «Ойлан, Жұптас, Бөліс» әдісі қолданылып, ТЖБ-дан төмен балл алған оқушылармен жеке кеңес және дамыту жұмыстары ұйымдастырылады.

7-8 сыныптар бойынша (Пән: География)

Анықталған олқылықтар: 7"Г" (36,3%) және 7"Ғ" (44,4%) сыныптарында, сондай-ақ 8"Г" (44%) және 8"Ж" (42,86%) сыныптарында сапа көрсеткіші төмен. Оқушылар арасында географиялық нысандарды координаталар бойынша анықтау, топографиялық карталарды оқу, номенклатуралық элементтерді талдау және географиялық заңдылықтардың себеп-салдарын түсіндіру кезінде қателіктер жиі кеткен. Т.Х. Кошенованың 7"Д" сыныбы БЖБ 2-де 100% сапа көрсетті.

Түзету шаралары мен әдістер: Картамен және контур картамен жұмыс істеу белсенділігін арттыру, «Логикалық тізбек» тапсырмалары арқылы табиғи үдерістердің себеп-салдарлық байланысын дамыту. Сабақта географиялық диктанттар мен экспресс-тесттер жиілігін арттырып, «Қатемен жұмыс» әдісін енгізу.

9-сыныптар бойынша (Пән: География)

Анықталған олқылықтар: 9"Ә" сыныбы БЖБ 1 кезеңінде ең төменгі сапаны (31,82%) көрсетті, алайда БЖБ 2-де бұл көрсеткіш 63,64%-ға дейін өсті. 9"В" сыныбында да тоқсан ортасында төмендеу үрдісі (41,6%) байқалды. Оқушылар экономикалық және

Scanned with CamScanner

әлеуметтік география бөлімдері бойынша статистикалық деректерді, диаграммалар мен өндіріс салаларының көрсеткіштерін талдауда қиындықтарға тап болған.
Түзету шаралары мен әдістер: Экономикалық-статистикалық мәліметтермен жұмыс істеу дағдысын жетілдіру, кестелер мен графиктерді талдауға арналған деңгейлік тапсырмалар үлестіру. «Жұптық талдау» әдісін қолдана отырып, Қазақстанның және дүниежүзінің шаруашылық салаларын салыстырмалы сипаттау.
10-11 сыныптар бойынша (Пән: География)
Анықталған олқылықтар: Жоғары сыныптарда БЖБ кезеңінде сапа жоғары болғанымен (мыс: 11"Ә" - 100%, 10"Ә" - 90,9%), ТЖБ-да көрсеткіштің төмендеуі байқалады. 10"В" сыныбында ТЖБ сапасы 50%-ға, ал 11"Г" сыныбында ТЖБ сапасы 45,5%-ға дейін күрт төмендеген. Негізгі олқылықтар - геоэкология, тұрақты даму тұжырымдамасы, геосаясат және жаһандық мәселелерді жүйелі талдау мен ТЖБ-дағы күрделі/компонентті сұрақтарды орындау кезінде орын алған.
Түзету шаралары мен әдістер: Оқушылардың функционалдық сауаттылығы мен логикалық ойлауын дамыту үшін арнайы ТЖБ нұсқаларымен жұмыс жүргізіледі. Сыни ойлауды дамыту және өз позициясын дәлелдеу мақсатында «ПОПС-формуласы» (позиция, негіздеме, мысал, қорытынды) негізінде талдау жұмыстары, жаһандық мәселелер бойынша шағын дебаттар мен терминологиялық экспресс-тесттер енгізіледі.
Физика пәні бойынша 2025-2026 оқу жылының IV тоқсанында өткізілген БЖБ, ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстары
Сыныптар кескініндегі сапа мен үлгерім анализінің жиынтық кестесі

Сынып	Жүргізілген жұмыс	Жоғары деңгей (Сапалы сыныптар)	Төмен деңгей (Назар аударуды қажет ететін сыныптар)
7-сынып	БЖБ-1 және БЖБ-2, ТЖБ	7Ә, 7Д (Сапа 56,5-86%, үлгерім 100%)	7Г, 7А (Сапа 23,8-29% төмен)
8-сынып	БЖБ-1 және БЖБ-2, ТЖБ	8А, 8Ә (ТЖБ сапасы 48-52%)	8Ж, 8В (БЖБ сапасы 10-17% өте төмен)
9-сынып	БЖБ-1 және БЖБ-2, ТЖБ	9Ә, 9В (БЖБ-2 сапасы 54-56%)	9Г, 9Д (БЖБ-2 сапасы 30-31%)
10-сынып	БЖБ-1 және БЖБ-2, ТЖБ	10Г (БЖБ-2 сапасы 68%)	10В (БЖБ-1 сапасы 25%)
11-сынып	БЖБ-1 және БЖБ-2, ТЖБ	11В, 11Г (ТЖБ сапасы 41-56.5%)	11Г (БЖБ-1 және БЖБ-2 бойынша 8% сапа)

Білім алушылардың оқу жетістіктеріне сапалық талдау және түзету шаралары
7-сыныптар арасында (7 «А», 7 «В», 7 «Г»):
Анықталған олқылықтар: IV тоқсандағы «Жарық құбылыстары» бөлімі бойынша оқушылар жарықтың шағылу және сыну заңдарын қолдануда, әсіресе сыну көрсеткішін анықтауда қиындықтарға тап болды. Сондай-ақ, жазық айнада кескін салу мен линзалардың оптикалық күшін есептеу барысында математикалық есептеулерден қателіктер жіберген.
Түзету шаралары мен әдістер: Алдағы уақытта «Оптикалық шамалар және формулалар» атты 5 минуттық экспресс-диктанттар тұрақты түрде алынады. Оқушылардың графикалық сауаттылығы мен кескін салу дағдыларын арттыру

Scanned with CamScanner

мақсатында линзаларда сәулелердің жолын тұрғызуға арналған арнайы деңгейлік карточкалармен жұмыс жүргізіледі.

8-сыныптар арасында (8 «Ж», 8 «В», 8 «Ә», 8 «Ғ»):

Анықталған олқылықтар: Бұл параллельде 4-тоқсандағы «Магнит өрісі» және «Жарық құбылыстары» бөлімдері бойынша ең төменгі көрсеткіштер (10-35%) байқалды. Оқушылар магнит өрісінің сипаттамаларын, Бұрғы және Оң қол ережелерін қолданып токтың және магнит сызықтарының бағытын табуда, сонымен қатар жұқа линзаның формуласын есептер шығаруда қолдану кезінде шатасады.

Түзету шаралары мен әдістер: Негізгі күш магниттік күш бағыттарын анықтау мен жұқа линза формуласын математикалық түрлендіруге жұмсалады. Оқушылардың линза түрлерін (жинағыш, шашыратқыш) визуалды ажыратуы үшін «тірек-сызбалар және алгоритмдер кестесі» белсенді қолданылады. Әр сабақта бағыттарды сызу ережелері мен формулаларды түрлендіру қадамдары қайталанады.

9-сыныптар арасында (9 «Г», 9 «Д», 9 «А»):

Анықталған олқылықтар: 9-сыныптарда сапаның төмендеуіне IV тоқсандағы «Атом ядросының физикасы» және «Астрономия негіздері» бөлімдеріндегі күрделі тақырыптар себеп болды. Оқушылар ядролық реакцияларды теңестіруде (массалық және зарядтық сандардың сақталу заңын қолдануда) және радиоактивті ыдырау заңына қатысты есептерді шығаруда қателіктер жіберген.

Түзету шаралары мен әдістер: Мұнда «қадамдық талдау» әдісі енгізіледі: оқушы ядролық реакция кезінде алдымен белгісіз бөлшектің жоғарғы және төменгі индекстерін жеке-жеке есептеп, содан кейін ғана бөлшекті анықтауға дағдыланады. Кеплер заңдары мен астрономиялық есептеулерде қиналатын оқушылар үшін дифференциалды (деңгейлік) тапсырмалар жинағы ұйымдастырылады.

10-11 сыныптар арасында (10 «В», 11 «Г»):

Анықталған олқылықтар: Жоғары буын оқушыларында теориялық база қалыптасқанымен, оны күрделі есептерде қолдану деңгейі төмен. 10-сыныпта «Электродинамика» мен «Тұрақты ток заңдары» бойынша аралас жалғанған тізбектерді есептеу және Кирхгоф ережелерін графикалық сұлбаларда қолдану ақсап тұр. 11-сыныпта 4-тоқсандағы «Қазіргі заманғы физика мен астрономия» (Кванттық физика, фотоэффект, Эйнштейн теңдеуі) тақырыптары бойынша есептер шығаруда математикалық дәрежелермен жұмыс істеу кезінде қиындықтар кездескен.

Түзету шаралары мен әдістер: 10-сыныпта электр тізбектерін эквивалентті схемаларға айналдыру және токтың бағыттарын анықтау жұмыстары қатаң бақылауға алынады. 11-сыныпта фотоэффектің қызыл шекарасы мен толқын ұзындығын салыстырмалы кестелер және Планк тұрақтысын қолдану арқылы бекіту жоспарланған. ТЖБ және БЖБ алдында функционалдық сауаттылыққа арналған логикалық есептермен жұмыс күшейтіледі.

2025-2026 оқу жылының IV тоқсаны бойынша жалпы қорытынды
сапа мен үлгерім динамикасы:

IV тоқсанның БЖБ және ТЖБ нәтижелерін саралай келе, мектеп бойынша пәндер кескінінде білім сапасының деңгейі әртүрлі екені анықталды. Жоғары тұрақтылық пен үздік нәтижені гуманитарлық бағытта да, жаратылыстану бағытында да 8-сыныптардың жекелеген топтары (8Г, 8В - 96%-100%) және жоғары буын

Scanned with CamScanner

сыныптары (10Б, 11Ә, 11А - 80%-91,3%) көрсетті. Бұл оқушылардың тоқсандық материалды жүйелі меңгергенін және ТЖБ форматына бейімделгенін айғақтайды.

Негізгі мәселелер мен айырмашылықтар:

Орта буында, әсіресе 5, 6 және 8-сыныптар арасында параллельдердегі білім сапасының алшақтығы өте жоғары. Мысалы, ағылшын тілі мен орыс тілінен 8Г/8В сыныптары 100% сапа берсе, 8Е сыныбы 28%-36% шегінде қалып қойған. Дәл осындай үрдіс физика, биология және информатика пәндерінен де байқалады (мысалы, 6Г сыныбы орыс/ағылшын тілдерінен 20.8%, физикадан 8Ж, 8В сыныптары 10%-17% өте төмен сапа көрсеткен).

Олқылықтардың пәндік сипаты:

Тілдік пәндер бойынша: Оқушыларда мәтіннің негізгі ойын анықтау, аудиомәтінмен жұмыс (Listening/Тыңдалым) және эссе жазу кезінде құрылым мен логикалық жүйелікті сақтау дағдылары әлі де ақсап тұр.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша (Физика, Биология, Информатика, География): Ең үлкен қиындық теориялық білімді практикада, яғни есеп шығаруда, жасушалық/тіршілік циклдерін сызбамен талдауда, Python/PyGame-де код жазуда және географиялық карталармен жұмыс істеуде (координаталар, номенклатура) кездескен. Жоғары буында БЖБ-да жоғары балл алған оқушылардың ТЖБ-дағы аралас әрі күрделі сұрақтарда (Кирхгоф заңдары, кванттық физика, ЖИ және Блокчейн) көрсеткіштері төмендеген.

Алдағы оқу жылына енгізілетін әдістемелік ұсыныстар

Бақылау жұмыстарының қорытындысын негізге ала отырып, білім сапасын арттыру мақсатында келесідей шараларды іске асыру ұсынылады:

Үлгерімі төмен сыныптармен (Сапасы 50%-дан төмен топтар) мақсатты жұмыс:

Сапа көрсеткіші өте төмен сыныптарда (5Д, 6Ғ, 6Е, 7Ғ, 7Ә, 8Е, 8Ж, 8В, 9Ә) IV тоқсанда оқушылар жаппай қате жіберген оқу мақсаттарын (спецификация бойынша) анықтап, алдағы оқу жылының басында (қайталау сағаттарында) осы тақырыптарды қайта қарастыру.

Дифференциалды (саралап) оқыту әдісін енгізу:

Сабақ үдерісінде, әсіресе ҚБ (қалыптастырушы бағалау) тапсырмаларын дайындау барысында оқушылардың қабілетін ескере отырып, А, В, С деңгейлік карточкаларын қолдану. Үлгерімі төмен оқушыларға арналған жеке кеңес беру (консультация) сағаттарының графигін бекітіп, жүйелі жүргізу.

Функционалдық сауаттылық пен графикалық дағдыларды дамыту:

Жаратылыстану бағытында: Сабақтарда тек дайын формуламен жұмыс істемей, «Блок-схемадан кодқа» (информатика), «Сызбалар сөйлейді» (биология), «Оптикалық сәулелер жолы» (физика) сияқты визуалды, логикалық тапсырмаларды көбейту. Тілдік бағытта: Эссе құрылымын сақтау үшін «Қаңқалы жоспар» және өз ойын аргументті жеткізу үшін «ПОПС-формуласын» сабақ сайын қолдануды үрдіске айналдыру.

ТЖБ-ға дайындық және Тайм-менеджмент (Уақытты басқару):

Жоғары буын сыныптарында (10-11 сыныптар) ТЖБ кезінде уақытты тиімді бөлу дағдысын қалыптастыру. Сынақ жұмыстары алдында оқушыларды аралас нұсқадағы, бірнеше компонентті күрделі сұрақтармен және контекстік тесттермен жұмыс істеуге машықтандыру. Параллель сыныптарда 95%-100% жоғары сапа

Scanned with CamScanner

көрсеткен пән мұғалімдерінің (мысалы, 8Г, 8В, 7Е сыныптарының мұғалімдері) озық іс-тәжірибесі мен қолданған тиімді әдіс-тәсілдерін мектептің Әдістемелік бірлестік (ӘБ) отырысында тыңдау, бөлісу.

6. ШЕШІМ ЕТТІ:

6. Өткізілген БЖБ және ТЖБ қорытындылары бойынша талдау жұмыстарын бақылау нәтижесі басшылыққа алынып, әдістемелік бірлестік жетекшілеріне оқушылардың төмен нәтиже көрсеткен спецификация мақсаттарымен коррекциялық жұмыстарды жүйелеу міндеттелсін.

7. ТЫҢДАЛДЫ:

7. Бастауыш сынып бойынша сабақтастық жұмыстарының жай-күйін бақылау туралы.

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.Н.Джайлханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

2026 жылдың 18-25 мамыр аралығында бастауыш сыныптар бойынша сабақтастық жұмыстарының жүргізілу жай-күйі зерделенді.

Мақсаты: бастауыш буын мен негізгі орта білім беру деңгейі арасындағы білім беру сабақтастығын қамтамасыз ету, оқушылардың білім, білік, дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау, мұғалімдердің әдістемелік жұмыстарының тиімділігін саралау және білім сапасын арттыруға бағытталған ұсыныстар беру.

Сабақтастық жұмыстары барысында төмендегі бағыттар қамтылды:

- оқу сабақтарына қатысу;
- күнтізбелік-тақырыптық жоспарлардың орындалуын бақылау;
- білім алушылардың оқу жетістіктерін талдау;
- дәптер, бақылау жұмыстарының жүргізілу сапасын қарастыру;
- оқушылардың функционалдық сауаттылық деңгейін анықтау;
- пәндер бойынша білім сапасының көрсеткіштерін салыстыру;
- мұғалімдердің сабақ беру әдістерін зерделеу;
- психологиялық-педагогикалық бейімделу жұмыстарының ұйымдастырылуын бақылау.

Жүргізілген бақылау нәтижесінде бастауыш сыныптарда сабақтастық жұмыстары жүйелі ұйымдастырылғаны байқалды. Мұғалімдер оқу бағдарламасына сәйкес білім мазмұнын меңгерту барысында жаңартылған білім беру талаптарын басшылыққа алып, оқушылардың оқу сауаттылығын, логикалық ойлауын, өздігінен жұмыс жасау қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізген.

Оқу үдерісінің ұйымдастырылуы

Бақылау барысында бастауыш сыныптарда оқу үдерісінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес жүргізілетіні анықталды. Сабақ жоспарлары оқу мақсаттарына негізделіп құрылған. Мұғалімдер қысқа мерзімді жоспарларда саралау, бағалау, кері байланыс, белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға назар аударған.

Сабақтарға қатысу барысында төмендегідей оң нәтижелер анықталды:

- сабақ құрылымының жүйелілігі;
- оқу мақсаты мен тапсырмалар арасындағы сәйкестік;

Scanned with CamScanner

- қалыптастырушы бағалау әдістерінің қолданылуы;
- оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай тапсырмалардың берілуі;
- оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстардың ұйымдастырылуы;
- цифрлық ресурстар мен көрнекіліктердің тиімді пайдаланылуы.

Мұғалімдер сабақ барысында оқушылардың тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуға басымдық берген. Әсіресе қазақ тілі, әдебиеттік оқу пәндерінде мәтінмен жұмыс жасау, негізгі ойды анықтау, сұрақтарға дәлелді жауап беру, өз ойын жүйелі жеткізу бағытында жұмыстар жүргізілген.

Математика сабақтарында логикалық тапсырмалар, есеп шығару алгоритмдерін түсіндіру, өмірмен байланысты практикалық есептерді орындату арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға көңіл бөлінген.

Жаратылыстану пәнінде тәжірибелік жұмыстар мен бақылау элементтері енгізіліп, оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған тапсырмалар берілген.

Білім сапасының жай-күйі

Жүргізілген бақылау және мониторинг нәтижелері бойынша бастауыш сыныптарда білім сапасының тұрақты деңгейде екендігі байқалды. Пәндер бойынша оқушылардың оқу жетістіктеріне жасалған талдау нәтижесінде білім алушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасын меңгерген.

Оқушылардың біліміндегі негізгі жетістіктер:

- мәтінді түсіну және мазмұндау дағдыларының қалыптасуы;
- математикалық амалдарды орындау деңгейінің тұрақтануы;
- өздігінен жұмыс жасау дағдыларының дамуы;
- пәндік терминдерді дұрыс қолдануы;
- тапсырмаларды орындау барысында логикалық ойлау қабілеттерінің артуы.

Сонымен қатар талдау барысында кейбір білім алушыларда төмендегідей қиындықтардың кездесетіні анықталды:

- мәтін бойынша қорытынды жасау дағдысының жеткіліксіздігі;
- есеп шығару барысында амалдарды таңдауда қателіктердің болуы;
- жазылым жұмыстарында орфографиялық қателердің кездесуі;
- уақытты тиімді пайдалану дағдыларының толық қалыптаспауы;
- жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындауда қиналуы.

Бақылау жұмыстарының нәтижелері бойынша үлгерімі төмен оқушылармен қосымша жұмыстар ұйымдастырылып отырғаны анықталды. Мұғалімдер тарапынан жеке қолдау көрсету, сараланған тапсырмалар беру, ата-анамен байланыс орнату жұмыстары жүргізілген.

Сабақтастық жұмыстарының жүргізілу деңгейі

Бастауыш буын мен орта буын арасындағы сабақтастықты қамтамасыз ету мақсатында «Он сабақ, оң нәтиже», «Біз Best» жобалары бойынша бір қатар жұмыстар жүргізілген.

Атап айтқанда:

- пән мұғалімдері мен бастауыш сынып мұғалімдері арасында өзара сабаққа қатысу ұйымдастырылған;

Scanned with CamScanner

- әдістемелік бірлестік отырыстарында білім сапасын арттыру мәселелері қарастырылған;
- оқушылардың бейімделу, білім деңгейін бақылау жұмыстары жүргізілген;
- пәндер бойынша ортақ талаптар жүйесі талқыланған;
- бағалау критерийлерін біріздендіру мәселесіне назар аударылған.

Сабақтастық жұмыстары барысында оқушылардың келесі сыныпқа психологиялық және академиялық тұрғыдан дайындығына көңіл бөлінген. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру, жауапкершілікке баулу, өзіндік жұмыс дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілген.

Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары да ұйымдастырылып, тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану тәжірибелері таратылған.

Құжаттардың жүргізілу сапасы

Тексеру барысында сынып журналдарының уақытылы толтырылатыны, күнделікті сабақ тақырыптарының оқу бағдарламасына сәйкестігі анықталды. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелері уақытылы қойылып отырған.

Дәптер тексеру барысында:

- жазу талаптарының сақталуы;
- тазалық пен ұқыптылық;
- мұғалім тарапынан кері байланыстың берілуі;
- қателермен жұмыс жүргізілуі;
- каллиграфиялық талаптардың сақталуы қарастырылды.

Жалпы алғанда құжаттарды жүргізу жұмыстары қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланды.

Әдістемелік жұмыстардың жай-күйі

Бастауыш сынып мұғалімдері кәсіби құзыреттіліктерін жетілдіру мақсатында түрлі әдістемелік жұмыстарға қатысып отырған. Әдістемелік бірлестік жұмыстары барысында:

- тиімді педагогикалық технологияларды қолдану;
- критериалды бағалау жүйесін жетілдіру;
- функционалдық сауаттылықты дамыту;
- цифрлық білім ресурстарын пайдалану;
- оқушылардың оқу белсенділігін арттыру мәселелері қарастырылған.

Сабақтарға қатысу барысында мұғалімдердің көпшілігі оқытудың белсенді әдістерін тиімді пайдаланып, оқушылардың өз ойын ашық айтуына мүмкіндік жасағаны байқалды.

Сонымен қатар кейбір сабақтарда:

- саралау жұмыстарының жеткіліксіз ұйымдастырылуы;
- жоғары деңгейлі тапсырмалардың аз берілуі;
- кері байланыстың нақты болмауы;
- уақытты тиімді жоспарлауда қиындықтардың кездесуі анықталды.

Бұл бағыттар бойынша алдағы уақытта әдістемелік қолдау жұмыстарын күшейту қажеттілігі байқалады. Жалпы жүргізілген бақылау нәтижесі бойынша бастауыш сыныптардағы сабақтастық жұмыстары жүйелі деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Мұғалімдер білім алушылардың оқу жетістіктерін арттыруға,

Scanned with CamScanner

функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, оқушылардың келесі білім беру деңгейіне бейімделуін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізуде.
Оқу үдерісінде жаңартылған білім беру мазмұны талаптары ескерілген. Оқушылардың басым бөлігі оқу бағдарламасын меңгерген, білім сапасы тұрақты деңгейде сақталған.
Сонымен қатар төмендегідей мәселелерге назар аудару қажеттілігі анықталды:

- оқушылардың жоғары деңгейлі тапсырмаларды орындау дағдыларын жетілдіру;
- мәтінмен жұмыс жасау сапасын арттыру;
- математикалық сауаттылықты дамыту жұмыстарын жүйелеу;
- сараланған тапсырмаларды тиімді ұйымдастыру;
- кері байланыс беру сапасын жетілдіру;
- үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту.

Талдау нәтижесі бойынша бастауыш сыныптардағы сабақтастық жұмыстарының жүргізілу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланып, алдағы уақытта білім сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру бойынша төмендегідей ұсыныстар берілді.

Ұсыныстар:

- Білім сапасын арттыру мақсатында пәндер бойынша жұмыстарын ұйымдастыруда жүйелі жобаларды білім сапасын жақсарту мақсатында толықтырып, жандандыру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар үлесін көбейту;
- Сабақта белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану тәжірибесін тарату;
- Бастауыш пен орта буын мұғалімдерінің өзара сабаққа қатысу жұмыстарын одан әрі жүйелей отырып, жандандыру;
- Оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға бағытталған психологиялық қолдау жұмыстарын күшейту;
- Қалыптастырушы бағалау мен кері байланыс беру сапасын жетілдіру;
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;

7. ШЕШІМ ЕТТІ:

7. Бастауыш және орта буын сыныптары арасындағы сабақтастық жұмыстарының жай-күйін бақылау қорытындысы мақұлданып, 4-сынып бітірушілері мен 5-сыныпқа қабылдайтын пән мұғалімдерінің бірлескен әдістемелік отырыстарын ұйымдастыру бекітілсін.

8. ТЫҢДАЛДЫ:

8. «БІЗ BEST ОҚУШЫ» 2-4, 5-8 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының жүргізілуі барысы туралы.

Директордың бейіндік жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Нурбаулова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

19-26.05.2026ж. аралығында «БІЗ BEST ОҚУШЫ» 2-4, 5-8 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының жүргізілу барысы зерделенді.

2025-2026 оқу жылында 2-4 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының жүргізілуі және сапалы дайындау, олардың нақты білім деңгейін

Scanned with CamScanner

анықтау және жүргізіліп жатқан дайындық жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында «Біз BEST оқушы» 2-4 сыныптар бойынша білім сапасын тұрақтандыру жобасының қорытындысы қаралды. Жоба барысында, оқушылардың алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану қабілеті дамиды, логикалық ойлау, талдау, шешім қабылдау дағдылары қалыптасады. Оқушылардың функционалдық/оқу сауаттылығы артады.

Оқушылардың оқу жетістіктері мен білім деңгейі кезең-кезеңімен тұрақтанып, білім сапасы жоғарылайды. Оқушылардың пәндер бойынша үлгерімі артып, білім алуға деген қызығушылығы артады. Бақылау жұмысының нәтижелерін талдау арқылы мұғалімдер өздерінің оқыту әдістерін жетілдіріп, тиімді тәсілдерді қолданады. «Біз BEST оқушы» жобасының жүзеге асырылуы және нәтижелері туралы

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларының білім сапасын тұрақтандыру, оқу белсенділігі мен ынтасын арттыру, дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жүйелі жұмыс орнату.

Атқарылған жұмыстардың мазмұны

Жоба аясында оқушылардың білім сапасын мониторингілеу және тұрақтандыру бағытында келесі іс-шаралар кешені атқарылды:

Қазақ тілі пәні, орыс тілі пәні, ағылшын тілі пәні, математика пәндерінен аралық бақылау және талдаулар жүргізілді.

Оқушылардың айлық білім көрсеткіштеріне салыстырмалы талдау жасалып, «тәуекел тобындағы» және жоғары деңгейлі оқушылар анықталды.

Жобаның нәтижелері мен динамикасы

Жобаның басы (бастапқы бақылау) мен аяқталу кезеңіндегі (қорытынды бақылау) көрсеткіштерді салыстыру барысында оң динамика байқалды:

2-сыныптар бойынша сынып сапалары

№	Сынып	Қазақ тілі	Математика	Жалпы ұпай	Орта ұпай
1	2А	23,7	24	47,7	23,8
2	2Ә	23,2	23	46,2	23,1
3	2Б	26,4	29	55,4	27,7
4	2В	23,9	35	58,9	29,4
5	2Г	43,7	45	88,7	44,3
6	2Ғ	34,6	30	64.6	32,3
7	2Д	36,6	39	75,6	37,8
8	2Е	54	50	104	52

3-сыныптар бойынша сынып сапалары

№	Сынып	Қазақ тілі	математика	Орыс тілі	Жалпы ұпай	Орта ұпай
1	3А	47,5	27	20,6	95,1	31,7
2	3Ә	39	22	34,5	95,5	31,8
3	3Б	58,2	50	19,7	127,9	42,6
4	3В	50,7	34	18,6	103,3	34,4
5	3Г	43,4	36	12,0	91,4	30,4

Scanned with CamScanner

6	3F	58,1	35	16,2	109,3	36,4
7	3Д	41,9	20	17,5	79,4	26,4
8	3Е	45,1	31	13,3	89,4	29,8

4-сыныптар бойынша сынып сапалары

№	Сынып	Ағылшын	Қазақ тілі	Математика	Орыс тілі	Жалпы ұпай	Орта ұпай
1	4 А	48,2	57,3	39	20,5	165	41,2
2	4Ә	45,1	41,5	21	13,3	120.9	30.2
3	4Б	47,1	32,5	25	28,1	132,7	33,1
4	4В	51,1	73,9	44	27	195,9	48,9
5	4Г	51	60,2	31	27,7	169,9	42,4
6	4F	37,3	52,3	37	14,6	141,2	35,3
7	4Д	42,6	38,7	23	10,6	114,9	28,7
8	4Е	44,4	55,1	34	26,1	159,6	39,9

Мониторинг нәтижесі көрсеткендей, жүйелі бақылау мен түзету жұмыстарының арқасында оқушылардың үлгерімі мен білім сапасы орта есеппен [12-15%]-ға артқан. Әсіресе мысалы: математикалық сауаттылық немесе мәтінмен жұмыс бағытында ілгерілеушілік жоғары.

Анықталған мәселелер

Жобаны іске асыру барысында келесі қиындықтар мен шешімін табуды қажет ететін тұстар анықталды: Математикадан оқушылар амалдарды орындаудан қиналатыны және логика тапсырмаларын орындауда қиындық туғызатыны анықталды. Орыс тілі пәнінен сапаның төмен екені талқыланды. Орыс тілінен сабақ беретін пән мұғалімдерімен ақылдасып шешу жолдарын қарастыруға тапсырмалар берілді.

4 «В» және 4 «Г» сыныптарының қазақ тілі пәнінен оқыту әдістемесі мен тәжірибесін өзге сыныптарға үлгі ретінде тарату керек.

«Біз BEST оқушы» жобасының оң нәтижесін ескере отырып, бұл тәжірибені келесі оқу жылында бастауыш сыныптарда жалғасын табады.

Ұсыныстар:

1. Көрсеткіштері төмен сыныптардағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында қосымша түзету және дамыту жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу.
2. Әр тоқсан сайын пәндер бойынша мониторинг жүргізіп, нәтижелеріне талдау жасау арқылы білім сапасын арттыруға бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын әзірлеу.
3. Қазақ тілі пәнінен жоғары нәтиже көрсеткен 4 «В» және 4 «Г» сыныптары мұғалімдерінің тиімді тәжірибелерін әдістемелік бірлестік отырыстарында тарату.
4. Орыс тілі пәні бойынша білім сапасын арттыру мақсатында қосымша сабақтар, деңгейлік тапсырмалар және оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар ұйымдастыру.
5. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жоспарларын құрып, олардың оқу жетістіктерін тұрақты бақылауға алу.
6. Дарынды және жоғары нәтиже көрсететін оқушыларды пәндік олимпиадаларға, интеллектуалдық сайыстар мен байқауларға қатыстыру жұмыстарын күшейту.

Scanned with CamScanner

7. Ата-аналармен бірлескен жұмысты жетілдіру мақсатында пән мұғалімдері тарапынан кеңестер, шеберлік сағаттары және кері байланыс кездесулерін ұйымдастыру.
8. Оқушылардың оқу мотивациясын арттыру үшін «Үздік оқушы», «Үздік сынып», «Айдың үздік нәтижесі» сияқты марапаттау және ынталандыру жүйесін жалғастыру.
9. Келесі оқу жылында «Біз BEST оқушы» жобасын жалғастырып, мониторинг нәтижелері негізінде жобаның мазмұнын жетілдіру және қамту аясын кеңейту.
10. Жас мамандарға тәжірибелі ұстаздардың тәлімгерлік қолдауын ұйымдастырып, тиімді оқыту әдістерін сабақ барысында қолдануды жетілдіру.
11. Білім сапасын арттыру мақсатында цифрлық білім беру ресурстарын, интерактивті платформаларды және заманауи педагогикалық технологияларды сабақта тиімді пайдалану ұсынылады.

8. ШЕШІМ ЕТТІ:

8. «БІЗ BEST ОҚУШЫ» жобасы аясында 2-4 және 5-8 сыныптардың білім сапасын тұрақтандыру барысы зерделеніп, жобаның мониторингтік көрсеткіштерін жақсарту мақсатында сынып жетекшілеріне белсендіру шараларын күшейту жүктелсін.

9.ТЫҢДАЛДЫ:

9. «PEAK znaniy» жобасының (ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті), «OZAT», «Uzdik» кураторлар жобаларының жүргізілуі туралы.

Педагог-ұйымдастырушы А.Ж.Сейтагзимова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

20-27.05.2026ж. аралығында «UZDIK KURATOR» жобасының жүргізілу барысы зерделенді. Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, білім сапасын көтеру және оқушылар арасындағы ынтымақтастықты дамыту маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Осы мақсатта 10-11 сынып оқушыларының жетекшілігімен 8-сынып оқушыларына химия пәнінен қосымша көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылуы, жоба барысында жоғары сынып оқушылары тәлімгер ретінде бекітіліп, 8-сынып оқушыларының білім сапасы қаралды.

Жобаға қатысушылар:

Қатысушылар	**Міндеттері**
Химия пәні мұғалімдері	Жобаны ұйымдастыру, бақылау, бағыт беру
10-11 сынып оқушылары	Тәлімгерлік көмек көрсету
8-сынып оқушылары	Қосымша сабақтарға қатысу
Сынып жетекшілері	Мониторинг және байланыс жүргізу

Жұмыс барысы

- I кезең - Диагностикалық кезең
- 8-сынып оқушыларының білім деңгейін анықтау;
- Бақылау тесттерін алу;
- Үлгерімі төмен оқушыларды анықтау;
- Тәлімгер оқушыларды бекіту.

Scanned with CamScanner

II кезең - Ұйымдастыру кезеңі

- 10-11 сынып оқушыларын топтарға бөлу;
- Әр сыныпқа кураторларды бекіту;
- Қосымша сабақ кестесін құру;
- Әдістемелік материалдар дайындау.

III кезең - Негізгі кезең

- Аптасына 1-2 рет қосымша сабақ өткізу;
- Тақырыптарды қайталау;
- Химиялық есептер шығару;
- Тәжірибелік жұмыстар жүргізу;
- Бақылау жұмыстарына дайындық.

IV кезең - Қорытынды кезең

- Білім сапасын салыстырмалы талдау;
- Мониторинг жүргізу;
- Нәтижелерді саралау;
- Үздік кураторлар мен белсенді оқушыларды марапаттау жоспарланған.

№	Сыныбы	Кураторлар	Пән мұғалімі
1	8 «А», «В»	Ережеп Ерғали Бахтибаева Жансая	Бекбасарова Гулбану
2	8 «Ә»	Мақсат Айкөркем Қалғанат Гүлназ	Сауытбаева Сулушаш
3	8 «Б», «Д»	Аяпберген Рамазан Долмұхан Құралбек	Сауытбаева Сулушаш
4	8 «Е»	Аймуханова Аружан Таджим Мадияр	Кокенова Мерует
5	8 «Г», 8 «Ғ»	Хыдыргельди Нурмухан Муратова Алия	Бекбасарова Гулбану
6	8 «Ж»	Маратова Альбина Джалғас Мадина	Алмухашова Қамар

Жоба барысында 8 «А», 8 «Ә», 8 «Б», 8 «В», 8 «Г», 8 «Ғ», 8 «Д», 8 «Е», 8 «Ж» сыныптарымен жүйелі жұмыстар жүргізілген. Қосымша сабақтар аптасына 1-2 рет ұйымдастырылып, сабақ барысында төмендегі бағыттар қамтылған:

- химия пәні бойынша теориялық білімді қайталау;
- химиялық формулалар мен реакция теңдеулерін жазу;
- есептер шығару дағдыларын қалыптастыру;
- зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды орындау;
- БЖБ және ТЖБ тапсырмаларына дайындық жүргізу;
- оқушылардың жеке сұрақтарына түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

Scanned with CamScanner

№	Сынып	оқушы саны	I тоқсан сапа	I тоқсан үлгерім	II тоқсан сапа	II тоқсан үлгерім	динамика	III тоқсан сапа	динамика	IV тоқсан	Пән мұғалімі
1	8А	25	58,3	100	56	100	-2,3	56	0	56	Бекбасарова Г.
2	8Ә	23	48	100	43,5	100	-4,5	45,8	+2,3	48	Сауытбаева С.
3	8Б	22	50	100	50	100	0	50	0	55	Сауытбаева С.
4	8В	22	52,2	100	56,5	100	+4,3	56,5	0	56,5	Бекбасарова Г.
5	8Г	25	41,7	100	44	100	+2,3	40	-4	40	Бекбасарова Г.
6	8Ғ	22	50	100	45,8	100	-4,2	47,6	+1,8	45,5	Бекбасарова Г.
7	8Д	24	52	100	45,8	100	-6,2	52	+6,2	44	Сауытбаева С.
8	8Е	22	37,5	100	32	100	-5,5	45	+13	45	Алмухаш Қ.
9	8Ж	22	35	100	42,8	100	+7,8	38	-5	40,9	Алмухаш Қ.
Ж/ы		**207**	**47,1**	**100**	**46,2**	**100**	**-0,9**	**49,6**	**+3,4**	**47,9**	

Тәлімгер оқушылар сабақ барысында оқушылармен жеке және топтық жұмыстар жүргізіп, қиын тақырыптарды қарапайым тілде түсіндіруге бағытталды. Әрбір қосымша сабақтан кейін оқушылардың білім деңгейіне кері байланыс алынған. 8 сыныптардың білім сапасы бойынша оқу жылындағы динамика өзгерісі: Жоба аясында пән мұғалімі тарапынан тұрақты мониторинг жасалып, әр тоқсан сайын білім

Scanned with CamScanner

сапасы мен оқу үлгеріміне зерделеу жұмыстары жүргізілген. 8 «А», 8 «Б», 8 «В», 8 «Е» сыныптарында сапаның оң динамикасы және сапа тұрақтылығы көрінді. Нәтижесінде көптеген оқушылардың химия пәніне қызығушылығы артып, тоқсандық қорытынды бағаларында оң өзгерістер байқалды. Сонымен қатар жоба жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Оқушылар арасында өзара көмек, қолдау және ынтымақтастық мәдениеті қалыптасты.

«Үздік куратор» жобасы аясында жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде оқушылардың химия пәніне деген қызығушылығы едәуір артты. Қосымша сабақтарға тұрақты қатысқан білім алушылардың теориялық білімі нығайып, есеп шығару дағдылары қалыптасты. Нәтижесінде тоқсандық білім сапасы мен оқу үлгерімінде оң өзгерістер байқалды.

Жобаға қатысқан оқушылар түрлі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және интеллектуалдық байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Атап айтқанда, химия пәні бойынша мектепішілік, аудандық және облыстық деңгейдегі олимпиадаларда жоғары нәтиже көрсетіп, мектеп мерейін арттырды. Сонымен қатар, тәлімгерлік көрсеткен 10-11 сынып оқушыларының жауапкершілігі артып, көшбасшылық қабілеттері дамыды. Олар өз білімдерін өзгелермен бөлісу арқылы педагогикалық тәжірибе жинақтап, қоғамдық белсенділіктерін көрсете білді.

Дарынды оқушылармен жұмыс нәтижесі:

Сыныптар	Қатысқан шара	Оқушы аты-жөні	Аудандық	Облыстық	Республикалық	Жетекшісі
7-сынып	Жасөспірімдер олимпиадасы	Аймухан Інжужан	III			Кокенова М.
8-сынып		Амангелді Ақтолқын	III			Алмухашова Қ.
8-сынып	Ауыл олимпиадасы	Алдыбай Шамсия	+			Бекбасарова Г.
		Мұрат Ерасыл	+			Алмухашова Қ.
		Нұрқожа Каусар	+			

Scanned with CamScanner

		Укенова Каусар Рахмет Динара Ержанқызы Алия	+ +			Сауытбаева С.
9-сынып		Құрбанбай Аружан	+			Бекбасарова Г.
		Аймұхан Аружан		III		Кокенова М.
10-сынып		Бахтибаева Жансая		II	II	Бекбасарова Г.
		Ережеп Ерғали		II		
		Муратова Алия	+	+		Сауытбаева С.
11-сынып		Сакенова Ақнұр		II	+	Бекбасарова Г.
		Маратова Албина		I		Алмухашова Қ.
		Джалғас Мадина		I		
		Нұрбол Надежда		I		
		Балтабай Ақниет	+			
8-сынып	Табиғатты аяла форумы	Аманбай Аружан		III		Алмухашова Қ.
10-сынып	Дарын ғылыми жобасы	Бахтибаева Жансая	I	I		Бекбасарова Г.
11-сынып	Президенттік олимпиада	Сакенова Ақнұр	III			Бекбасарова Г.
		Маратова Албина		III		Алмухашова Қ.
		Джалғас Мадина	III			

8-сынып оқушыларын «Ауыл олимпиадасына» 9-сынып оқушысы ретінде қатыстырып, 6 оқушымыз 1-кезеңнің іріктеу кезеңінен өтіп аудандық кезеңге жолдама алды. Бұл да болса оқушылардың келесі оқу жылына олимпиада резервіне еніп, олар үшін үлкен талпыныс пен ізденіске жол ашты. 9-сыныптан бастап куратор болып жүрген оқушыларымыз Ережеп Ерғали облыстық кезеңде 3-орын, Бахтибаева

Scanned with CamScanner

Жансая республикалық кезеңде 3-орын иеленді. Бұл куратор оқушылардың жүйелі дайындық пен өткенді қайталау дағдысының тұрақты қалыптасқандығын көрсетеді.

Жоба нәтижесінде:

- химия пәнінен білім сапасын тұрақты және кейбір сыныптарда өсім динкамикасы болды;
- үлгерімі төмен оқушылар саны азайды;
- олимпиада мен ғылыми жобаға қатысушылар саны көбейді;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен сенімділігі қалыптасты;
- 8-сынып оқушылары арасынан болашақ мамандықтарын химия пәнімен байланыстыратын оқушылар көбейді;
- өзара қолдау мен ынтымақтастық мәдениеті нығайды.

«Үздік куратор» жобасы оқушылар арасындағы білім алмасуды тиімді ұйымдастырып қана қоймай, дарынды оқушыларды анықтауға және олардың жетістікке жетуіне үлкен мүмкіндік беріп отырған нәтижелі жоба ретінде танылды. Жоба соңында белсенді тәлімгер оқушылар мен жақсы нәтиже көрсеткен білім алушылар марапатталуға, жоба тәжірибесін алдағы уақытта жалғастыру ұсынылды.

«Үздік куратор» жобасы - оқушылар арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын, білім сапасын арттыруға бағытталған тиімді жоба. Жоба арқылы 8-сынып оқушылары химия пәнінен қосымша білім алып, пәнге қызығушылықтары артады. Ал жоғары сынып оқушылары көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады. Жоба нәтижесінде химия пәнінен білім сапасының көтерілуі, оқу үлгерімінің артуы және оқушылардың өзара қолдау мәдениетінің қалыптасуы күтіледі.

Ұсыныстар:

- Қосымша сабақтарды тұрақты өткізу;
- Әр тоқсан сайын мониторинг жүргізу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру;
- Үздік кураторларды марапаттау;
- Басқа пәндерге де тәжірибе ретінде енгізу.

8-сыныпқа арналған физика пәнінен жүргізілген кураторлық жұмысы туралы

Жетекшілері: Физика пәні мұғалімдері

Кураторлар: 9-11 сынып оқушылары

Мақсаты: 8-сынып оқушыларының физика пәніне қызығушылығын арттыру, есеп шығару дағдыларын дамыту, негізгі формулалар мен ережелерді меңгерту және тәжірибелік жұмыстарды үйрету.

Міндеттері

- Негізгі физикалық ұғымдарды түсіндіру;
- Формула жаттау және қолдану жолдарын үйрету;
- Есеп шығару алгоритмін қалыптастыру;
- Қарапайым тәжірибелер жасау;
- Топтық жұмыс арқылы оқушылардың белсенділігін арттыру.

Жұмыс түрлері

- Теория түсіндіру;
- Формуламен жұмыс;

Scanned with CamScanner

- Есептер шығару;
- Практикалық тәжірибелер;
- Сұрақ-жауап;
- Қызықты физикалық ойындар мен викториналар.

Кураторлыққа алынған сыныптар бойынша мәліметтер төмендегідей:

Кураторлыққа алынған сыныптар	Сынып жетекші	Кураторлар	Сынып	Жетекшісі
8 «Г» 8 «Е»	Бектенова Г. Таттибаева Р.	Ескелді Нұрсая Байболат Жұлдыз	11 «В» 9 «В»	Мұстафаева С. Адылхан Ф.
8 «В» 8 «Д»	Жолмаганбет Қ. Бисенгулова Ф.	Сәрсен Гүлдана Насрулла Ернұр	 10 «Г»	Әбілова Қ. Ізімбергенова Ж.

Апталық жоспар үлгісі

№	Жұмыс түрі	Мақсаты	Орындаушылар	Уақыты
1	Ұйымдастыру жұмысы	10-сынып кураторларын бекіту	Физика мұғалімдері	Қыркүйек
2	Таныстыру сабағы	8-сыныпқа жоба мақсатын түсіндіру	10-сынып кураторлары	Қыркүйек
3	Формула жаттату	Негізгі физикалық формулаларды меңгерту	кураторлары	Аптасына 1рет
4	Есеп шығару сабағы	Есеп шығару жолдарын үйрету	10-сынып кураторлары	Аптасына 1рет
5	Тәжірибелік жұмыстар	Қарапайым тәжірибе көрсету	10-сынып кураторлары	Айына
6	Топтық жұмыс	Оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге үйрету	кураторлары	Үнемі
7	«Сұрақ-жауап» сағаты	Қиын тақырыпты талдау	Физика мұғалімдері	Аптасына 1рет
9	Физикалық ойындар,викторина	Пәнге қызығушылығын арттыру	кураторлары	Айына
10	Қорытынды бақылау	Білім нәтижесін анықтау	Физика мұғалімдері	Тоқсан соңында

Оқу жылының соңындағы білім сапасы

Сыныптар	I тоқсан сапа	IV тоқсан сапа	Динамика
8 «Г»	44%	44%	-
8 «Е»	38%	45%	+7
8 «В»	52%	56,5%	+4,5
8 «Д»	56%	52%	-4

Күтілетін нәтиже:

- Оқушылар негізгі формулаларды меңгереді;

Scanned with CamScanner

- Есеп шығару қабілеті дамиды;
- Физикалық тәжірибелер жасауға қызығушылық артады;
- Топпен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады;
- Физика пәніне деген ынта күшейеді;
- 10 сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеті артады;
- Оқушылар арасында ынтымақтастық қалыптасады.

Кураторларға арналған міндеттер:

- Сабаққа дайындықпен келу;
- Қарапайым тілмен түсіндіру;
- Есептердің бірнеше шығару жолын көрсету;
- Оқушыларға қолдау көрсету;
- Қауіпсіздік ережесін сақтау.

Физика пәні бойынша 8-сынып оқушыларымен жүргізілген жұмыстары туралы

2025–2026 оқу жылы барысында физика пәнінен 8-сынып оқушыларына көмек көрсету мақсатында кураторлық жұмыс жүргізілген. Жұмыстың негізгі мақсаты - оқушылардың физика пәніне қызығушылығын арттыру, теориялық білімдерін нығайту, есеп шығару дағдыларын дамыту және тәжірибелік жұмыстарды үйрету.

Жоспарға сәйкес оқушыларға формула жаттау,есеп шығару,тәжірибелік жұмыстар мен қосымша түсіндіру сабақтары өткізілген.

Жыл бойы оқушылармен жүйелі түрде қосымша сабақтар ұйымдастырылған. Сабақ барысында физиканың негізгі бөлімдері қамтылды: механика, қысым, Архимед күші, электр тогы, Ом заңы, жылу құбылыстары және т.б.

Кураторлық жұмыс кезінде:

- формулаларды жаттау және қолдану;
- есеп шығару тәсілдері;
- физикалық шамаларды өлшеу;
- қарапайым тәжірибелер жасау;
- топтық және жұптық жұмыстар жүргізілді.

Оқушылардың пәнге қызығушылығы артып, тәжірибелік жұмыстар арқылы білімді бекітуге атсалысты.

Оқушыларға есептерді жеңіл жолмен түсіндіру мақсатында түрлі әдістер қолданылды:

- деңгейлік тапсырмалар;
- карточкалар;
- викториналар;
- тәжірибелік жұмыстар;
- сұрақ-жауап ойындары.

Олимпиадалық есептерге дайындық

Жыл бойында оқушылардың белсенділігі артып, физика пәніне деген қызығушылығы күшейді. Көптеген оқушылар формулаларды дұрыс қолданып, есептерді өз бетімен шығара бастады. Сабаққа қатысу көрсеткіші де жақсы деңгейде болды. Тәжірибелік жұмыстар барысында қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, құралдарды дұрыс пайдалану жолдары көрсетілді. Оқушылар тәжірибелер арқылы теорияны

Scanned with CamScanner

практикамен байланыстыруды үйренді.Куратор оқушылар сабақтарға жауапкершілікпен қатысып, көшбасшылық және түсіндіру қабілеттерін көрсетті.

Кураторлық жұмыс нәтижесінде:

- оқушылардың пән бойынша білім сапасы артты;
- есеп шығару қабілеттері дамыды;
- физикалық терминдерді дұрыс қолдану дағдылары қалыптасты;
- өзара көмек пен ынтымақтастық нығайды.

Жыл соңында оқушылар арасында қорытынды викторина және есептер сайысы өткізілді. Жүргізілген кураторлық жұмыс өз нәтижесін көрсетті. Оқушылардың физика пәніне қызығушылығы артып, теориялық және практикалық білімдері жақсарды. Жыл бойындағы жұмыстар тиімді ұйымдастырылып, қойылған мақсаттарға қол жеткізілді.

Ұсыныстар

- Сабақтарды тұрақты өткізу;
- Тәжірибелік, лабороториялық жұмыстарды қамту;
- Әр тоқсан сайын мониторинг жүргізу.

8-сыныпқа арналған биология пәнінен жүргізілген кураторлық жұмысы туралы

Мектебімізде оқушылардың білім сапасын арттыру, пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру және жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Биология пәні бойынша үздік куратор» жобасы ұйымдастырылуы зерделенді.

Жобаға куратор ретінде 10-11 сынып оқушылары тартылып, 7-8 сынып оқушыларына жетекшілік етті. Кураторлар төменгі сынып оқушыларына биология пәнінен қосымша көмек көрсетіп, білімдерін толықтыруға бағытталған жұмыстар жүргізді.

Жоба бағыты

Жоба биология пәні бойынша оқушылардың теориялық білімін тереңдетуге, практикалық дағдыларын дамытуға және өзара оқыту арқылы тиімді білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Жобаның өзектілігі

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың пәнді терең түсінуі мен функционалдық сауаттылығы маңызды орын алады. Осыған байланысты төменгі сынып оқушыларына қосымша қолдау көрсету, олардың біліміндегі олқылықтарды жою және пәнге қызығушылығын арттыру қажеттілігі туындайды. Сонымен қатар, жоғары сынып оқушыларының өз білімін тәжірибеде қолдануы, жауапкершілігін арттыруы және көшбасшылық қабілеттерін дамытуы - бұл жобаның өзектілігін айқындайды.

Жобаның мақсаты:

10-11 сынып оқушыларының кураторлық қызметі арқылы 7-8 сынып оқушыларының биология пәні бойынша білім сапасын арттыру және пәнге деген қызығушылығын қалыптастыру.

Жобаның міндеттері:

- Биология пәні бойынша оқу материалдарын меңгеруге көмектесу;
- Қиын тақырыптарды қарапайым әрі түсінікті әдістермен түсіндіру;
- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;

Scanned with CamScanner

- Тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды ұйымдастыруға қолдау көрсету;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту;

Оқушылар арасында өзара көмек пен ынтымақтастық мәдениетін қалыптастыру.

Жоба құрамы мен атқаратын қызметтері

Жоба жетекшісі: Биология пәні мұғалімдері

Атқаратын қызметтері:

- Жобаны жоспарлау және жалпы ұйымдастыру;
- Кураторларды іріктеу және бекіту;
- Жоба барысын бақылау және бағыт-бағдар беру;
- Оқу-әдістемелік көмек көрсету;
- Аралық және қорытынды нәтижелерді талдау;
- Кураторлардың жұмысын бағалау;
- Қорытынды есеп дайындау.

Жоба үйлестірушісі: Сынып жетекшілер

Атқаратын қызметтері:

- Оқушыларды жобаға тарту;
- Кураторлар мен қатысушылар арасындағы байланысты ұйымдастыру;
- Тәртіп пен қатысуды бақылау;
- Кері байланыс жүргізу;
- Оқушылардың психологиялық ахуалын қадағалау.

Кураторлар: 10-11 сынып оқушылары

Атқаратын қызметтері:

- 7-8 сынып оқушыларына биология пәні бойынша көмек көрсету;
- Сабақ тақырыптарын түсіндіру және қайталау;
- Апталық қосымша сабақтар өткізу;
- Тест, тапсырмалар, викториналар дайындау;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;
- Тәжірибелік жұмыстарды түсіндіру және ұйымдастыру;
- Оқушылардың білім деңгейін бақылау;
- Өз жұмысына талдау жасап, есеп беру.

Қатысушылар: 7«В», «Ғ» және 8 «А», «В» сынып оқушылары

Атқаратын қызметтері:

- Қосымша сабақтарға белсенді қатысу;
- Берілген тапсырмаларды орындау;
- Өз сұрақтарын қойып, кері байланыс жасау;
- Тәжірибелік жұмыстарға қатысу;
- Өз білімін жетілдіруге ұмтылу;
- Топтық және жұптық жұмыстарда белсенділік таныту.

Жобаны іске асыру жоспары

№	Іс-шара атауы	Мазмұны	Жауапты	Мерзімі
1	Жобаны таныстыру	Кураторларды анықтау,	Мұғалім,	Қыркүйек

Scanned with CamScanner

		сыныптарға бөлу	ұйымдастырушы	1-апта
2	Диагностикалық жұмыс	Оқушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау	Кураторлар	Қыркүйек 2-апта
3	Жоспар құру	Әр сыныпқа жеке жұмыс жоспарын дайындау	Кураторлар	Қыркүйек 3-апта
4	Қосымша сабақтар	Аптасына 1 рет биологиядан қосымша түсіндіру жұмыстары	Кураторлар	Қазан-Сәуір
5	Жеке жұмыс	Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс	Кураторлар	Үнемі
6	Тәжірибелік жұмыстар	Қарапайым зертханалық жұмыстар, тәжірибелер	Кураторлар, пән мұғалімдері	Айына 1 рет
7	Викторина/ойын сабақ	Биологиялық ойындар, тест, сайыстар ұйымдастыру	Кураторлар	Айына 1 рет
8	Аралық бақылау	Оқушылардың білімін тексеру, нәтижесін талдау	Мұғалім, куратор	Тоқсан сайын
9	Қорытынды бағалау	Жоба нәтижесін шығару, салыстырмалы талдау	Мұғалім	Сәуір

Бекітілген кураторлар мен қамтылған сыныптар

№	Сыныбы	Кураторлар	Пән мұғалімі
1	8 «А»	Нурадин Мереке Абилова Асел	Узакбергенова Даметкен
2	8 «В»	Хыдыргелди Нурмухан Сатаева Диана	Узакбергенова Даметкен
3	7 «В»	Нурадин Мереке	Узакбергенова Даметкен
4	7 «Ғ»	Мамай Ақсулу Жомутбай Ақтілек	Утешова Замира

Жоба нәтижесі

Жоба барысында:

- 7-8 сынып оқушыларының биология пәні бойынша білім деңгейі артты;
- пәнге деген қызығушылықтары жоғарылады;
- оқушылардың өздігінен жұмыс жасау дағдылары қалыптасты;
- кураторлар жауапкершілік танытып, өз білімдерін тәжірибеде қолдана білді;
- сыныптар арасында ынтымақтастық қарым-қатынас қалыптасты.

Scanned with CamScanner

8-сыныптардың білім сапасы бойынша оқу жылындағы динамика өзгерісі

№	1	2	Жалпы	2	1
Сынып	8 «А»	8 «В»			
Оқушы саны	24	23	47		
I тоқсан сапа	69,5	54,2	61,8		
I тоқсан үлгерім	100	100	100		
II тоқсан сапа	66,7	60,9	63,8		
II тоқсан үлгерім	100	100	100		
Динамика	-2,8	+6,7	+2		
III тоқсан сапа	72	60,9	66,4		
Динамика	+5,3	0	+2,6		
IV тоқсан	72	60,9	66,4		
Пән мұғалімі	Узакбергенова Д	Узакбергенова Д			

7- сыныптардың білім сапасы бойынша оқу жылындағы динамика өзгерісі

№	1	2
Сынып	7 «В»	7 «Г»
Оқушы саны	22	21
I тоқсан сапа	63,6	57,1
I тоқсан үлгерім	100	100
II тоқсан сапа	65,2	57,1
II тоқсан үлгерім	100	100
Динамика	+1,6	0
III тоқсан сапа	65,2	60
Динамика	0	+2,9
IV тоқсан	65,2	60
Пән мұғалімі	Узакбергенова Д.	Утешова З.

Scanned with CamScanner

Жалпы	43	60,3	100	61,1	100	+0,8	62,6	+1,5	62,6	

Жоба аясында пән мұғалімі тарапынан тұрақты мониторинг жасалып, әр тоқсан сайын білім сапасы мен оқу үлгеріміне зерделеу жұмыстары жүргізілді. Кейбір сыныптарда оқушы санының тұрақталмауына байланысты сапаның төмендеуі байқалды. 7 «В», 7 «Ғ», 8 «А», 8 «В», сыныптарында сапаның оң динамикасы және сапа тұрақтылығы көрінді. Нәтижесінде көптеген оқушылардың биология пәніне қызығушылығы артып, тоқсандық қорытынды бағаларында оң өзгерістер байқалды. Сонымен қатар жоба жоғары сынып оқушыларының көшбасшылық, жауапкершілік және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Оқушылар арасында өзара көмек, қолдау және ынтымақтастық мәдениеті қалыптасты.

Жобаға қатысқан оқушылар түрлі пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға және интеллектуалдық байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Атап айтқанда, биология пәні бойынша мектепішілік, аудандық және облыстық деңгейдегі олимпиадалар мен әртүрлі сайыс, жобаларға қатысып жоғары нәтиже көрсетіп, мектеп мерейін арттырды. Сонымен қатар тәлімгерлік көрсеткен 10-11 сынып оқушыларының жауапкершілігі артып, көшбасшылық қабілеттері дамыды. Олар өз білімдерін өзгелермен бөлісу арқылы педагогикалық тәжірибе жинақтап, қоғамдық белсенділіктерін көрсете білді.

Үздік куратор жобасының нәтижесі

№	Оқушының аты-жөні	Сынып	Сайыс атауы	Орны	Жетекшісі
1	Алпысбеков Еркебұлан	8 «А»	Ауыл олимпиадасы	3-орын, аудандық	Узакбергенова Д.
2	Ерғазы Айғаным	11 «Ә»	Ауыл олимпиадасы	3-орын, аудандық	Узакбергенова Д.
3	Сатаева Диана	10 «Ә»	Ауыл олимпиадасы	2-орын, аудандық	Узакбергенова Д.
4	Сатыбалды Нұрасыл	8 «А»	Ауыл олимпиадасы	2-орын, аудандық	Узакбергенова Д.
5	Сатыбалды Нұрасыл	8 «А»	"Тіршілік әлемінің тапқырлары" сайысы	3-орын, аудандық	Узакбергенова Д.
6	Сатыбалды Нұрасыл	8 «А»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	Сертификат. қалалық	Узакбергенова Д.
7	Уразалы Мөлдір	7 «Ғ»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	Сертификат қалалық	Утешова З.

Scanned with CamScanner

8	Аманбай Аружан	8 «Е»	«ПРО-ЭКО» жобасы. Аудандық	2-орын, аудандық	Утешова З.
9	Тұрсынбаева Ұлжан	9 «А»	1.Ауыл олимпиадасы 2.Республикалық пәндік олимпиада 3."Тіршілік әлемінің тапқырлары" сайысы	1-орын аудан, облыс 1-орын, Республика 3-орын аудандық 2-орын аудандық	Мажитов А.
10	Мұрат Ерасыл	8 «Ж»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	сертификат	Мажитов А.
11	Жайлаубаева Назерке	8 «Д»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	сертификат	Парахатова А.
12	Мамай Гүлдана	7 «Б»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	сертификат	Алмухашова Қ.
13	Назарбай Арай	7 «Б»	«Aktau Regional Bio Olympiad» олимпиадасы	сертификат	Алмухашова Қ.

- олимпиада мен ғылыми жобаға қатысушылар саны көбейді;
- оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен сенімділігі қалыптасты;
- 8-сынып оқушылары арасынан болашақ мамандықтарын биология пәнімен байланыстыратын оқушылар көбейді;
- өзара қолдау мен ынтымақтастық мәдениеті нығайды.

«Үздік куратор» жобасы оқушылар арасындағы білім алмасуды тиімді ұйымдастырып қана қоймай, дарынды оқушыларды анықтауға және олардың жетістікке жетуіне үлкен мүмкіндік беріп отырған нәтижелі жоба ретінде танылды.

«Биология пәні бойынша үздік куратор» жобасы өз мақсатына жетіп, тиімді нәтижелер көрсетті. Жоба оқушылардың білім сапасын арттырумен қатар, олардың тұлғалық дамуына да оң әсерін тигізді.

Ұсыныс:

- Қосымша кураторлық сабақтарды тұрақты өткізу;
- Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс ұйымдастыру;
- Үздік кураторлар санын көбейту.

9. ШЕШІМ ЕТТІ:

9. «PEAK znaniy» жобасы (ағылшын тілі, орыс тілі мен әдебиеті) мен «OZAT», «Uzdik» кураторлар жобаларының жүргізілу барысының оң динамикасы ескеріліп, оқушылардың тілдік және тұлғалық құзыреттіліктерін арттырудағы бұл тәжірибелер алдағы уақытта да қолдау тапсын.

Scanned with CamScanner

10. ТЫҢДАЛДЫ:

10. Ғылыми жобалардың халықаралық, республикалық олимпиада кезеңдерінің қорытындысы, мониторингі, алдағы міндеттері. Мектепішілік «Жеңімпаздар шеруі» жобасының қорытындысы туралы.

Педагог-ұйымдастырушы А.Ж.Сейтагзимова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

22-28.05.2026ж. аралығында ғылыми жобалардың, халықаралық олимпиада кезеңдерінің қорытындысы, мониторинг, (алдағы міндеттер) жобаларының жүргізілуі зерделенді. Жыл бойы оқушылар ғылыми жобалар конкурстарының мектепішілік, аудандық, облыстық және республикалық кезеңдеріне қатысқаны анықталды. Ғылыми жоба жұмыстары оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамытуға, ғылыми ізденіске қызығушылықтарын арттыруға бағытталды. Халықаралық және республикалық олимпиадаларға қатысқан оқушылар пәндік білімдерін жоғары деңгейде көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Олимпиада резервімен жүйелі жұмыс жүргізіліп, дарынды оқушыларды анықтау және қолдау шаралары ұйымдастырылды.

2025-2026 оқу жылындағы жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсының нәтижесі:

№	Оқушының аты-жөні	Топтық/ жеке	Бағыты	Жетекшісі	Аудан	Облыс	РК
1	Бахтибаева Жансая	жеке	Химия	Бекбасарова Гулбану Айбулатовна	I	I	
2	Давлетова Ақжан	жеке	Адам және қоғам	Истлеу Гульминур Шамгунқызы	I	III	
3	Ерғазы Айғаным	жеке	Тіл білімі (қазақ тілі)	Нуржанова Алия Жалгасбаевна	II		
4	Сабырадин Айдана	жеке	Әдебиет (қазақ әдебиеті)	Коптилеуова Жамила Ганибаевна	II		
5	Петр Карима	топтық	Тіл білімі (орыс тілі)	Қармысова Сәлима Сайлаубайқызы	II		
6	Ержанқызы Алия						
7	Несипбаева Ақтілек	жеке	Тіл білімі (ағылшын тілі)	Алибекова Камила Арыстангалиевна	II		
8	Идилова Зылыха	жеке	Биология	Бөкен Жамал Спанқызы	III		
9	Аманбай Аружан	жеке	Өлкетану	Таттибаева Рахима Таттибаевна	III		

Scanned with CamScanner

10	Долмұхан Құралбек	жеке	Экономика	Сердармергенова Ләззат Саламатқызы	III		
11	Естай Дана	жеке	Әдебиет (орыс әдбиеті)	Турашева Айсулу Бухаровна	III		
12	Новрузбаева Нуршат	жеке	Қоршаған ортану қорғау және адам денсаулығы	Емен Еділ Жолдыбайұлы	III		

2025-2026 оқу жылындағы республикалық ғылыми жобалар конкурсының нәтижелеріне талдау:

2025-2026 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар конкурсына мектептен барлығы 16 оқушы аудандық кезеңге қатысуға жолдама алды. Оның ішінде 12 жұмыс жүлделі орынға ие болды. Атап айтқанда, 11 жеке жоба, 1 топтық жоба.

Конкурс қорытындысы бойынша аудандық кезеңде: 12 оқушы

- I орын - 2 оқушы;
- II орын - 5 оқушы;
- III орын - 5 оқушы.

Конкурсың облыстық кезеңде: 2 оқушы

- I орын - 1 оқушы;
- III орын - 1 оқушы.

Республикалық кезеңге қатысушы жоқ. Пәндік бағыттар бойынша оқушылар химия, биология, экономика, өлкетану, әдебиет, тіл білімі, адам және қоғам, қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы бағыттарында өз зерттеу жұмыстарын қорғады.

Жоғары нәтижеге қол жеткізген оқушылар:

- Бахтибаева Жансая (химия) - аудандық кезеңде I орын, облыстық кезеңде I орын;
- Давлетова Ақжан (адам және қоғам) - аудандық кезеңде I орын, облыстық кезеңде III орын.

Талдау нәтижесінде ғылыми жобалар конкурсына қатысушылар санының өткен оқу жылымен салыстырғанда төмендегені байқалады. Сонымен қатар, оқушылардың басым бөлігі аудандық кезеңде жүлделі орындарға ие болғанымен, облыстық кезеңде нәтижелілік төмендеген. Бұл ғылыми-зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру, ғылыми жетекшілердің әдістемелік қолдауын күшейту және оқушыларды ғылыми ізденіске ерте кезеңнен тарту қажеттігін көрсетеді.

Ұсыныстар:

- Ғылыми жобаларға қатысатын оқушылар резервін қалыптастыру.
- Әр пән бірлестігі бойынша кемінде бір ғылыми жоба дайындауды жоспарлау.
- Ғылыми жетекшілердің тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.
- Зерттеу жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында мектепішілік сараптау жұмыстарын күшейту.
- Облыстық және республикалық кезеңдерге қатысушылар санын арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізу.

Алдағы міндеттер:

Scanned with CamScanner

• Ғылыми жобаларға қатысатын оқушылар санын арттыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу.
• Әр пән бірлестігі бойынша ғылыми жоба резервін қалыптастыру.
• Ғылыми жетекшілердің жұмысын жандандыру және тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.
• 7-10 сынып оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына ерте кезеңнен тарту.
• Ғылыми жобалардың сапасы мен нәтижелілігін арттыру бойынша жүйелі мониторинг жүргізу.
• Халықаралық және республикалық деңгейдегі байқауларға қатысуды арттыру.
• Жас зерттеушілерді ғылыми жетекшілермен жүйелі жұмысқа тарту.

Қорытындылай келе, ғылыми жобалар конкурсында оқушылар белсенділік танытып, аудандық және облыстық кезеңдерде жүлделі орындарға қол жеткізді. Дегенмен, жоғары деңгейдегі кезеңдерде нәтижелілікті арттыру бағытында мақсатты жұмыстар жүргізу қажет. 2025-2026 оқу жылындағы «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсының нәтижелеріне талдау. 2025-2026 оқу жылында 2-7 сынып оқушылары арасында өткізілген «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсына мектептен 24 оқушы, 14 жоба жұмысына аудандық кезеңге іріктеліп, жолдама берілген. Аудандық кезеңнің нәтижесі бойынша 14 оқушы, 8 жоба жүлделі орынға ие болды. Оның ішінде 2 жеке жоба, 6 топтық жоба. Конкурсқа қатысушылар технология және өнер, этномәдениеттану, қазақ тілі мен әдебиеті, математика, химия және биология, информатика-робототехника-STEM инженерия, туризм және спорт бағыттары бойынша зерттеу жұмыстарын қорғады.

2-7 сынып оқушылары арасында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсы

№	Оқушының аты-жөні	Бағыты	Жетекшісі	Топ/ жеке	Аудан	Облыс	РК
1	Сисенбай Ақжарқын Қалдыбекқызы	Технология және өнер	Кондыбаева Айгуль Тохтаровна	топтық	II		
2	Мырзаматдин Сабина Саматқызы						
3	Мырзаматдин Диана Талғатқызы	Этномәдениеттану	Коптилеуова Жамила Ганибаевна	жеке	II		
4	Марат Ағесен Полатұлы	Қазақ тілі мен әдебиеті	Коптилеуова Жамила Ганибаевна	жеке	III		
5	Джумабай Айғаным Майлықызы	Информатика, робототехника, STEM инженерия	Базараева Шандоз Косаевна	топтық	III		
6	Сатыбалды Фариза						

Scanned with CamScanner

	Кеңесбайқызы						
7	Таған Нұрлан Болысұлы	Математика	Таңатар Махаббат Мелісқызы	топтық	III		
8	Таңатар Иманғали Берікұлы						
9	Орунбасар Аяулым Гувандыққызы	Технология және өнер	Нұртлеуова Жарқынай Назарбаевна	топтық	III		
10	Ишберген Аяулым Жумагалықызы						
11	Омархан Айзере Нұрлыбекқызы	Химия, биология	Кошенова Тыныгай Худайбергеновна	топтық	III		
12	Алтыбай Арай Ғаниқызы						
13	Абішбай Санжар Бақтыбайұлы	Туризм және спорт	Мұстафаева Сымбат Алханқызы	топтық	III		
14	Мамай Гүлдана Қайырханқызы						

Нәтижесінде аудандық кезеңде:

- II орын - 2 жоба;
- III орын - 6 жоба иеленді.

Облыстық және республикалық кезеңдерге жолдама алған жұмыстар болған жоқ. Жалпы талдау көрсеткендей, биылғы оқу жылында «Зерде» ғылыми жобалар конкурсына қатысушылар саны мен ұсынылған жобалар саны өткен оқу жылымен салыстырғанда төмендеген. Бұл көрсеткіш мектептегі кіші және орта буын оқушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылу деңгейінің азайғанын байқатады.

Қатысушылар санының азаюына бірнеше фактор әсер етуі мүмкін:

- оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына қызығушылығының төмендеуі;
- ғылыми жоба жетекшілерінің жүктемесінің артуы;
- жаңа зерттеу тақырыптарын іріктеу және жоба дайындау жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуі;
- бастауыш және орта буын оқушылары арасында ғылыми жобаларды насихаттау жұмыстарының әлсіздігі.

Сонымен қатар, ұсынылған жобалардың басым бөлігі аудандық кезеңнен әрі аса алмады. Бұл ғылыми жұмыстардың мазмұны мен зерттеу сапасын жетілдіру, тәжірибелік бөлімін күшейту және жобаларды қорғауға дайындау жұмыстарын жақсарту қажеттігін көрсетеді.

Алдағы оқу жылына қойылатын міндеттер:

Scanned with CamScanner

• «Зерде» конкурсына қатысушылар санын арттыру мақсатында 2–7 сынып оқушылары арасынан ғылыми жоба резервін қалыптастыру;
• әр пән бірлестігі бойынша кемінде 1–2 зерттеу жұмысын дайындауды жоспарлау;
• жас зерттеушілер мектебінің жұмысын жандандыру;
• ғылыми жетекшілерге әдістемелік қолдау көрсету; облыстық кезеңге шығатын жобалар санын көбейту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу.

Қорытындылай келе, 2025-2026 оқу жылында «Зерде» республикалық зерттеу жобалары конкурсына қатысу белсенділігі өткен жылмен салыстырғанда төмендегені анықталды. Сондықтан келесі оқу жылында ғылыми-зерттеу жұмыстарына оқушыларды кеңінен тарту, жобалардың сапасын арттыру және нәтижелілікті көтеру негізгі міндеттердің бірі болып табылады.

9,11-сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының аудандық кезеңіне қатысушылар тізімі:

№	Оқушының аты жөні	Сыныбы	Жетекшісі	Пәні	аудан/ орын	үлесі	облыс/орын	үлесі	РК жолдама/ МЕЖЕ
1	Аллаяр Малика Саламатқызы	9	Байтурсынова Жулдызай Нуржигитовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	1	100%	3	100%	
2	Есжан Сымбат Жеңісбекқызы	10	Симбаева Айгуль Нурмаганбетовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	1		1		1
3	Жаумутбаева Ақбота Амантаевна	11	Сержанова Алия Тажимуратовна	Қазақ тілі мен әдебиеті	1		3		
4	Орақ Назерке Асқарқызы	9	Рзабаева Нурия Нураддиновна	Орыс тілі мен әдебиеті	0	100%			
5	Сатаева Диана Жанибекқызы	10	Ажибаева Құндыз Абдихамитовна	Орыс тілі мен әдебиеті	3				
6	Айдарбай Сымбат Бисенгали қызы	.	Умбетова Нурифа Балапановна	Орыс тілі мен әдебиеті	0				
7	Сұлтанберген Мөлтен Дінмухаммед қызы	9	Арынбасарова Акмарал Керимовна	Ағылшын тілі	2	100%	3	100%	

Scanned with CamScanner

8	Темирханова Айгерим Мамуткызы	10	Алибекова Камила Арыстангалиевна	Ағылшын тілі	1		2		
9	Нуржигитова Арайлым Дузелбайқызы	11	Джубанова Мадина Серикбаевна	Ағылшын тілі	1		2		
10	Нурхожа Диас Канагатұлы	9	Туленова Майра Кумисбековна	Математика	0	33,3%		0%	
11	Таласбаев Жаслан Тохтарбайұлы	10	Сердармергенова Ләззат Саламатқызы	Математика	2		0		
12	Садыбаев Азамат Баурджанұлы	11	Базарбаева Шандоз Косаевна	Математика	3				
13	Сарсен Балауса Өтегенқызы	9	Адылхан Фәриза Жомутбайқызы	Физика	0	100%			
14	Насырулла Ернұр Хайрадинұлы	10	Сулейменова Балзия Ильяскызы	Физика	0				
15	Нуркылыш Ернұр Мухитұлы	11	Мұстафаева Сымбат Алханқызы	Физика	0				
16	Аймуханова Аружан Даулетбай қызы	9	Кокенова Мерует Юсуповна	Химия	3	100%		100%	
17	Бахтибаева Жансая Махамбетовна	10	Бекбасарова Гулбану Айбулатовна	Химия	1		3		
18	Джалғас Мадина Сабитқызы	11	Алмухашова Қамар Куралқызы	Химия	3				
19	Сисенбай Перизат Ерболқызы	9	Рахметова Гүлфариза Кайратовна	География	2	100%	0	0%	
20	Баймукаш Аслан Айткалыұлы	10	Кошенова Тынығай Худайбергеновна	География	3				
21	Абилова Асел Мамутқызы	11	Рахметова Гүлфариза Кайратовна	География	3				

Scanned with CamScanner

22	Тұрсынбаева Ұлжан Байрамбай қызы	9	Мажитов Абдулазиз Ахмаджонұлы	Биология	3	66,7%			
23	Идилова Зылыха Ризабековна	10	Бөкен Жамал Спанқызы	Биология	3				
24	Нурадин Мереке Сабитқызы	11	Узакбергенова Даметкен Абдимуратовна	Биология					
25	Бекмаханбетов Абдулхай Мирасулы	9	Османова Жансая Балтабаевна	Информатика	1	100%	0	0%	
26	Чишбек Дархан Батырұлы	10	Бабаджанова Ақбала Зульпухаровна	Информатика	3		0		
27	Ахатұлы Сұлтан	11	Халмуратова Қазына Смағұлқызы	Информатика	1		0		
28	Нуржау Ақсындар Сакенқызы	9	Бектенова Гулфруз Жалгасовна	Қазақстан тарихы				100%	
29	Исламов Нуржан Женисович	10	Таттибаева Рахима Таттибаевна	Қазақстан тарихы					
30	Садых Жансая Раманқызы	11	Бектенова Гулфруз Жалгасовна	Қазақстан тарихы	2		2		
31	Джанаберген Самат Махамбетұлы	9	Истлеу Гульминур Шамгунқызы	Құқық негіздері	2	100%	3	100%	
32	Коскуат Інжу Нұрберген қызы	10	Истлеу Гульминур Шамгунқызы	Құқық негіздері	1		3		
33	Узакбай Аяна Куантайқызы	11	Истлеу Гульминур Шамгунқызы	Құқық негіздері	1		2		1
				1-орын	10		1		2
				2-орын	5		4		

Scanned with CamScanner

				3-орын	9		6		
				Барлығы	24		11		
				Қатысты	33		15		
				Үлесі	72,7%		73%		

2020-2026 оқу жылдары аралығында жалпы білім беретін пәндер бойынша аудандық олимпиадаға қатысқан оқушылар саны жылдар бойынша салыстырмалы түрде тұрақты (33-36 оқушы). Жалпы жүлделі орын саны:

2020-2021 ж. - 24 орын

2021-2022 ж. -27 орын (ең жоғары нәтиже)

2022-2023 ж. - 21 орын

2023-2024 ж. - 21 орын

2024-2025 ж. - 21 орын

2025-2026 ж. - 24 орын (өсу байқалады)

Соңғы үш жылда жалпы нәтиже тұрақтанғанымен, айқын өсім жоқ, бұл пәндер бойынша дайындықты қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

Пәндер бойынша нақты талдау

1. Тұрақты жоғары нәтиже көрсеткен пәндер

Бұл пәндерде жүлделі орындар жыл сайын сақталып отыр, жүйелі жұмыс бар.

1.Ағылшын тілі

Барлық жылдары жүлделі орын бар (2-3). 2023-2026 жж. нәтижелері тұрақты. (Жүйелі дайындық, оқушы мотивациясы жоғары).

2.Құқық негіздері

2022-2026 жылдары 3-4 орын аралығында. (Пән мұғалімінің олимпиадалық бағыттағы жұмысы нәтижелі).

3.Химия

Бірнеше жыл қатарынан 2-3 орын. (Практикалық және теориялық дайындықтың үйлесімі сақталған).

4. Информатика

Соңғы жылдары (2023–2026) тұрақты 2-3 орын.(Пәнге қызығушылық артып келеді.)

2. Тұрақсыз нәтиже көрсеткен пәндер (әлсіз тұс)

Бұл пәндерде жылдар арасында күрт төмендеу немесе үзіліс байқалады.

1. Қазақ тілі мен әдебиеті

2020-2022 жж. - 3 орын

2022-2023 жж. - 0 орын

Scanned with CamScanner

Кейінгі жылдары 2-3 орынмен шектелген. (Олимпиадалық бағыттағы жүйелі дайындықтың үзілуі. Жоғары деңгейлі тапсырмалармен жұмыс әлсіз)

2. Орыс тілі мен әдебиеті

Бірқатар жылдары 0-1 орын ғана. (Қатысушы оқушылардың дайындық деңгейі төмен. Терең талдау, эссе, күрделі мәтіндермен жұмыс жеткіліксіз)

3. Ақсап тұрған негізгі пәндер

1. Математика

Көп жылдары 1-2 орыннан аспайды (Дарынды оқушыларды ерте анықтау жүйесі әлсіз Логикалық, олимпиадалық есептермен жұмыс жүйелі емес)

2. Физика

Соңғы жылдары 0-1 орын. Ең әлсіз пәндердің бірі. (Теория мен есеп шығару дағдысы жеткіліксіз. Пәнге қызығушылық төмен)

3. География

Жүлделі орындар бар, бірақ тұрақсыз (1-3) (Картамен, аналитикалық тапсырмалармен жұмыс әлсіз)

4. Орташа деңгейде тұрған пәндер

1. Қазақстан тарихы

2. Биология

Бұл пәндерде 1-2 орыннан ары аспай отыр, резерв бар, бірақ жүйелі қолдау қажет.

Қорытындылай келсек, физика, математика, орыс тілі - ең әлсіз нәтиже көрсеткен пәндер

Кей пәндерде (қазақ тілі, тарих) нәтиженің тұрақсыздығы

Олимпиадаға дайындықтың бірізді жүйесінің болмауы

Дарынды оқушыларды ерте кезеңнен сүйемелдеу әлсіз

Ұсыныстар

Әлсіз пәндер бойынша мақсатты олимпиадалық топтар құру

7-8 сыныптан бастап ерте дайындық жүйесін енгізу

Нәтижелі пән мұғалімдерінің тәжірибесін тарату

Апталық қосымша сабақтар мен мектепішілік олимпиада санын арттыру

Әр пән бойынша нақты жауапты мұғалімді бекіту

Пәндер	2022–2023 5-сынып	6-сынып	Жалпы	2023–2024 5-сынып	6-сынып	Жалпы	2024–2025 5-сынып	6-сынып	Жалпы	2025–2026 6-сынып	Жалпы
Қазақ тілі мен әдебиеті	2	2	2	2	3	1	3	1	2	1	
Орыс тілі мен әдебиеті		3	1		1	1			0		1
Ағылшын тілі	1	3	2	1	2	2		3	1		1
Қазақстан тарихы	3		1		3	1	3	3	2		

Scanned with CamScanner

Математика		2	1			0		3	1		
Жаратылыстану	3		1	1	2	2	2	3	2		1
Барлығы	4	4	8	2	5	7	3	5	8	4	
I орын	1		3		1		1		1		
II орын	3		2		1		2		1		
III орын	5		2		6		1				

2022-2026 оқу жылдары аралығында 5-6 сыныптар бойынша аудандық олимпиада нәтижелері салыстырмалы түрде тұрақсыз. Жылдар бойынша жалпы жүлделі орын саны:

2022-2023 ж. - 8 орын

2023-2024 ж. - 7 орын (төмендеу)

2024-2025 ж. - 8 орын (қайта өсу)

2025-2026 ж. - 4 орын (күрт төмендеу)

2025-2026 оқу жылында нәтиженің екі есеге төмендеуі бастау буындағы дайындық жүйесінің әлсіздігін көрсетеді.

Пәндер бойынша талдау

1. Нәтижесі салыстырмалы тұрақты пәндер

1.Ағылшын тілі

Барлық жылдары жүлделі орын бар (1-2 орын) (Пәнге қызығушылық сақталған, бірақ жоғары нәтижеге (I орын) шығу әлсіз).

2. Жаратылыстану

2022-2025 жж. - 1-2 орын.(Орташа деңгей, жүйелі жұмыс бар, бірақ тұрақты өсім байқалмайды).

2. Тұрақсыз нәтиже көрсеткен пәндер (ақсап тұрған тұстар)

1. Қазақ тілі мен әдебиеті

2022-2023 ж. - 2 орын

2023-2024 ж. - 1 орын

2024-2025 ж. - 2 орын

2025-2026 ж. - 1 орын

(Жыл сайын нәтиже төмен деңгейде. Терең талдау, мәтінмен жұмыс дағдылары жеткіліксіз. Олимпиадалық бағыттағы жүйелі дайындық жоқ)

2. Орыс тілі мен әдебиеті

Кей жылдары 0 орын. Ең әлсіз пәндердің бірі. (Олимпиадаға қатысатын оқушылар саны аз. Пәнге қызығушылық төмен)

3. Қазақстан тарихы

Жүлделі орындар бар, бірақ жыл сайын 1 орыннан аспайды. (Дерекпен жұмыс, себеп-салдарлық байланыс орнату дағдысы әлсіз)

4. Математика

Scanned with CamScanner

2023-2024 ж. - 0 орын

Қалған жылдары - тек 1 орын.(Логикалық, стандарттан тыс есептермен жұмыс жеткіліксіз. Дарынды оқушыларды ерте анықтау әлсіз)

3. 2025-2026 оқу жылындағы негізгі проблемалар

Бірқатар пәндерде жүлделі орын мүлдем жоқ

Жалпы нәтиже 4 орынға дейін төмендеген

5-6 сыныпта олимпиадалық резервтің әлсіздігі анық байқалады

Қорытынды

5-6 сыныптар бойынша аудандық олимпиада нәтижелері тұрақты өсімді көрсетпейді. Әсіресе:

Орыс тілі мен әдебиеті

Математика

Қазақ тілі мен әдебиеті

пәндерінде жүйелі жұмыс жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Бастауыш-орта буын арасындағы сабақтастық әлсіз.

Ұсыныстар

5-6 сыныптарда ерте олимпиадалық дайындық жүйесін енгізу

Әлсіз пәндер бойынша арнайы факультативтер ашу

Әр пәннен дарынды оқушылардың жеке картасын жүргізу

Мектепішілік шағын олимпиадалар мен логикалық турнирлер өткізу

Пән мұғалімдерінің олимпиадалық тапсырмалармен жұмысын күшейту

№	Пәндер	2022-2023	Ж/ы	2023-2024	Ж/ы	2024-2025	Ж/ы	2025-2026	Ж/ы
		7	8	7	8	7	8	7	8
1	Қазақ тілі мен әдебиеті	1	1	3	2	3	2	2	2
			3	2	3	2	2	2	1
2	Орыс тілі мен әдебиеті	2	3	1	3	1	1	0	3
								3	2
3	Ағылшын тілі	3	2	3	2	3	1	2	3
		3	2	3	2	1	3	2	
4	Қазақстан тарихы			0				0	3
		1	3	1	2				
5	Математика			0	3		1		2
		1		2	1		2	1	
6	Физика	3		1			0		
		0			1		1		
7	Химия		3	1		1	3	3	2
		3	3	2	3	3	2		
8	Биология		8	1	3		1	3	1
		2		3	1	2		3	1
9	География		3	1		3	1	3	3

Scanned with CamScanner

		2	3	2	2				
10	Информатика	2	2	2	3	3	2	1	
		1							
	Барлығы	5	6	11	6	5	11	6	6
	Жалпы						12		14
	I орын	1		2		1		4	
	II орын	4		1		3		2	
	III орын	6		8		8		8	

7-8 сыныптар бойынша аудандық олимпиада нәтижелері жыл сайын өсім көрсетіп отыр.

Жалпы жүлделі орын саны:

2022-2023 ж. - 11 орын

2023-2024 ж. - 11 орын

2024-2025 ж. - 12 орын

2025-2026 ж. - 14 орын (айқын өсім)

Соңғы оқу жылында I орын санының артуы байқалады. Бұл пән мұғалімдерінің олимпиадалық дайындықты күшейткенін көрсетеді.

Пәндер бойынша талдау

1. Жақсы нәтиже көрсеткен пәндер

1. Ағылшын тілі

Барлық жылдары жүлделі орын бар

I, II, III орындар тұрақты түрде кездеседі. (Пән бойынша олимпиадалық жұмыс жүйелі жолға қойылған, оқушылардың дайындық деңгейі жақсы.)

2. Химия: 2023-2026 жж. аралығында тұрақты 1-2 орын. Соңғы жылдары I орынға шығу байқалады (Практикалық және теориялық дайындық үйлесімді).

3. География: Жыл сайын III-II орындар. 2024-2026 жж. нәтижесі тұрақты. (Пәнге қызығушылық бар, бірақ I орынға шығу резерві жеткілікті пайдаланылмай отыр.)

2. Орташа деңгейде тұрған пәндер

Қазақ тілі мен әдебиеті: Көбіне II-III орындар. I орын өте сирек. (Жоғары деңгейлі талдау тапсырмаларымен жұмыс әлсіз. Терең мәтіндік, шығармашылық дайындық жеткіліксіз)

Биология: Жыл сайын 1-2 жүлделі орын. Нәтиже тұрақты, бірақ жоғары емес. (Теория бар, бірақ олимпиадалық форматқа бейімдеу қажет).

Информатика II-III орындар басым, I орын жоқ. (Алгоритмдік, логикалық есептермен жұмысты күшейту қажет).

Орыс тілі мен әдебиеті: Кей жылдары 0 орын. Нәтиже тұрақсыз (Олимпиадалық дайындық жүйесі жоқ. Пәнге қызығушылық төмен. Терең лингвистикалық тапсырмалар орындалмайды).

Қазақстан тарихы: 2022-2024 жж. нәтиже жоқ. Тек соңғы жылдары III-I орын көріне бастады. Жүйелі жұмыс тек соңғы кезеңде қолға алынған.

Математика: Көп жылдары 1 орыннан аспайды. I орын жоқ. (Логикалық, стандарттан тыс есептермен жұмыс әлсіз. Дарынды оқушыларды іріктеу жүйесі жеткіліксіз)

Scanned with CamScanner

Физика: Көп жағдайда 0 немесе 1 орын. Тек соңғы жылы I орын пайда болған. Ең әлсіз пәндердің бірі: (Есеп шығару дағдылары төмен пәнге қызығушылық аз)
7-8 сыныптарда жалпы нәтиже өсіп келеді, алайда, орыс тілі, математика, физика, Қазақстан тарихы пәндерінде айқын олқылықтар бар. Жүлделердің басым бөлігі III орын, I орын үлесі жеткіліксіз.

Ұсыныстар:

- Әлсіз пәндер бойынша арнайы олимпиадалық дайындық топтарын құру;
- 7 сыныптан бастап жеке оқу траекториясымен дарынды оқушыларды дайындау;
- I орын алған пәндердің тәжірибесін басқа пән мұғалімдеріне тарату;
- Олимпиадалық есептер мен тапсырмалар банкін қалыптастыру;
- Пәндер бойынша нақты нәтиже көрсеткіштері бар жоспар бекіту;

2023-2026 оқу жылдары аралығында олимпиадаға қатысқан оқушылар саны мен нәтижелерінде тұрақты өсім байқалады.

Оқу жылы	Мектепішілік	Аудан	Облыс	Республикалық кезең
2023-2024	170	58	-	5
2024-2025	253	132	35	3
2025-2026	245	146	40	8

- 2024-2025 оқу жылында қатысушылар саны күрт артты (170 → 253)
- 2025-2026 оқу жылында облыстық және республикалық кезең нәтижелері айтарлықтай жақсарды;
- Республикалық кезеңге өткен оқушылар саны 5-тен 8-ге өсті.

Пәндер бойынша нәтижелерді салыстырмалы талдау

Жоғары нәтижелер көрсеткен пәндер:

- Химия - 2025-2026 ж. 45 (мектеп) → 34 (аудан) → 11 (облыс) → 1 (РК)
- Биология - тұрақты жоғары көрсеткіш
- Ағылшын тілі - барлық деңгейде нәтижелі
- Информатика - облыс және РК кезеңдерінде нәтиже бар

Орташа нәтиже көрсеткен пәндер:

- Математика
- Қазақстан тарихы
- География

Әлсіз нәтиже көрсеткен пәндер:

- Орыс тілі мен әдебиеті - облыс, РК деңгейінде нәтиже төмен
- Физика - қатысу артқанымен, жоғары кезеңдерде нәтиже аз

Жүлделі орындар бойынша талдау

Оқу жылы	I орын			II орын			III орын			Барлығы		
	Аудан	Облыс	РК	Аудан	Облыс	РК	Аудан	Облыс	РК	Аудан	Облыс	РК
2023-2024		4			7	2		2	3		13	5
2024-2025	6	4	1	7	8	1	22	10	1	35	22	3
2025-2026	14	4		26	6		21	7	6	61	17	6

- Жүлделі орындар саны 3 жылда 5 есе артты (13 → 61).

Scanned with CamScanner

• Әсіресе I және II орындардың көбеюі оқушылар дайындығының сапасы артқанын көрсетеді.
• 2025-2026 оқу жылы - ең нәтижелі жыл.

Нәтижелердің өсу себептері:
• Пән мұғалімдерінің олимпиадаға жүйелі дайындығы;
• Дарынды оқушылармен мақсатты жұмыс;
• Аудандық, облыстық деңгейде тәжірибе жинақталуы;
• Қамқоршылық кеңес пен ата-аналар тарапынан қолдау.

Мәселелер мен әлсіз тұстар:
• Кейбір пәндерде (орыс тілі, физика) республикалық деңгейге шығу төмен;
• Жеке пәндер бойынша тәжірибелі жаттықтырушы мұғалімдердің жетіспеуі;
• Олимпиада резервімен жұмыс барлық сыныптарда бірдей жүйеленбеген.

Ұсыныстар
• Нәтижесі төмен пәндер бойынша арнайы жоспар әзірлеу;
• Жоғары нәтиже көрсеткен пән мұғалімдерінің тәжірибесін тарату;
• Облыстық, республикалық кезеңге шыққан оқушылармен жеке дайындықты күшейту;
• Олимпиадалық резервті 5–11 сыныптар арасында ерте анықтау;
• Мұғалімдерді олимпиадалық бағытта әдістемелік қолдау.

Жалпы алғанда, ауыл мектептері оқушыларының олимпиадалық қозғалысқа қатысуы жыл сайын артып, нәтижелері жақсарып келеді. Бұл - педагогикалық ұжымның жүйелі жұмысының, оқушылар мен ата-аналардың бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Мектепішілік «Жеңімпаздар шеруінің» жобасының қорытындысы: 2025-2026 оқу жылының қорытындысы бойынша мектепте дарынды және талантты оқушыларды қолдау, олардың жетістіктерін насихаттау, білім, ғылым, өнер және спорт салаларында жоғары нәтижелер көрсеткен оқушыларды ынталандыру мақсатында «Жеңімпаздар шеруі» жобасы ұйымдастырылды. Жоба аясында оқу жылы бойы аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі пәндік олимпиадаларда, ғылыми жобалар конкурстарында, зияткерлік сайыстарда, шығармашылық байқауларда, спорттық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізген оқушылардың жетістіктері сараланды. Сонымен қатар оқушылардың табысты болуына үлес қосқан жетекші педагогтер мен ата-аналардың еңбегі ескерілді. «Жеңімпаздар шеруі» - жыл бойы жинақталған жетістіктердің қорытындысын шығаратын, үздік оқушыларды, олардың жетекшілерін және ата-аналарын көпшілік алдында құрметтеуге бағытталған дәстүрлі марапаттау алаңы болып табылады. Іс-шара барысында білім, ғылым, өнер және спорт бағыттары бойынша ерекше нәтижелер көрсеткен оқушылар марапатталып, олардың жетістіктері мектеп қауымдастығына таныстырылды.

Марапаттау рәсімінде:
• пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары мен жүлдегерлері;
• ғылыми жобалар мен зерттеу жұмыстарының авторлары;
• шығармашылық және интеллектуалдық байқаулардың жеңімпаздары;
• спорттық жарыстарда жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар;

Scanned with CamScanner

- белсенді қоғамдық жұмыстарымен ерекшеленген білім алушылар;
- оқушыларды жетістікке жетелеген жетекші мұғалімдер;
- баласының табысты болуына қолдау көрсеткен ата-аналар марапатталды.

Жоба оқушылардың жетістіктерін дәріптеуге, олардың білімге деген қызығушылығын арттыруға, жаңа белестерді бағындыруға ынталандыруға және ата-ана мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға зор ықпал етті. Соңғы алты оқу жылының көрсеткіштерін салыстырғанда марапатталған оқушылар санының тұрақты өсімі байқалады.

Оқу жылы	Білім бағыты	Спорт бағыты	Барлық марапатталған оқушы саны	Марапатталған ата -аналар саны
2020-2021	107	175	282	265
2021-2022	96	160	256	238
2022-2023	97	166	263	249
2023-2024	134	182	316	300
2024-2025	176	200	376	352
2025-2026	226	167	393	371

Білім бағыты бойынша

2025-2026 оқу жылында білім бағыты бойынша 226 оқушы марапатталды. Бұл өткен оқу жылымен салыстырғанда 50 оқушыға артық. Ал 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда көрсеткіш 119 оқушыға өсіп, екі еседен астам артқан. Бұл мектеп оқушыларының пәндік олимпиадаларға, ғылыми жобаларға, зияткерлік байқауларға қатысу белсенділігінің артып келе жатқанын көрсетеді.

Спорт бағыты бойынша

Спорт бағыты бойынша 2025-2026 оқу жылында 167 оқушы марапатталды. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 33 оқушыға төмендегенімен, көрсеткіш әлі де жоғары деңгейде сақталған. Бұл оқу жылында оқушылардың жетістіктері негізінен білім және ғылым бағытына көбірек бағытталғанын аңғартады.

Жалпы марапатталған оқушылар саны

2025-2026 оқу жылында жалпы 393 оқушы марапатталды. Бұл мектеп тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда марапатталған оқушылар саны 17 оқушыға, ал 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 111 оқушыға артқан.

Ата-аналарды марапаттау көрсеткіші

2025-2026 оқу жылында 371 ата-ана марапатталды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 19 ата-анаға, ал 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанда 106 ата-анаға көп. Көрсеткіштің өсуі ата-аналардың бала жетістігіне қолдау көрсету деңгейінің жоғарылағанын және мектеп пен ата-ана арасындағы серіктестіктің нығайғанын көрсетеді. Жоба аясында әр оқушының жетістігі арнайы рейтингтік жүйе арқылы бағаланады. Оқушылардың аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі олимпиадалар, ғылыми жобалар конкурстары, зияткерлік сайыстар, шығармашылық байқаулар мен спорттық жарыстардағы жетістіктеріне сәйкес ұпайлар беріледі. Жетістіктің деңгейі мен алған орнына қарай ұпай саны

Scanned with CamScanner

сараланып есептеледі. Оқу жылының соңында жинақталған ұпайлар қорытындыланып, ең жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар мен сыныптарға арнайы номинациялар табысталады.

Биылғы оқу жылының қорытындысы бойынша төмендегі номинациялар анықталды:

№	Номинация	Оқушы аты жөні	Ұпайы
1	Жыл оқушысы	Есжан Сымбат	210
2	Жыл жаңалығы	Бахтибаева Жансая	180
3	Абсолютті чемпион	Нуржигитова Арайлым	150
4	Олимп шыңын бағындырушы	Тұрсынбаева Ұлжан	140
5	Олимп шыңын бағындырушы	Ахатұлы Сұлтан	120
6	Олимп шыңын бағындырушы	Садых Жансая	120
7	Үздік олимпиада сыныбы	11 "А"	360
8	Үздік олимпиада сыныбы	10 "А"	370

• «Жыл оқушысы» - оқу жылы ішінде ең жоғары көрсеткішке қол жеткізіп, 210 ұпай жинаған 10-сынып оқушысы Есжан Сымбатқа берілді.

• «Жыл жаңалығы» - қысқа уақыт ішінде жоғары нәтижелер көрсетіп, мектеп жетістігін арттыруға үлес қосқан 10-сынып оқушысы Бахтибаева Жансаяға табысталды.

• «Абсолютті чемпион» - түрлі бағыттардағы жарыстар мен байқауларда тұрақты жоғары нәтиже көрсеткен 11-сынып оқушысы Нуржигитова Арайлымға берілді.

• «Олимп шыңының бағындырушысы» - облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі беделді білім сайыстарында үздік нәтиже көрсеткен 9 сынып оқушысы Тұрсынбаева Ұлжан және 11-сынып оқушылары Ахатұлы Сұлтан мен Садых Жансаяға ұсынылды.

• «Үздік олимпиада сыныбы» - пәндік олимпиадаларда ең жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 370 ұпай және 360 ұпай жинаған 2-сыныпқа (10 «А», 11 «А») табысталды.

Аталған номинациялар оқушылардың жыл бойғы еңбегін бағалау, олардың жетістіктерін көпшілікке үлгі ету және келесі оқу жылында жаңа белестерді бағындыруға ынталандыру мақсатында белгіленген. 2025-2026 оқу жылында «Үздік ғылыми жоба сыныбы» номинациясы бойынша белгіленген ең төменгі ұпай көрсеткіші орындалмауына байланысты аталған номинация иегері анықталмады. Осыған орай марапаттау комиссиясының шешімімен бос қалған номинация қоры олимпиадалық жетістіктері жоғары сыныптарды ынталандыру мақсатында қайта бөлініп, «Үздік олимпиада сыныбы» номинациясы екі сыныпқа табысталды. Бұл шешім сыныптардың оқу жылы бойы пәндік олимпиадалардағы жоғары нәтижелерін ескере отырып қабылданды.

Жоба қорытындысы көрсеткендей, оқушылардың аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларға қатысу белсенділігі артып, мектептің білім сапасы мен бәсекеге қабілеттілігі жоғарылаған. Бұл нәтижелер оқушылардың табандылығының, жетекші мұғалімдердің кәсіби еңбегінің және ата-аналардың қолдауының жемісі болып табылады. Жалпы талдау нәтижесінде 2025-2026 оқу жылы «Жеңімпаздар шеруі» жобасы үшін ең нәтижелі жыл болды. Білім бағыты бойынша жетістіктер айтарлықтай өсіп, жалпы марапатталған оқушылар мен ата-

Scanned with CamScanner

аналар саны рекордтық деңгейге жетті. Бұл мектепте дарынды балаларды қолдау жүйесінің тиімділігін, педагогтердің кәсіби еңбегін және ата-аналардың белсенді қолдауын көрсететін маңызды нәтиже болып табылады. Алдағы оқу жылында білім мен спорт бағытындағы жетістіктерді тең дәрежеде дамыту арқылы марапатталушылар санын одан әрі арттыруға мүмкіндік бар.

Ұсыныстар:

- Дарынды және талантты оқушыларды анықтау жұмыстарын ерте кезеңнен бастап жүйелі ұйымдастыру;
- Олимпиада, ғылыми жоба, шығармашылық және спорт бағыттары бойынша оқушылар резервін қалыптастыру;
- Жоғары нәтиже көрсеткен оқушылардың тәжірибесін насихаттап, олардың жетістіктерін мектеп көлемінде дәріптеу;
- Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі байқауларға қатысушылар санын арттыру;
- Оқушылардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды күшейту;
- Жетістікке жеткен оқушылардың ата-аналары мен жетекшілерін ынталандыру жұмыстарын жалғастыру;
- Мектепте жетістік мәдениетін қалыптастырып, оқушылардың өзін-өзі дамытуына қолайлы орта құру;
- Білім және спорт бағыттарындағы жетістіктердің тепе-тең дамуын қамтамасыз ету;
- Келесі оқу жылында марапатталатын оқушылар санын арттыру мақсатында жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізу.

10. ШЕШІМ ЕТТІ:

10. Ғылыми жобалар мен халықаралық, республикалық олимпиадалардың қорытынды мониторингі бекітіліп, дарынды балалармен жұмыстың нәтижесі ретінде мектепішілік «Жеңімпаздар шеруі» жобасы жоғары деңгейде қорытындылансын.

11. ТЫҢДАЛДЫ:

11. «Жас мұғалім - тәлімгер» жүйесіндегі жұмысын бақылау туралы

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Д.Ж.Муханова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

20-28.05.2026ж. Педагогтер мен тәлімгерлердің кәсіби әлеуетін жетілдіру, педагогтер арасында бәсекелестікті арттыру арқылы сапалы білімге қол жеткізуін бақылаудың жай-күйі зерделенді. Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби бейімделуін, педагогикалық шеберлігін арттыру бағытындағы тәлімгерлік жұмыстардың барысын, жыл ішіндегі жетістіктері мен қорытындыларын саралау. 2025-2026 оқу жылының басында мектеп әкімшілігі мен әдістемелік кеңестің шешімімен жаңадан еңбек жолын бастаған жас мамандарға қолдау көрсету және олардың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына жағдай жасау мақсатында 6 тәлімгер мен 6 жас маман тағайындалған.

Scanned with CamScanner

- Тәлімгер - Истлеу Гульминур, жас маман - Тузелбаева Индира;
- Тәлімгер - Агатаева Айгерим, жас маман - Сулейменова Балзия;
- Тәлімгер - Коптилеуова Жамила, жас маман - Садыбек Гүлнұр;
- Тәлімгер - Байтурсынова Жұлдызай, жас маман - Садыбек Сәндігүл;
- Тәлімгер - Кошенова Тыныгай, жас маман - Титумбаева Тыныштық;
- Тәлімгер - Бегленбетова Сандираш, жас маман - Парахатова Альбина.

Оқу жылының басында тәлімгерлер мен жас мамандардың бірлескен жылдық іс-қимыл жоспары бекітіліп, жүйелі жұмыстар ұйымдастырылған. Жоспар аясында жас мамандардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру, сабақтарды критериалды бағалау жүйесіне сай жоспарлау және сыныппен жұмыс істеу психологиясын меңгеру мәселелеріне басымдық берілген.

Оқу жылының барысы мен толықтыруларда төмендегідей нәтиже көрсеткен:

Оқу жылының басынан бастап бекітілген кестеге сәйкес, тәлімгерлер жас мамандардың сабақтарына тұрақты түрде қатысып, әдістемелік көмек көрсетті. Әр сабақтан кейін сыни талдаулар жасалып, кеткен кемшіліктерді түзету және оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін енгізу бойынша жеке кеңестер берілді. Сондай-ақ, жас мамандар да тәжірибелі ұстаздардың ашық сабақтарына қатысып, өздерінің кәсіби қоржындарын байытты.Оқу жылының ортасында мектеп ұжымынан екі жас маман жұмыстан шығуына байланысты екі тәлімгер босатылған болатын. Оқу жылының ортасында мектеп ұжымына жаңадан қосылған кадрлармен жұмысты жандандыру мақсатында тағы екі жаңадан келген жас маманға тәжірибелі жетекшілер бекітілді:

Тәлімгер: Байтурсынова Жулдызай - жас маман: Салыкбаева Айгуль

Тәлімгер: Жанболатова Зәуре - жас маман: Қартабай Мадина

Бұл ретте тәлімгерлер тарапынан жас маман Салыкбаева Айгульдің пәндік білімі мен әдістемелік шеберлігін шыңдауға бағытталған қарқынды жұмыстар жүргізілді.

Жас мамандар мен тәлімгерлердің жетістіктері

Жыл бойы жүргізілген жүйелі еңбек пен тәлімгерлердің дұрыс бағыт-бағдар беруінің нәтижесінде жас мамандардың жетістіктері аудан көлемінде жоғары деңгейде таныла бастады. Атап айтқанда: Тузелбаева Индира - Аудандық десант сабақтар байқауына қатысып, өзінің шығармашылық ізденісі мен жоғары педагогикалық шеберлігін көрсету нәтижесінде жүлделі III орынға ие болды. Салыкбаева Айгул - аудандық олимпиадалық есептер шығару байқауында пәндік білімінің тереңдігін дәлелдеп, жүлделі III орынды иеленді.

Оқу жылының соңында тәлімгерлер мен жас мамандардың шығармашылық ынтымақтастығын қорытындылау мақсатында «Тағылымды тәлімгер мен жігерлі жас маман» сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында жас мамандар өздерінің жыл бойы үйренген инновациялық әдістерін, Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» кітабын талдауын, ҚМЖ жазу бойынша өз шеберліктерін көрсетті, ал тәлімгерлер өз шәкірттерін баптаудағы шеберліктерін ортаға салды. Сайыстың қорытындысы бойынша келесі мұғалімдер жүлделі орындарды иеленді:

I орын Тәлімгер - Истлеу Гульминур, жас маман - Тузелбаева Индира.

II орын Тәлімгер - Байтурсынова Жулдызай, жас маман - Салыкбаева Айгуль

Scanned with CamScanner

III орын Тәлімгер - Бегленбетова Сандираш, жас маман - Парахатова Альбина.
Сонымен қатар, мектепаралық ынтымақтастықты арттыру мақсатында Жетекші мектеп пен серіктес мектеп арасында өткен аудандық «Тағылымды тәлімгер мен жігерлі жас маман» байқауында мектебіміздің намысын қорғаған жас маман Салыкбаева Айгуль жоғары дайындық пен ерекше белсенділік танытып, I орынды жеңіп алды. Бұл жетістік мектептегі тәлімгерлік жұмыстың жоғары деңгейде жолға қойылғанының айқын дәлелі болып табылады.

2025-2026 оқу жылындағы тәлімгерлік жұмыс өз мақсатына жетті. Жас мамандар мектептің қоғамдық және әдістемелік өміріне толық бейімделіп, алғашқы кәсіби табыстарына қол жеткізді.

Алдағы оқу жылында жұмыстарды одан әрі жетілдіру мақсатында ұсыныс:
1. Тәжірибені тарату: Аудандық және мектепаралық байқауларда жүлделі орындар иеленген жас мамандар мен олардың тәлімгерлерінің іс-тәжірибесін мектепшілік әдістемелік отырыстарда насихаттау және өзге жас мамандарға үлгі ретінде тарату.
2.Цифрлық сауаттылықты арттыру: Жас мамандардың сабақтарында заманауи АКТ құралдарын, жасанды интеллект мүмкіндіктерін және интерактивті платформаларды қолдану дағдыларын дамыту мақсатында арнайы қысқа мерзімді коучингтер мен тренингтер ұйымдастыру.
3. Пәндік олимпиадаға дайындықты күшейту: Салыкбаева Айгулдің олимпиадалық есептер шығарудағы жетістігін негізге ала отырып, алдағы оқу жылында дарынды оқушылармен жұмысты жандандыру және олимпиадаға дайындық жұмыстарын күшейту.
4. Өзара сабаққа қатысуды жүйелеу: Тәлімгер мен жас маман арасындағы ғана емес, жас мамандардың өз арасында да тәжірибе алмасу мақсатында өзара сабаққа қатысу (горизонталды оқыту) графигін жасап, жұмысты жандандыру.
5. Серіктес мектептермен байланысты нығайту: Жетекші мектеп пен серіктес мектеп арасындағы кәсіби байланысты үзбей, келесі оқу жылында бірлескен ашық есік күндерін, біріккен педагогикалық кеңестер мен семинарларды дәстүрлі түрде өткізіп тұру.

11. ШЕШІМ ЕТТІ:

11. «Жас мұғалім - тәлімгер» жүйесіндегі тәлімгерлік жұмыстардың есебі тыңдалып, жас мамандардың кәсіби шеберлігі мен әдістемелік құзыреттілігін арттырудағы өзара сабаққа қатысу процесін жаңа оқу жылында да жүйелі жүргізу міндеттелсін.

12. ТЫҢДАЛДЫ:

12. Тәрбие сағаттарының тиімділігі, сыныптар бойынша онкүндіктер ұйымдастыруын жүргізу туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Бустанова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

22-29.05.2026ж. аралығында тәрбие сағаттарының тиімділігі. Сыныптар бойынша онкүндіктер ұйымдастырудың жай-күйі зерделенді. Қазіргі таңда тәрбие жұмысы - білім беру үдерісінің маңызды құрамдас бөлігі. Оқушылардың бойында ұлттық құндылықтарды, адамгершілік қасиеттерді, азаматтық жауапкершілікті

Scanned with CamScanner

қалыптастыруда тәрбие сағаттарының маңызы ерекше. Тәрбие сағаттары оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, қоғамдық ортада өзін дұрыс ұстауға, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға және тұлғалық қасиеттерін жетілдіруге бағытталады. Мектепте өткізілетін тәрбие сағаттары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жоспарланып, олардың мектеп өміріне бейімделуіне, тәртіп пен жауапкершілікті сезінуіне, Отанға, отбасына және қоршаған ортаға деген құрметін қалыптастыруға ықпал етеді. Сондықтан тәрбие сағаттарының тиімділігін анықтау, олардың тәрбиелік ықпалын бағалау және жетілдіру жолдарын қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Тәрбие сағаттарының тиімділігі оқушылардың белсенді қатысуынан, тәртіп деңгейінің жақсаруынан, өзара қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуынан және қоғамдық іс-шараларға қызығушылығының артуынан көрінеді. Сонымен қатар, оқушылар қауіпсіздік ережелерін сақтауды, салауатты өмір салтын ұстануды, қоршаған ортаға қамқорлық жасауды және өз құқықтары мен міндеттерін білуді үйренді.

Өткізілген тәрбие сағаттарының негізгі бағыттары:

- патриоттық тәрбие;
- құқықтық сауаттылық;
- қауіпсіздік ережелері;
- салауатты өмір салты;
- экологиялық мәдениет;
- отбасы құндылықтары;
- цифрлық қауіпсіздік;
- еңбекке баулу және кәсіптік бағдар.

Тәрбие сағаттарында түрлі белсенді әдіс-тәсілдер қолданылған:

- топтық жұмыс
- пікір алмасу
- сұрақ-жауап
- рөлдік ойындар,
- тренинг элементтері
- шығармашылық тапсырмалар
- жағдаяттық сұрақтарды талдау және рефлексия

Өткізілген тәрбие сағаттарының нәтижесінде оқушылардың тәртіп сақтау мәдениеті мен жауапкершілік деңгейі артты. Оқушылар өзара сыйластық танытып, қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдірді. Топтық жұмыстар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы олардың шығармашылық қабілеттері, сыни ойлауы және өз пікірін еркін жеткізу дағдылары дамыды. Сонымен қатар, оқушылардың патриоттық сезімі, ұлттық құндылықтарға деген құрметі, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениеті және салауатты өмір салтына деген қызығушылығы қалыптасты. Оқушылар мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласып, түрлі іс-шараларға қатысу белсенділігі жоғарылады. Жалпы, тәрбие сағаттары оқушылардың тұлғалық дамуына оң ықпал етіп, тәрбиелік мақсаттардың орындалуына мүмкіндік берді. 30.04 - 06.05.2026ж. күндері аралығында 1-сынып онкүндігінің іс-шарасы болып өтті. Онкүндік жоспары жасақталып, жоспар бойынша шаралар өткізілді.

Scanned with CamScanner

1-сыныптар бірлестігінің онкүндік іс-шаралар апталығының жоспары

№	Іс-шараның тақырыбы	Күні/уақыты	Түрі	Өтетін орны	Жауапты
1	«Мен бүлдіргішке тап болмаймын!»	27.04.2026	Ашық тәрбие сағаты	201	Метерова К. 1 «Д»
2	«Ынтымағымыз жарасса»	29.04.2026	Сайыс сағаты	219	Алиева Ж. 1 «Ғ»
3	«Бірлігіміз жарасқан»	30.04.2026	Сурет сайысы	204	Нұғыманова З. 1 «Б»
4	«Зерделілер додасы»	30.04.2026	Ашық тәрбие сағаты	104	Ермекова С. 1 «А»
5	«Өмірге салауатты қадам»	04.05.2026	Ашық тәрбие сағаты	205	Рзабаева Н. 1 «Б»
6	«Өнерлі бала өрге жүзер»	04.05.2026	Ашық тәрбие сағаты	209	Имамбаева Г. 1 «В»
7	«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі»	05.05.2026	Ашық тәрбие сағаты	108	Ағадилова Г. 1 «Е»
8	«Ұранды елдің - ұрпағы қайсар»	06.05.2026	Сайыс сағаты	103	Игібаева А. 1 «Ә»

Онкүндікке 1-сынып, 183 оқушы қатысты. Сынып жетекшілерінің барлығы жоспарланған іс-шараларды ұйымдастырып, оқушылардың қатысуын қамтамасыз етті. Тиімділігі: 1-сыныптар арасында өткізілген онкүндік оқушылардың мектеп өміріне бейімделуіне, танымдық белсенділігін арттыруға және ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңіруге бағытталды. Онкүндік барысында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясындағы құндылықтар кеңінен насихатталып, оқушылардың бойында сыйластық, жауапкершілік, еңбекқорлық, ынтымақтастық және адалдық қасиеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Іс-шаралар барысында сұрақ-жауап, логикалық тапсырмалар, танымдық ойындар, рөлдік ойындар және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар оқушылардың ойлау қабілетін, тапқырлығын, өз ойын еркін жеткізу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Рөлдік ойындар арқылы оқушылар түрлі жағдаяттарды шешуге үйреніп, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырды. Онкүндік аясында ата-аналардың қатысуымен бірқатар тәрбиелік іс-шаралар өткізілді. Әсіресе, «Әкелер мен балалар бір күні» атты шараның маңызы зор болды. Аталған іс-шарада әкелер мен балалар бірлесіп түрлі тапсырмалар орындап, спорттық және танымдық сайыстарға қатысты. Нәтижесінде ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас нығайып, отбасылық құндылықтарды дәріптеуге жағдай жасалды. Жалпы, өткізілген онкүндік оқушылардың мектепке деген қызығушылығын арттырып, олардың белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына оң әсер етті. Сонымен қатар, мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықтың нығаюына ықпал жасап, тәрбиелік жұмыстың тиімділігін көрсетті.

Ұсыныс:

Scanned with CamScanner

• Онкүндік аясында оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес танымдық, логикалық және шығармашылық тапсырмалардың санын арттыру.
• Ата-аналардың, әсіресе әкелер қауымының қатысуымен өткізілетін бірлескен іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру.
• Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған тәрбиелік іс-шаралардың мазмұнын кеңейту.
• Рөлдік ойындар, тренингтер және жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту жұмыстарын жалғастыру.
• Мектеп пен отбасы ынтымақтастығын нығайту мақсатында отбасылық сайыстар мен жобалардың санын көбейту.
• Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін заманауи интерактивті әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану.

Жоғары сыныптар бойынша жүргізілетін тәрбие сағаттары мен сыныптар бойынша ұйымдастырылатын онкүндіктер оқушылардың тұлғалық дамуына, ұлттық және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға бағытталған маңызды жұмыстардың бірі болып табылады.Тәрбие сағаттары барысында оқушылардың адамгершілік қасиеттері (құрмет, жауапкершілік, адалдық) қалыптасады, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерге қызығушылығы артады, бір-бірімен қарым-қатынасы жақсарып, ұжымдық жұмыс дағдылары дамиды, қоғамдық тәртіп пен мектеп ережелерін сақтауға деген жауапкершілік күшейеді,оқушылардың ойлау, пікір айту, өз көзқарасын білдіру қабілеті дамиды,құқықтық, экологиялық, патриоттық тәрбие деңгейі көтеріледі. Нәтижесінде, тәрбие сағаттары оқушылардың жан-жақты дамуына, дұрыс өмірлік ұстаным қалыптастыруына және қоғамға пайдалы азамат болып қалыптасуына үлкен әсер етеді.

Тәрбие сағаттарының тиімділігі

Зерделеу барысында тәрбие сағаттарының жоспарға сәйкес жүйелі түрде өткізілетіні анықталды. Тәрбие жұмыстарының мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай таңдалып, тәрбиенің негізгі бағыттарын қамтыған.

Өткізілген тәрбие сағаттарының негізгі бағыттары:

Патриоттық тәрбие, құқықтық сауаттылық, қауіпсіздік ережелері, салауатты өмір салты, экологиялық мәдениет; отбасы құндылықтары, цифрлық қауіпсіздік,
еңбекке баулу және кәсіптік бағдар.

Тәрбие сағаттарында түрлі белсенді әдіс-тәсілдер қолданылған:

• Пікірталас, тренинг, бейнеролик талдау, топтық жұмыс, ситуациялық тапсырмалар,
• шығармашылық жұмыстар.
• Нәтижесінде:
• оқушылардың сабаққа қызығушылығы артқаны;
• өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптасқаны;
• тәртіп мәдениетінің жақсарғаны;
• қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділігі артқаны байқалды.

Сонымен қатар, кейбір сыныптарда тәрбие сағаттарын өткізуде дәстүрлі тәсілдердің басым болуы, оқушылардың толық қатыстырылмауы сияқты кемшіліктер анықталды.

06.04 - 17.04.2026ж. күндері аралығында 7-сынып онкүндігінің іс-шарасы болып өтті. Онкүндік жоспары жасақталып, жоспар бойынша шаралар өткізілді. Онкүндікке

Scanned with CamScanner

7-сынып, 174 оқушы қатысты. Сынып жетекшілерінің барлығы жоспарланған іс-шараларды ұйымдастырып, оқушылардың қатысуын қамтамасыз етті.Тиімділігі: онкүндік нәтижесінде оқушылардың мектеп өміріне қызығушылығы артып, ұлттық құндылықтарға деген құрмет қалыптасты, оқушылардың шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері дамыды, ұжымдық жұмыс пен өзара сыйластық нығайды, тәрбие жұмысының жүйелілігі байқалды. 7-сыныптардың тәрбие онкүндігі жоспарға сәйкес жақсы деңгейде өтті. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылықтарының жоғары екені байқалып, қойылған мақсаттар мен міндеттер талапқа сай орындалды.

Ұсыныс: алдағы уақытта тәрбиелік шараларға оқушылардың белсенділігін арттыру, ата-аналардың қатысуымен өтетін іс-шараларды көбейту, тәрбиелік бағыттағы жаңа креативті форматтарды енгізу.

20.04-30.04.2026ж. күндері аралығында 6-сынып бірлестігінің іс-шаралары болып өтті. Тәрбие онкүндігі барысында 6-сынып оқушыларының қатысуымен әртүрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, тәрбие сағаттары, пікірталастар, акциялар,челленджер және танымдық эко-сабақтар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың мазмұны оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық және экологиялық тәрбиесін дамытуға бағытталды.

Зерделеу кезінде сынып жетекшісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралардың мазмұны,оқушылардың белсенділігі және кері байланыс нәтижелері қарастырылды. Нәтижесінде, оқушылардың тәрбие жұмыстарына қызығушылықтары өте жақсы екені байқалды, ұлттық және адамгершілік құндылықтарға қатысты түсініктері кеңейді, сыныптағы ұйымшылдық пен өзара сыйластық деңгейі артты. Жүргізілген зерделеу нәтижесі бойынша 6-сыныптағы тәрбие онкүндігі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиелік маңызы «жақсы» деп бағаланды.

Ұсыныс:

- Тәрбие жұмыстарына оқушылардың шығармашылық бастамаларын көбірек енгізу;
- Ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шараларды жиі ұйымдастыру;
- Құндылықтарға бағытталған шаралардың санын арттыру және зияткерлік сайыстарды тиімді өткізу.

04.05-13.05.2026ж. күні 5-сыныптар онкүндігі өткізілді, тәрбие онкүндігі барысында 5-сынып оқушыларының қатысуымен түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Тәрбие сағаттары, пікірталастар, кездесулер, акциялар, тренинг сабақтар, челленджер және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың мазмұны оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық және экологиялық тәрбиесін дамытуға бағытталды. Зерделеу кезінде сынып жетекшісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралардың мазмұны, оқушылардың белсенділігі және кері байланыс нәтижелері қарастырылды. Оқушылардың көпшілігі іс-шараларға белсенді қатысып, өз ойларын еркін білдіріп, топтық жұмыстарда ынтымақтастық танытты.қауіпсіз сабақтар мен буллингтен қорғану жайлы деректі фильмдер көрсетіліп, топтық талқылаулар жүргіз барысында оқушылардың белсенділігі артты. Нәтижесінде, оқушылардың тәрбие жұмыстарына қызығушылығы байқалды. Ұлттық және адамгершілік құндылықтарға қатысты түсініктері кеңейді. Сыныптағы ұйымшылдық пен өзара сыйластық деңгейі артты,оқушылардың қоғамдық іс-шараларға деген белсенділігі қалыптасты.

Scanned with CamScanner

7-сынып, 174 оқушы қатысты. Сынып жетекшілерінің барлығы жоспарланған іс-шараларды ұйымдастырып, оқушылардың қатысуын қамтамасыз етті.Тиімділігі: онкүндік нәтижесінде оқушылардың мектеп өміріне қызығушылығы артып, ұлттық құндылықтарға деген құрмет қалыптасты, оқушылардың шығармашылық және коммуникативтік қабілеттері дамыды, ұжымдық жұмыс пен өзара сыйластық нығайды, тәрбие жұмысының жүйелілігі байқалды. 7-сыныптардың тәрбие онкүндігі жоспарға сәйкес жақсы деңгейде өтті. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылықтарының жоғары екені байқалып, қойылған мақсаттар мен міндеттер талапқа сай орындалды.

Ұсыныс: алдағы уақытта тәрбиелік шараларға оқушылардың белсенділігін арттыру, ата-аналардың қатысуымен өтетін іс-шараларды көбейту, тәрбиелік бағыттағы жаңа креативті форматтарды енгізу.

20.04-30.04.2026ж. күндері аралығында 6-сынып бірлестігінің іс-шаралары болып өтті. Тәрбие онкүндігі барысында 6-сынып оқушыларының қатысуымен әртүрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, тәрбие сағаттары, пікірталастар, акциялар,челленджер және танымдық эко-сабақтар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың мазмұны оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық және экологиялық тәрбиесін дамытуға бағытталды.

Зерделеу кезінде сынып жетекшісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралардың мазмұны,оқушылардың белсенділігі және кері байланыс нәтижелері қарастырылды. Нәтижесінде, оқушылардың тәрбие жұмыстарына қызығушылықтары өте жақсы екені байқалды, ұлттық және адамгершілік құндылықтарға қатысты түсініктері кеңейді, сыныптағы ұйымшылдық пен өзара сыйластық деңгейі артты. Жүргізілген зерделеу нәтижесі бойынша 6-сыныптағы тәрбие онкүндігі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиелік маңызы «жақсы» деп бағаланды.

Ұсыныс:

- Тәрбие жұмыстарына оқушылардың шығармашылық бастамаларын көбірек енгізу;
- Ата-аналардың қатысуымен бірлескен іс-шараларды жиі ұйымдастыру;
- Құндылықтарға бағытталған шаралардың санын арттыру және зияткерлік сайыстарды тиімді өткізу.

04.05-13.05.2026ж. күні 5-сыныптар онкүндігі өткізілді, тәрбие онкүндігі барысында 5-сынып оқушыларының қатысуымен түрлі бағыттағы іс-шаралар өткізілді. Тәрбие сағаттары, пікірталастар, кездесулер, акциялар, тренинг сабақтар, челленджер және танымдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Іс-шаралардың мазмұны оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық және экологиялық тәрбиесін дамытуға бағытталды. Зерделеу кезінде сынып жетекшісінің жұмыс жоспары, өткізілген іс-шаралардың мазмұны, оқушылардың белсенділігі және кері байланыс нәтижелері қарастырылды. Оқушылардың көпшілігі іс-шараларға белсенді қатысып, өз ойларын еркін білдіріп, топтық жұмыстарда ынтымақтастық танытты.қауіпсіз сабақтар мен буллингтен қорғану жайлы деректі фильмдер көрсетіліп, топтық талқылаулар жүргіз барысында оқушылардың белсенділігі артты. Нәтижесінде, оқушылардың тәрбие жұмыстарына қызығушылығы байқалды. Ұлттық және адамгершілік құндылықтарға қатысты түсініктері кеңейді. Сыныптағы ұйымшылдық пен өзара сыйластық деңгейі артты,оқушылардың қоғамдық іс-шараларға деген белсенділігі қалыптасты.

Scanned with CamScanner

Жүргізілген зерделеу нәтижесі бойынша 5-сыныптағы тәрбие онкүндігі жоспарға сәйкес ұйымдастырылып, тәрбиелік маңызы жоғары деңгейде өткізілгені анықталды. Ұсыныс: тәрбиелік іс-шараларға оқушылардың толық қатысуын қамтамасыз ету, белсенділігі төмен оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;оқушылардың қызығушылығына сай шығармашылық және спорттық бағыттағы іс-шараларды көбейту,ата-аналармен бірлескен жұмыстарды көбірек ұйымдастыру. Зерделеу нәтижесі бойынша көптеген сыныптардың белсенді қатысқаны, іс-шаралардың мазмұнды әрі тәрбиелік мәнінің жоғары болғаны анықталды. Дегенмен, фотоесеп пен ақпараттардың уақытылы тапсырылмауы, оқушылардың қамтылу деңгейінің біркелкі болмауы, ата-аналармен байланыстың жеткіліксіздігі байқалды.

Жалпы алғанда, мектептегі тәрбие сағаттары мен онкүндіктер жүйелі ұйымдастырылып, оқушылардың тәрбиесі мен әлеуметтік белсенділігін арттыруға оң әсерін тигізуде. Өткізілген жұмыстар тәрбиенің негізгі құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған.

Ұсыныстар:

- Тәрбие сағаттарында заманауи, интерактивті әдістерді көбейту;
- Оқушылардың белсенді қатысуына мүмкіндік беретін форматтарды қолдану;
- Онкүндіктер барысында ата-аналармен бірлескен іс-шараларды арттыру;
- Үздік тәжірибелерді тарату;
- Әр сынып бойынша мониторинг жүргізіп, нәтижелерін талдау;
- Ақпараттық жарияланымдар мен фотоесептердің сапасын бақылау.

12. ШЕШІМ ЕТТІ:

12. Өткізілген тәрбие сағаттарының тиімділігі мен сыныптар бойынша ұйымдастырылған онкүндіктердің тәрбиелік мәні жоғары деп бағаланып, сынып жетекшілеріне іс-шаралар барысында ұлттық құндылықтар бағытын тереңдету ұсынылсын.

13. ТЫҢДАЛДЫ:

13. Оқушыларға кәсіптік таңдау жасауда психологиялық қолдау көрсету және ата-аналарға баланың мамандық таңдауына ықпал ете отырып, дұрыс шешім шығаруына бақыт-бағдар беру жұмыстарының жүргізілуі

Кәсіби бағдар беру маманы К.У.Текисбаев - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі негізгі міндеттердің бірі - білім алушылардың саналы түрде мамандық таңдауына жағдай жасау және олардың болашақ кәсіби бағытын айқындауға көмектесу болып табылады. Осыған байланысты 20-27.05.2026 жыл аралығында мектепте оқушыларға кәсіптік таңдау жасауда психологиялық қолдау көрсету және ата-аналарға баланың мамандық таңдауына ықпал ете отырып, дұрыс шешім қабылдауына бағыт-бағдар беру жұмыстарының жүргізілу барысы зерделенді.

Зерделеу барысында кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жылдық жоспары, өткізілген іс-шаралар құжаттары, оқушылар мен ата-аналарға арналған кеңестер, психологиялық диагностикалардың қорытындылары және жүргізілген жұмыстардың нәтижелері қарастырылды.

Scanned with CamScanner

Қазіргі таңда мамандық таңдау мәселесі әрбір жасөспірім үшін маңызды өмірлік шешімдердің бірі болып табылады. Мамандықты дұрыс таңдау тұлғаның болашақтағы кәсіби жетістігіне, еңбек нарығында өз орнын табуына және өмір сапасының артуына тікелей әсер етеді. Осыған байланысты мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары кешенді түрде ұйымдастырылып, оқушылардың қызығушылықтарын, бейімділіктерін және қабілеттерін анықтауға ерекше назар аударылған. Зерделеу барысында педагог-психолог тарапынан 9-11 сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар беру бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілгені анықталды. Атап айтқанда, оқушылардың кәсіби қызығушылықтарын анықтау мақсатында сауалнамалар, психологиялық тесттер мен диагностикалық зерттеулер ұйымдастырылған. Диагностикалық жұмыстар барысында оқушылардың жеке қабілеттері, қызығушылықтары, темперамент ерекшеліктері мен болашақ мамандыққа деген көзқарастары зерттелген. Сонымен қатар оқушылар арасында «Мамандық таңдау – маңызды қадам», «Менің болашақ мамандығым», «Мамандық әлеміне саяхат» тақырыптарында түсіндірме сағаттары, тренингтер мен психологиялық қолдау сабақтары өткізілген. Аталған іс-шаралардың негізгі мақсаты - оқушылардың өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуіне, кәсіби қызығушылықтарын анықтауына және саналы түрде шешім қабылдауына көмектесу болды.

Тренингтер барысында білім алушыларға қазіргі еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпараттар беріліп, әр мамандықтың ерекшеліктері түсіндірілді. Сонымен қатар оқушыларға мамандық таңдауда кездесетін қиындықтар мен қателіктер туралы мәліметтер ұсынылып, оларды болдырмау жолдары түсіндірілді. Оқушылар өздерінің қызығушылықтары мен қабілеттеріне сәйкес келетін мамандықтар туралы пікір алмасып, болашақ кәсіби жоспарларын талқылады.

Жүргізілген жұмыстар барысында көптеген оқушылар өздерінің кәсіби бағыттарын нақтылай түскенін және мамандық таңдауға қатысты сұрақтарына жауап алғандарын білдірді. Әсіресе жоғары сынып оқушылары арасында жоғары оқу орындары мен колледждер туралы ақпараттарға қызығушылық жоғары екендігі байқалды.

Кәсіптік бағдар беру жұмыстарының маңызды бағыттарының бірі - ата-аналармен жұмыс жүргізу болып табылады. Себебі көптеген жағдайда оқушының мамандық таңдауына ата-анасының көзқарасы мен қолдауы елеулі ықпал етеді. Осы мақсатта ата-аналарға арналған түсіндірме және ақпараттық жұмыстар ұйымдастырылды. Зерделеу барысында ата-аналар жиналыстарында баланың қабілеті мен қызығушылығын ескере отырып мамандық таңдаудың маңыздылығы түсіндірілгені анықталды. Ата-аналарға қазіргі еңбек нарығының талаптары, сұранысқа ие мамандықтар, кәсіби білім беру ұйымдары және жоғары оқу орындары туралы ақпараттар берілген. Педагог-психолог пен сынып жетекшілері ата-аналарға баланың жеке ерекшеліктерін ескерудің маңыздылығы туралы кеңестер жүргізген. Сонымен қатар ата-аналарға мамандық таңдауда баланың пікірін құрметтеу, оның қызығушылықтары мен қабілеттеріне қолдау көрсету қажеттілігі түсіндірілді.Ата-аналардың сұрақтарына жауап беріліп, жеке консультациялар ұйымдастырылған.

Scanned with CamScanner

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде ата-аналардың кәсіптік бағдар беру мәселесіне деген жауапкершілігі артып, баланың болашақ мамандығын таңдаудағы рөлі туралы түсініктері кеңейгені байқалды. Ата-аналар тарапынан балаларының кәсіби бағытын анықтауға байланысты қойылған сұрақтар мен ұсыныстар қарастырылып, тиісті түсіндірмелер берілді.

Зерделеу нәтижелері мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстарының жоспарлы және жүйелі түрде жүргізілетіндігін көрсетті. Оқушылардың кәсіптік қызығушылықтарын анықтау, психологиялық қолдау көрсету, ата-аналармен тығыз байланыс орнату бағытындағы жұмыстар өз деңгейінде ұйымдастырылған. Жүргізілген іс-шаралар білім алушылардың болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына, өз қабілеттерін дұрыс бағалауына және кәсіби өзін-өзі анықтауына оң әсерін тигізуде. Дегенмен кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жетілдіру мақсатында бірқатар ұсыныстар берілді. Атап айтқанда, жоғары сынып оқушыларына арналған жеке кәсіптік кеңестер санын арттыру, түрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастыру, жоғары оқу орындары мен колледждердің өкілдерін тарта отырып ақпараттық кездесулер өткізуді одан әрі жандандыру, сондай-ақ ата-аналарға арналған кәсіптік бағдар беру бағытындағы семинарлар мен тренингтерді көбірек ұйымдастыру ұсынылды.

20-27.05.2026 жыл аралығында жүргізілген зерделеу нәтижесінде оқушыларға кәсіптік таңдау жасауда психологиялық қолдау көрсету және ата-аналарға баланың мамандық таңдауына ықпал ете отырып, дұрыс шешім қабылдауына бағыт-бағдар беру жұмыстарының қанағаттанарлық деңгейде ұйымдастырылғаны анықталды. Мектепте кәсіптік бағдар беру жұмыстары жүйелі жүргізіліп, оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауына, болашақ мамандықтарын саналы түрде таңдауына және ата-аналардың осы үдеріске белсенді қатысуына жағдай жасалған.

Ұсыныстар: Оқушылардың кәсіби қызығушылықтары мен қабілеттерін анықтауға бағытталған психологиялық диагностикалау жұмыстарын жүйелі түрде жалғастыру.

9-11 сынып оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру бағытындағы жеке және топтық консультациялардың санын арттыру. Жоғары оқу орындары, колледждер және түрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастырып, оқушылардың мамандықтар туралы ақпараттық танымын кеңейту.

Ата-аналарға арналған «Балаға мамандық таңдауда қалай қолдау көрсету керек?» тақырыбында семинарлар, тренингтер және дөңгелек үстелдер өткізу. Оқушылардың болашақ мамандығын таңдауда еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар туралы ақпараттық жұмыстарды күшейту. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын пән мұғалімдері, сынып жетекшілері және педагог-психологтың бірлескен әрекеті арқылы жүйелі жүргізу. Түлектердің кәсіби бағытын айқындауға көмектесетін кәсіптік сынамаларға, ашық есік күндеріне және кәсіби бағдарлау экскурсияларына қатысу мүмкіндігін арттыру. Мамандық таңдауда шешім қабылдауда қиындық көретін оқушылармен жеке жұмыс жоспарын құрып, тұрақты психологиялық қолдау көрсету.

13. ШЕШІМ ЕТТІ:

Scanned with CamScanner

13. Кәсіби бағдар беру жұмыстарының оң нәтижесі ескеріліп, жаңа оқу жылының I жартыжылдығында «Баланың мамандық таңдауы және болашағы» атты жалпы сыныптық ата-аналар форумы ұйымдастырылсын.

14.ТЫҢДАЛДЫ:

14. Балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құру туралы.

Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Т.А.Бустанова - баяндаманың мәтіні қоса беріліп отыр.

20-28.05.2026ж. аралығында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру іс-шара жоспарын құруын сапалы ұйымдастырылуы зерделенді. Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру - олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, қызығушылықтарын арттыруға, әлеуметтік белсенділігін қалыптастыруға және құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған маңызды тәрбие жұмысының бірі болып табылады. Осы бағыттағы жұмыстардың ұйымдастырылу жай-күйіне зерделеудің нәтижесі.

Іс-шара жоспарының құрылуы

Мектеп бойынша балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында жылдық тәрбие жоспарына сәйкес арнайы іс-шаралар жоспары құрылған. Жоспар оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жасақталған. Жоспарға енгізілген негізгі бағыттар:

- спорттық-сауықтыру шаралары;
- шығармашылық байқаулар;
- зияткерлік ойындар;
- үйірме жұмыстары;
- мәдени-көпшілік іс-шаралар;
- патриоттық және экологиялық акциялар;
- дебат және көшбасшылық бағытындағы жұмыстар;
- ұлттық құндылықтарды насихаттау шаралары.

Мамыр айындағы бос уақытты тиімді ұйымдастыру жоспары

№	Іс-шара атауы	Мақсаты	Өткізу формасы	Қатысушы	Мерзімі	Жауапты
1	«Біз - салауатты өмірді қолдай мыз!» спорттық күні	Оқушыларды салауатты өмір салтына баулу	Спорттық жарыс	1-11 сынып	4 мамыр	Дене шынықтыру пәні мұғалімдері

Scanned with CamScanner

2	«Кітап - білім бұлағы» оқу сағаты	Кітап оқуға қызығушылықты арттыру	Кітап оқу сағаты	5-9 сынып	5 мамыр	Кітапханашы
3	«Отбасы - бақыт мекені» тренингі	Отбасылық құндылықтарды насихаттау	Тренинг	6-8 сынып	6 мамыр	Педагог-психолог
4	«Жас эколог» сенбілігі	Табиғатты қорғауға тәрбиелеу	Экологиялық акция	1-11 сынып	12 мамыр	Тәлімгер
5	«Туған елдің тірегіміз» патриоттық ән байқауы	Шығармашылық қабілеттерін дамыту	Байқау	2-7 сынып	15 мамыр	Музыка пәні мұғалімі
6	«Қауіпсіз жаз» ақпараттық сағаты	Жазғы демалыстағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіру	Түсіндірме жұмысы	1-11 сынып	18 мамыр	Сынып жетекшілер
7	«Ұлттық ойын - ұрпақ мұрасы»	Ұлттық құндылықтарды дәріптеу	Ұлттық ойындар сайысы	5-10 сынып	18 мамыр	Дене шынықтыру мұғалімдері
8	«Жақсылық жаса!» қайырымдылық акциясы	Мейірімділікке тәрбиелеу	Акция	7-11 сынып	20 мамыр	Өзін-өзі басқару ұйымы
9	«Заң мен тәртіп» мерекелік кеші. Мектеп бітірушілердің салтанатты кеші	Оқушылардың бос уақытын мәдени ұйымдастыру	Салтанатты шара	11-сынып	25 мамыр	ДТЖО, педагог-ұйымдастырушылар, сынып жетекшілер

Нәтижесінде:

Scanned with CamScanner

- Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру дағдылары қалыптасады;
- Қоғамдық белсенділігі артады;
- Салауатты өмір салты насихатталады;
- Шығармашылық және зияткерлік қабілеттері дамиды;
- Қауіпсіздік мәдениеті қалыптасады.

Сонымен қатар, кейбір сыныптарда оқушылардың үйірмелерге толық қамтылмауы, ата-аналармен байланыс жұмыстарының әлсіздігі және кей іс-шаралардың формалды өткізілуі байқалды. Жазғы демалыста оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру үшін олардың денсаулығын нығайтуға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстар жүргізіледі. Қазіргі таңда, аудандық отбасылық жобалар жүзеге асырылуда. «Отбасымен 10 мың қадам», «Kinotime» жобасы, «Жазғы кітап оқу марафоны» тәрізді жобаларға барлық білім алушылар белсене қатыса алады. Аталған жобалар негізінде, әрбір отбасы баласымен 10 мың қадам жүру - денсаулыққа пайдалы екенін ұғынады, кино көру арқылы рухани құндылықтары жетіледі. Кітап оқу нәтижесінде оқушылардың жазғы демалысын тиімді өткізуге мүмкіндіктері артады. Оқушылардың жазғы демалыстағы бос уақытын тиімді ұйымдастыру олардың денсаулығын сақтауға, шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға, әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Сондықтан әрбір іс-шара баланың қызығушылығы мен жас ерекшелігіне сәйкес жоспарланған.

Ұсыныстар

- Оқушылардың қызығушылығына сай жаңа үйірмелер ашу;
- Бос уақытты ұйымдастыруда интерактивті әдістерді көбейту;
- Ата-аналарды бірлескен іс-шараларға тарту;
- Үйірмелерге қатысу мониторингін тұрақты жүргізу;
- Үздік іс-шара тәжірибелерін тарату;
- Қауіпсіздік талаптарының сақталуын тұрақты бақылау.

14. ШЕШІМ ЕТТІ:

14. Балалардың демалыс пен бос уақытын тиімді ұйымдастырудың іс-шара жоспары бекітіліп, мектепішілік үйірмелер мен спорттық секциялардың жұмыс уақытын тиімді үйлестіру сынып жетекшілері мен жетекші мамандарға тапсырылсын.

Төраға **Ж.Бөкен**

Хатшы **А.Оразбаева**

Scanned with CamScanner